



EGEMEN QAZAQSTAN

8 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ №27 (30756)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту қажет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Халықтың табысын арттыру маңызды

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы былтыр атқарылған жұмыстарға баға беріп, жаңа Үкімет алдында тұрған мақсат-міндеттердің жүйесін айқындады. «Бүгін біз былтыр атқарылған жұмысты қорытындылаймыз. Сондай-ақ алдағы кезеңнің басты міндеттеріне тоқталуымыз керек. Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Алдыңғы Үкімет осы бағытта біраз жұмыс істеді. Кеше мен бұрынғы Премьер-министр Әлихан Смайыловқа алғысымды білдірдім. Бірақ қазір



Суретті түсіргендер – А.ДІСІСБЕКОВ, Е.ЖҰМАБЕК

жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Сондықтан Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізіміз керек. Яғни нақты жеке бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің ішкі жалпы өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да

қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге, шын мәнінде, сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек», деді Қ.Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгерту тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болғаны жөн. Мәселені жедел шешумен қатар,

экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды. «Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, әкімдіктерге де тиісті құзырет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетті. Мұндайды доғару керек. Мемлекеттік органдар арасында өзара келісу мен талқылау жұмысы аяқталғанша, кез келген бастаманың негізгі мән-маңызы да өзгеріп кетеді. Қазіргі

жағдайда экономикамыздың мейлінше еркін дамуына мән беріміз қажет. Елімізді дамудың жаңа белесіне шығарамыз десек, бұл жұмысты жедел және дәйекті түрде жүргізген жөн», деді Мемлекет басшысы.

Президент былтырғы Жолдауда жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыттары айқындалғанын атап өтті. Сондай-ақ қазіргі экономикалық ахуалға қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

«Бірінші, бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Кейінгі бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді.

Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешіледі.

Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалып, стратегиялық мақсаттар соның

көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек», деді Қ.Тоқаев. Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

«Алайда бизнес қауымдас­тығында бұл құжат, ең алдымен, салық мөлшерлемесін өсіруді көздейді деген пікір қалыптасып отыр. Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тартым­дылығына да кері әсер етуі мүмкін. Бұрынғы Үкімет Ұлттық қордан бөлінетін трансферттің орнына салықты көтеріп, қазынаға қосымша қаржы түсіреміз деген уәжді алға тартаған. Жаңа Салық кодексі әзірлеу барысына Мемлекет басшысы ретінде менің көңілім томайды», деді Қ.Тоқаев.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

2018 жылғы 21 қарашада Сингапурда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 7 ақпан
№ 60-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Б. Нұрпейісов туралы

Асат Болатұлы Нұрпейісов Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 7 ақпан
№ 474

Асат Болатұлы НҮРПЕЙІСОВ

Нұрпейісов Асат Болатұлы 1987 жылы Алматы қаласында туған. Прагадағы Нью-Йорк университетін, Лондондағы Еуропалық бизнес мектебін бітірген. Президенттік жастар кадр резервінің резервсі.

Еңбек жолын 2012 жылы коммерциялық ұйымдарда бастаған.

2015-2016 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаментінде басқарма басшысы болып жұмыс істеген. 2016-2017 жылдары «Бәйтерек» ҰБХ» акционерлік қоғамының Корпоративтік қаржы Департаментінің директоры болған. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің Жобалық басқару орталығы менгерушісінің орынбасары лауазымына тағайындалған. 2019-2022 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және Алматы қаласы әкімінің аппараттарын басқарған. 2023 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары.



ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Бақыт Үрістемұлы Әбілдинов Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының орынбасары лауазымына тағайындалды.

КӨКЕЙКЕСТІ

Ұялы байланыс ақысы аспандап тұр

Заманауи технология адам өмірінің ажырамас құралы ғана емес, мағынасына да айналып бара жатқандай. Бүгінде ұялы телефонсыз аттап баса алмайтын, жанында болмаса жарты ісің жүзеге аспай қалатын дәрежеге жеттік. Миллиондаған абоненттің аузын өзіне қаратқан ұялы байланыстың құны болса ешбір кідіріссіз, алаңсыз өсіп жатыр. «Аудағы қызмет» ақысының қалайша аспандай беретінін түсінбеген жұрт тарапынан шағымдар жиілеп кетті.

Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Елімізде 17,4 миллион абонент пайдаланатын мобильді интернет жаһандық желіге қол жеткізудің негізгі жолы болып отыр. Ал тіркелген сымды интернетті

тек 2,9 миллион адам қолданады. 2022 жылдың соңында республикада 25,1 млн ұялы байланыс абоненті тіркеліп, олардың саны 3,3%-ға артқан. Сондай-ақ Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2022 жылы телекоммуникация нарығының көлемі 1,1 трлн теңгеден асып, оның

алдындағы жылмен салыстырғанда 8%-ға ұлғайыпты. Оның қасында жергілікті телефон байланысы қызметтерінің нарығы тарылып жатыр. 2022 жылы ол 16,6%-ға, 29,1 млрд теңгеге дейін қысқарды. Ал интернет желісіне қол жеткізуді ұсыну бойынша нарық 15,4%-ға, 474,1 млрд теңгеге дейін өссе, ұялы байланыс 2,2%-ға, 250,6 млрд теңгеге дейін азайды. Тек 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында телекоммуникация нарығының айналымы 485,3 млрд теңгеден асып, бір жылда 9,1%-ға жетті.

(Соңы 8-бетте)

ТЫҢ ЗЕРТТЕУ

Ауыр дертке дауа дәрі

Отандық ғалым обырға қарсы дәрі ойлап тапқанын бұқаралық ақпарат құралдары сүйіншілеп жазды. Дегенмен дерт дикелеткен жандардың көкейінде сұрақ та, үміт пен күдік те көбейгендей. Санадағы сан сауалға жауап табу үшін ғалымның ғылыми жұмысымен арнайы барып таныстық. Үлкен істің анық-қанығына үңілдік.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жаңалық емес

Әлемде ғалымдардың беделі, рейтингі халықаралық «Scopus», «Web of science» секілді мойындалған базалардағы ғылыми журналдарда жарияланған мақалалары мен соған жасалған өзге зерттеушілердің сілтеме беруіне қарай өлшенеді. Бұл – негізінен теориялық ғылымның көрсеткіші. Мұндай көрсеткіште жоғары деңгейге жету маңызды. Өйткені кез келген жұмыстың негізі де,



Суретті түсіргендер: Еран Омар, -EQ

сүйенері де, іргетасы да іргелі ғылымнан, тыңғылықты зерттеуден басталады. Бірақ бұдан да маңыздысы ғылымның теория деңгейінде қалып қоймай, қолданбалы кезеңге өтіп, адамзаттың игілігіне қызмет етуінде болып тұр. Дәл осы екінші кезеңнің жұмысы қаншалықты қажетті іс болса, соншалықты қажыр-қайрат пен шыдамды қажет ететін шаруа. Ғылымның толассыз

жаңалықтарынан хабарсыз оқырманға ұғынықты болу үшін алыстан орағытып, ретімен түсіндіруге тырысқан әрекетіміздің бір дәлелі – кейіпкеріміз, белгілі биолог Дос Сарбасовтың еңбегі. Жоғарыда жазылған, көпшілік сүйіншілеген өнім де – осы ғалымның ойлап тапқаны.

(Соңы 10-бетте)



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Жұмыс тәсілін түбегейлі

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Салық саласы сапалы өзгеруге тиіс

Президент ұлттық экономиканы сапалы әрі қарқынды дамытудың маңызына тоқталып, оны терең түсіну қажетін де жеткізді. Сондықтан табыс пен мүлікке салық салудың жаңа жүйесі енгізілмесе, арнайы салық режимдері өзгертілмесе, бұл міндет орындалмайтынына екпін берді.

«Сондықтан Салық кодексі секілді стратегиялық маңызы бар құжатты әзірлеуге осы сала мамандарынан бөлек экономистер мен бизнес өкілдері жұмылдырылуы қажет. Әрине, бюджет қоржынын толтыру міндетін ұмытуға болмайды. Экономика неғұрлым қуатты болса, соғұрлым көп салық түседі деген қағидатты берік ұстану керек. Салықты жайдан-жай қобейте салуға болмайды. Ең алдымен, салық салу жүйесін реттеп, оны жетілдіру қажет. Сондай-ақ көлемді экономиканы барынша азайту керек. Яғни салық жүйесін басқару жұмысы дұрыс жолға қойылмаса, ең озық деген салық саясатының өзі тиімсіз болып шығады.

Үкімет салық жеңілдіктерін берудің ашық әрі нақты ережелерін әзірлеуге тиіс. Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша жеңілдік берудің салдарынан жыл сайын бюджетке орташа есеппен 7 триллионға жуық теңге кем түседі. Мен салық жеңілдіктерін 20 пайызға азайту туралы тапсырма бердім. Бірақ, әлі күнге дейін орындалған жоқ, тіпті, мәселені шешу жолдары да әзір емес», деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент микро және шағын кәсіпкерлік үшін еңбекақы төлеу қорынан бір реттік төлем жасауды енгізу ісі де аяқсыз қалғанына тоқталды. Бұл норманың енгізілгеніне бір жылдан асты. Уәкілетті органдар жұмыстың табысты атқарылғаны туралы есеп берді. Ал бизнес өкілдері бұрынғысынша салық пен жарнаны бюджеттік емес қорларға жеке-жеке төлеуді жалғастырып жатыр.

«Бір жағынан, орта бизнеске нақты қолдау көрсету мәселесіне айрықша мән беру керек. Мысалы, көп жағдайда бизнесті қолдан ұсақтап жатады. Кәсіпкерлерді тиісті санатқа бөлу әдістемесі дұрыс жолға қойылмаған. Мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде орта бизнеске басымдық берілуі керек. Осы мәселелерді міндетті түрде шешу қажет. Бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту керек, соның ішінде реттеу қағидатын қолдану арқылы ықпал етуді доғарған жөн. Токетерін айтсақ, осы салаға сапалы өзгеріс жасау керек.

Тағы бір мәселе. Салық жүйесін толық цифрландыру қажет. Бұл сала цифрлық тәсілдерді, әсіресе жасанды интеллектті қолдану жағынан ең алдыңғы шепте болуға тиіс. Қысқасы, атқаратын жұмыс ауқымды. Мемлекеттік кірістер комитетінде 2000-2014 жылдары іске қосылған 14 ақпараттық жүйе бар. Олардың көбі кеңінен қолданылмайды. 2021 жылы бұл жүйелердің бірі халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен 12 жыл бойы жасалған жаңа жүйелермен



алмастырылуы керек еді. Бірақ қаражат игерілгеніне қарамастан, еш нәтиже жоқ. Саланың барлық ақпараттық жүйесіне тәуелсіз IT-аудит жүргізуді тапсырамын. Жаңа Салық кодексі әзірлеумен қатар Мемлекеттік кірістер комитетінің жаңа ақпараттық архитектурасын қалыптастыру қажет», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, салық және бюджет саласына түбегейлі реформа қажет. Соның арқасында мемлекет пен бизнестің арасында жаңа қоғамдық шарт жасалмақ. Осылайша, ұлттық табысты әділ бөлудің парасатын жолы қалыптасады. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған негізгі басымдық болмақ.

«Екінші, жаңа инвестициялық кезеңді бастау керек. Өндіру саласындағы жобалардан түскен пайда қайтадан инвестиция ретінде экономикаға салынып жатыр. Тікелей шетел инвестициясы, негізінен, осы қаражаттың есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып барады. Бұл күрделі жағдай деуге болады. Себебі экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан, алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

Сондықтан ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек.

Инвесторларға, мысалы, 50 миллион доллардан көп қаржы салуға дайын ірі компанияларға «бір терезе» қағидасымен

жан-жақты қолдау көрсеткен жөн. Сонымен қатар жобалардың іске асырылуын қадағалайтын тиімді мониторинг жүйесін іске қосу қажет. Мемлекеттік органдар пайдасы жоқ презентациялар мен іс-шаралар өткізумен әуестенбеуге тиіс. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, немесе қажет болған жағдайда Президентке есеп берілуі керек», деді Қ.Тоқаев.

Президенттің сөзіне сүйенсек, инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, әсіресе аймақтарда жиі болып тұрады. Өкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бұқандай әрекет жасамайды не болмаса инвесторды әуре-сарсаңға салады. Соның кесірінен кәсіпкер жобасын кейінге шегерді немесе біржола тоқтатуға мәжбүр болады.

«Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек. Жалпы, барлық мемлекеттік орган ел экономикасына мейлінше көбірек инвестиция тартуға баса мән беруге тиіс. Бұл – негізгі басымдық, олардың жұмысы да соған сәйкес бағалануы керек. Мәселе штат санын көбейтіп, жұмыс тобын құрып, жаңа тұжырымдама жазуда емес. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеу тәсілін өзгертетін нақты реформа. Соны дұрыс түсіну қажет. Біз жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысын қорытындылаймын. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға береміз. Талап қатаң болады.

Елімізге ауқымды инвестиция тартудың тағы бір маңызды шарты – Ұлттық

инфрақұрылым жоспары. Бұл құжат сапалы әзірленуге тиіс. Ойға келгенін бәрін бір құжатқа жинақтап, сосын бюджеттен қаржы бөлінбеді деп сылтау айту – қолынан түк келмейтінін мойындау деген сөз. Үкіметке Инфрақұрылым жоспарын қайта қарауды тапсырамын. Негізгі басымдықтарды айқындап, стратегиялық маңызы бар жобаларға жеке инвестиция тарту мәселесін мұқият ойластыру керек. Тек аса қажет болған жағдайда ғана қаржылай қолдау шараларын қарастыру керек.

Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынымын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызды зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда өзге де құқық қорғау органдары жүргенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын», деді Қ.Тоқаев.

Президент басты міндет кәсіпкерлердің еркіндігін шектеу емес, керісінше, елімізде бизнеске және инвестицияға жайлы орта қалыптастыру екенін жеткізді. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жокқа шығаруына жол берілмейді.

Құрылыс жүйесіндегі реформа

«Үшінші, мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау қажет. Бұл жұмыс инвестиция

тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс. Қазір Мәжілісте мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасы қаралып жатыр. Бұл құжатты пысықтап, жетілдіру қажет. Парламент депутаттарынан осыған ерекше мән беруді сұраймын. Ең алдымен, аудиторлардың қызметін реттеу керек.

Осы орайда өркімнің заң нормаларын өз қалауына қарай икемдеп, түсіндіруіне жол беруге болмайды. Бұл – тауар, жұмыс және қызмет ұсынушыларға қойылатын талаптарға да қатысты мәселе. Олардың белгіленген мерзімді бұзғаны және жұмысты сапасыз орындағаны үшін жауапкершілігін күшейту қажет. Мұның, әсіресе құрылыс саласы үшін маңызы зор. Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң ЕРС шарттарын қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беруге тиіс. Бұл ретте ЕРС шарттарын жасауға дайындық шараларының мерзімі қысқа болуға тиіс. Сонда әкімдіктер басымдық берілген әрі шұғыл жүзеге асырылуға тиіс жобаларды тездетеді.

Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін дамыту үшін біраз шаруа атқарылды. Бірақ нәтижесі әлі де мардымсыз. Қазір мұндай жобалар негізінен әлеуметтік салаға енгізіліп жатыр. Бұл саладан көп табыс түспейтіні белгілі. Ашығын айтқанда, біз нысандардың құрылысына бөліп төлеу арқылы қаржы құйып отырмыз. Мемлекет үшін мұндай тәсіл, әрине, тиімсіз.

Жалпы, осы саладағы нормалар мен рәсімдер жеке бизнеске салмақ салады не болмаса инвесторға өте тиімді болғанымен, мемлекетке пайда әкелмейді. Бір сөзбен айтқанда, теңгерімді, яғни балансты сақтау керек, мемлекет пен инвестордың мүддесі бірдей ескерілуі қажет.

Бірақ бізде мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жеке жобаларды бюджеттен

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

Экономикалық дамудың тың серпіні

Кеше Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында бытырғы жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңде әлеуметтік-экономикалық салада атқарылуға тиіс басты міндеттерді белгілеп берді.

Ең алдымен, еліміздің сапалы экономикалық дамуын және азаматтардың нақты табысының өсуін қамтамасыз ету қажет. Президентіміз атап өткендей, ол үшін мемлекеттік аппараттың жұмысы нақты нәтижеге бағытталуға тиіс. Сондай-ақ экономикада мұқият зерделенген, батыл әрекет керек.

Осыған орай Үкіметке бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру міндеті жүктеліп отыр. Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексі әзірлеу барысында инвесторларға және кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында теңгерім болу керектігін атап өтті.

Сондай-ақ Президент тиімді даму үшін экономиканы кешенді түрде ырықтандырудың маңызы зор екенін айтты. Мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамдан тыс араласуынан бас тарту

қажет. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды да жою қажет.

Мемлекет басшысы агро-өнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану мәселесіне де баса мән берді. Алдағы уақытта ауыл шаруашылығын қаржыландыру дәйекті түрде артады. Жерді барынша тиімді пайдаланып, заманауи агротехнологияларды енгіземін деген шаруаларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бұл ретте үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу басты міндет екенін атап өткен жөн.

Аграрлық сала үшін су аса маңызды ресурс екені белгілі. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде су тапшылығы өте өзекті мәселе. Сондықтан су үнемдеу технологиясын енгізу

және суды көп қажет ететін дақылдарды азайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл ретте шет мемлекеттердің озық тәжірибелерін зерделеп, елімізде суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру жолында іргелі істерді қолға алу қажет екені айтылды.

Сонымен қатар Президент инфрақұрылымды дамыту саласында шұғыл шаралар қабылдау керектігіне назар аударды. Бұл бағытта Үкіметтің алдында, бірінші кезекте, бұған дейін басталған жылу орталықтарын жаңғырту жұмыстарын аяқтау және қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Елімізде республикалық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарын аяқтау және теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу де ерекше мәнге ие. Мұндай кешенді қадам Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық хабына айналдыруға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев маңызды бағыттардың бірі саналатын әлеуметтік саланы реформалауға да айрықша тоқталды. Қазіргі

таңда республикалық бюджеттің жартысына жуығы аталған салаға бөлініп жатыр. Сондықтан мемлекет қаражатын жұмсаудың тиімділігі ерекше бақылауда болуы керек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің жұмысын бақылау, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру жөнінде де нақты тапсырмалар берілді.

Кеңейтілген отырыста Президент мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалауға арналған маңызды заңдар қабылдау керектігін де атап өтті. Сенат депутаттары бұл бағыттағы тиісті заң жобаларын пысықтауға және Қала құрылысы кодексі әзірлеуге белсенді қатысады.

Бүгінгі Сенат Үкіметпен конструктивті өзара іс-қимылды әрі қарай жалғастырып, Президент жүктеген міндеттердің орындалуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін тиісті жұмысты сапалы әрі уақтылы атқаратын болады.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат төрағасы

Бірінші байлық – денсаулық

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент аса өзекті мәселеге айрықша тоқталып, еліміздің барлық азаматына бірдей жағдай жасап, шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беру – әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті екенін атап көрсетті.

Қазір мемлекет бюджетінің жартысынан көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатыр. Кейінгі жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылды. Әлеуметтік сала мамандарының, әсіресе педагогтер мен медицина қызметкерлерінің беделін арттыруға баса мән берілді. Енді азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту қажет. Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына қатысты мәселе болып жатыр.

Халықтың денсаулығы – ең маңызды мәселе. «Бірінші байлық – денсаулық» деп халқымыз текке айтпаған. Осы тұрғыдан алғанда саланы жедел жақсарту қажет екендігін ел-жұрт көріп те, біліп те отыр. Мемлекет басшысы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды.

Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Быыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес», деп орынды сын айтты.

Сонымен қатар көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалатынын, салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келетінін атап өтті. «Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс», деді Президент. Мемлекет басшысы өзекті мәселелерді атап көрсетіп, әрқайсысына қатысты өз ұсынысы мен пайымын ортаға салды.

Нұрғөре ЖҮСП,
Сенат депутаты

Өзгерту қажет

астыртын қаржыландыратын тәсілге айналып кетті. Мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жүйесін қайта құруға қатысты жұмыс баяу жүріп жатыр. Әзірге нақты нәтиже жоқ. Үкімет осы мәселені ретке келтіру қажет. Ешқандай жаңалық ойлап табудың қажеті жоқ. Оған әлемдегі озық тәжірибені пайдаланып, уақыт тезінен өткен тәсілдерді ұсына алатын халықаралық ұйымдарды тартқан жөн. Бұл мәселені шұғыл шешу керек», деді Қ.Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы елімізді экономикалық-әлеуметтік дамыту ісінде маңызды рөл атқаратын құрылыс саласының тиімсіз басқарылуы өте өзекті мәселе болып тұрғанын атап өтті. Мысалы, жобалардың құнын сметалық есептер арқылы анықтау әдістемесі әлемдік стандарттарға сай емес.

«Инвесторлар уақытын, қаражатын және жұмысқа деген құлшынысын жоғалтып, ақыры құрылысқа рұқсат беретін құжаттар көп талап етілмейтін елдерге кетіп қалады. Үкімет халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, инвесторлар үшін жобалық-сметалық құжаттарды бекіту тәртібін барынша жеңілдету керек. Өздеріңізге мәлім, мен осыдан бір жарым жыл бұрын әлемдегі озық тәжірибеге сай келетін Қала құрылысы туралы кодекс әзірлеуді тапсырдым. Бірақ менің атыма бірқатар сарапшы мен кәсіпкерден өтініштер келіп жатыр. Олардың айтып жатқан шағымдары мынадай: қазіргі кодекстің жобасы қойылған талапқа сай келмейді, бұрыннан бар нормалар ұсынылған, жаңа тәсілдер мен шешімдер жоқ. Сондықтан, кодекстің жобасын қайтадан мұқият қарап, жетілдіру қажет.

Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек. Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлесіпін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек», деді Қ.Тоқаев.

Президент атап көрсеткен келесі өзекті мәселе – сыбайлас жемқорлық. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – құрылыс саласына ғана емес, жалпы экономиканы дамытуға тосқауыл болатын фактор.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай күресу қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағытта біраз жұмыс істелді, нәтиже де бар. Бірақ солай екен деп, босансау болмайды. Жұмысты жалғастыру қажет. Әсіресе цифрландыруды белсенді түрде қолдану керек. Қазір құрылыс саласында бірнеше ақпараттық жүйе бар. Осындай тәсілдер арқылы бөлінген қаражаттың мақсатқа



Суретші: А.Ж.ЖАҚЫПОВ

сай жұмсалуды қамтамасыз ету қажет, яғни барынша ашық және қатаң бақылау болуға тиіс. Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі қаржының ұрлануы, ең алдымен, құрылыстың сапасына әсер етеді және бюджетке қосымша салмақ салады. Ақшаға цифрлық теңге арқылы ең салу және оны қадағалау, басқаша айтқанда, «ақшаны бояу» бюджет қаражатының жұмсалуды бақылайтын өте маңызды тетік болуы мүмкін», деді Қ.Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент цифрлық валютаны қолдануға қатысты қанағаттық жобалар тиімді жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, осындай жобалардың ауқымын кеңейтуді, оның ішінде құрылыс саласына барынша енгізуді тапсырды.

Өндіріске тың серпін беру керек

«Төртінші, экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге тым араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа. Мысалы, отын-энергетика нарығындағы бағаны шектен тыс реттеу мұнай өндірісін төмендетіп, өнім тапшылығын туындатты. Үкімет бұл жағдайдан тиісті қорытынды жасады, ахуал біртіндеп түзеліп жатыр.

Сонымен бірге, ұялы байланыс нарығында олықылықтар көп. Қызмет сапасын әлі де жақсарту тусу керек. Мемлекеттің үлесін біртіндеп азайтып, басы артық шектеу және реттеу шараларын алып тастау қажет. Бұлар – экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлу, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жою қажет.

Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша еркін дамуына жол ашылады. Бұл мәселе

бойынша көптеген жоспар жасалды, дегенмен, «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып тұр. Себебі бұл жоспардың бәрі құр тізім ретінде әзірленді. Онда мүлікті иеліктен шығару қажеттігіне талдау жасалған жоқ, жекешелендірудің нақты шарттары да анықталмаған.

Жекешелендірілетін кәсіпорындар туралы ақпарат қолжетімді емес. Жекешелендіру тәсілін таңдау тәртібі де толық реттелмеген. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық қауіпін туындатады. Үкіметке мемлекеттік меншік тізілімін қайта қарауды және жекешелендіру үдерісін әдіс-тәсілін нақтылауды тапсырамын», деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлттық компанияларды IPO-ға шығару мәселесін қайта қарауды өте маңызды екенін жеткізді. Бұл істе негізгі мақсат – мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыру. Осы орайда, корпоративтік басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін енгізуге тоқталды. Сол арқылы компаниялардың барынша ашық қызмет етуін қамтамасыз етуге болады. Үкіметке алдағы екі жылда акцияларының едәуір бөлігі IPO-ға шығарылатын ірі нысандардың нақты тізімін жасауды тапсырды.

«Тағы бір маңызды мәселе. Квзимемлекеттік секторда ауқымды реформа жасау қажет. Қай жерде мемлекеттің үлесі сақталуы керек, қай тұста бәсекені дамыту қажет деген мәселені біржола шешіп алған жөн. Әсіресе «Самұрық-Қазына» қорына кіретін компанияларда мемлекеттің үлесі басым. Сондықтан, жұмысты солардан бастау керек. Қорды түбегейлі сауықтыру үшін жүйелі әрі тын шаралар қажет. Негізгі мақсат – инвесторлармен бірлесіп отырып, ірі жобаларды кеңінен жүзеге асыру арқылы Қордың экономикалық құнын арттыру. Үкіметке бір ай ішінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесіп отырып,

Экономиканы ырықтандыру (либерализация) туралы Жарлықты әзірлеуді тапсырамын. Құжатта үш бағытқа баса мән берілуі керек: нарықтағы бәсекені арттыру, жекешелендіруді тиімді жүргізу және квазимемлекеттік секторды реформалау мәселелері.

«Бесінші, еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беру қажет. Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес.

Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар, дегенмен, бұл жұмыс та толық аяқталмаған. Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Өзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ. Көптеген жобаны қаржыландыру көздері айқындалған жоқ. Мемлекет болашақта еліміздің экономикалық өркендеуіне негіз болатын ауқымды әрі инновациялық жобаларды бірінші кезекте қолдауы қажет. Осы тұста, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртумен қатар, еліміз үшін мүлде жаңа өндіріс орындарын ашуға баса мән беру керек», деді Президент.

Қ.Тоқаев Үкіметтің халықаралық қаржы институттарымен, трансұлттық корпорациялармен және отандық кәсіпкерлермен арадағы сындарлы диалогті нығайта түсуінің маңызын баяндады. Президенттің айтуынша, еліміздің болашақтағы индустриялық келбеті қандай болады, қандай кәсіпорындар маңызды рөл атқарады деген сауалдарға жауап болуға тиіс. Яғни уақыттың талабына сай белсенді жұмыс істеу керек.

«Келесі маңызды міндет бұл – қазіргі өндіріс орындарын түбегейлі жаңғырту мәселесі. Бұл жұмысты, ең алдымен, әбден тозған металлургия комбинаттарынан бастау керек. Өйткені ондағы жағдай өте нашар деуге болады. Себебі – бәрімізге белгілі. Өндірісті дамытуға және жаңғыртуға қажетті инвестиция салынбайды. Соның салдарынан дайын өнімнің қосылған құны төмендейді, сапалы жұмыс орындары азаяды.

Бұдан бөлек, өндірістің техникалық жағдайына да қатаң бақылау жасап отыру қажет. Кейбір инвестор тапқан табысын тек қалтаға басқанды жөн көреді. Еңбек қауіпсіздігі, экология, өндірісті жаңғырту сияқты маңызды мәселелерге мүлде назар аударылмайды. Мұндай жағдайға бәріміз куә болдық. Сондықтан менің тапсырмаммен Қарағанды комбинаты ұлттық инвесторға берілді. Оған берілуінің басты себебі – инвестордың кәсіпорынды кешенді түрде жаңғыртып деген ниетінің болуы. Өндірістің жұмысын тоқтатпау және апатты жағдайға жол бермеу үшін кен орнын дереу қалпына келтіру, өндірістік қауіпсіздікті күшейту, материалдық-техникалық базаны жаңарту керек.

Сондай-ақ жаңа өндірістер ашып, қосылған құны жоғары тауарлар шығару үшін ауқымды инвестиция тартқан жөн. Жоғары технологиямен сапалы құрыш құю тәсілін меңгеру керек. Мұндай өнімдер көлік жасау өнеркәсібіне және басқа да салаларға қажет. Алдағы бес жылда кәсіпорын өндіріс қарқынын барынша арттырып, ТМД-да көш бастап тұрған металлургия комбинаттарының қатарына қайта қосылуы керек», деді Қ.Тоқаев.

Жаңа бағытты игеру қағидаты

Келесі маңызды міндет – индустрия саласында мықты орта кәсіпкерлікті қалыптастыру. Мемлекет басшысы осы мәселені бірнеше рет көтергеніне назар аударды. Алайда әлі күнге дейін жүйелі жұмыс жоспары жасалған жоқ. Қандай басымдықтар болуы керек, кәсіпкерлерге қандай қолдау көрсетіледі деген сұрақтардың жауабы әзірге белгісіз.

«Жалпы, елімізде заманға сай жаңа өндірістер ашуға мүмкіндік жетеді. Мысалы, ірі мұнай-газ және тау-кен компаниялары жер қойнауын игеру кезінде озық технологияны пайдалана отырып, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертуге тиіс. Елімізде жол және құрылыс техникасын, энергетика саласына, суару жүйесіне қажетті құрал-жабдықтар мен басқа да көптеген дайын өнім шығаруға болады. Мұндай өндірістерді қазірден бастап қолға алмасак, құрал-жабдық импорттың толық тәуелді болып қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан индустриялық саясат инфрақұрылымды жаңғырту және минералды-шикізат кешенін дамыту жоспарына сай жүргізілуі өте маңызды. Осы орайда, еліміз машина жасау саласында біршама табысқа жетті.

(Соңы 4-5-беттерде)

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

Сапа мен нәтиженің басымдығы

Мемлекет басшысы әлемдегі күрделі жағдайды еске салды. Ырғалып-жырғалып жүретін кезең емес, ширақ қимылдап, шұғыл шешім қабылдап, нәтижеге жұмыс істейтін уақыт келгенін баса айтты.

«Бүгінде бүкіл әлем мемлекеттердің алдағы ұзақ жылға даму векторын айқындайтын өте күрделі тарихи кезеңді бастан өткеріп жатыр. Біз уақыт көшіне ілесуіміз керек – тез әрі батыл. Уақытты бос сөзбен өткізбей, нақты істерді қолға алып, саяси жауапкершілік танытуымыз керек», деді Президент.

Министрлер мен әкімдердің нақты нәтиже көрсету мерзімі де белгіленсе керек. Одан кейін ұйымдық қорытындылар және тиісті кадрлық шешімдер қабылданауы мүмкін. Тығыз және нақты мерзімдер – мемлекеттік аппаратты кәсібилендірудің алғашқы қадамы. «Елдің мекендердегі тіршілікті қамтамасыз етудің барлық жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі функцияларының бірі. Дегенмен, әр жылғытау маусымы бір мәселенің

бетін ашады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік органдар саланы қазіргі жағдайға жеткізген жүйелі қателер мен олықылықтардан сабақ алмағанын да ашық сынға алды. «Он жылдан астам уақыт Екібастұз ГРЭС-1 энергия блогін қалпына келтіре алмадық. Екібастұз ГРЭС-2-де кеңейту және қайта құру жобасын уақтылы жүзеге асыруға қатысты мәселелер бар. Үкіметтің басым міндеті – биыл қызыл тәуекел аймағында орналасқан 19 жылу көзін жаңғыртуды аяқтау. Сондай-ақ 700 мегаваттан астам қосымша генерацияны енгізуді қамтамасыз ету қажет. Енді кейінге қалдыруға болмайды», деп тапсырды Мемлекет басшысы.

Тұтастай алғанда, Президент елімізде электр, жылу және суды өндіру және тасымалдау бойынша қуат тапшылығы байқалып

отырғанын мәлімдеді. Бұл – Балқаш ЖЭО құрылысын аяқтаудан бас тарту, табиғи монополиялар субъектілерінің жұмысында ашықтық, сондай-ақ тарифтерді жасанды түрде тежеу сияқты үлкенді-кішілі көптеген қате есептеудің салдары. Бізге бірнеше жүйелік элементті қамтитын саланы терең реформалау қажет.

Мемлекеттік қызметтердің тарифтеріне қатысты Қасым-Жомарт Тоқаев ресурстарды есепке алу және деректерді онлайн беру жүйесін енгізуді тапсырды. Оның айтуынша, тарифтердің көтерілуі тұтынушыларды мақсатты субсидиялаумен қатар жүруі керек. Бұл үдерісті барынша жеңілдету және автоматтандыру қажет. Үкімет елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымын қалпына келтіру және дамыту шаралары кешені әзірлеуге тиіс. Қалаларды абаттандыруға, олардың ластануымен күресуге әкімдер де белсене араласуы керек.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты

Цифрлану – озық елдің өлшемі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында цифрлық Қазақстан туралы жүйелі ой айтты. Ал цифрланудың басты мақсаты – бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Біз мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды, банк саласындағы жетістіктерімізді мақтан тұтамыз, шетелдіктерге банк картасын немесе жүргізуші куәлігін алудың қарапайымдылығымен мақтанамыз. Алайда көп салада толыққанды цифрлық трансформация жүргізілген жоқ.

Бюджеттік және фискалдық үдерістерді толығымен цифрландыру оларды барынша ашық, мейлінше бюрократиядан арылтуға жол ашады. Бюджет кодексінің жобасы және Салық кодексінің талқылау тәжірибесі үдерістерді толық цифрландыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, тендерлер өткізу кезінде заң бұзушылықтар, әділетсіз салық салу секілді

көптеген мәселені жоюға көмектесетінін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық, салынған инвестиция тиімділігінің төмендігі, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізе алмау, әсіресе цифрландыру деңгейі мардымсыз ауыл шаруашылығы, суды пайдалану және экология, энергетика салаларында жиі болатынын көріп отырмыз.

Президент ауыл шаруашылығын субсидиялауға бюджеттен қомақты қаражат бөлу жоспарланып отырғанын айтты. Дегенмен, бұл ақша қарабайыр субсидияларға, мысалы, жанармай сатып алуға емес, осы отынды үнемдеуге мүмкіндік беретін технологияларды енгізуді субсидиялауға жұмсалыуы керек. Министрлікке

отандық инновацияларды, жаңа, серпінді технологияларды енгізу үшін өз саласына субсидия бөлу мүмкіндігін беру қажет. Бұл экономикаға жаңа серпін беріп, елдегі ғылымды коммерцияландыру үдерістерін алға жылжытады.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент атап өткен міндеттерден экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау, экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдануға басымдық берілетінін аңғардық. Өйткені қарапайым халықтың табысын арттыру және ұлттық байлықты әділ бөлуге қол жеткізуге осы іс-шаралар арқылы жете аламыз. Бұл – экономикамызды жаңа деңгейге көтеріп, шикізат тәуелділігінен арылтатын маңызды құрал.

Еркін ӘБІЛ,
Мәжіліс депутаты



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ЖҰМЫС ТӘСІЛІН ТҮБЕГЕЙЛІ

(Соңы. Басы 1, 2-3-беттерде)

Енді автокөлік құрастырудың анағұрлым күрделі деңгейіне біртіндеп көшу керек. Елімізде өңдеу өнеркәсібінің басқа да болашағы зор салаларын дамытқан жөн. Сондай-ақ ішкі нарықтың суранысын толық өтегеннен кейін бизнесті экспортқа шығуға бағыттау қажет. Мұндай қадам кәсіпкерлеріміздің бәсекеге қабілеті жоғары екенін көрсететін болады. Нақты секторды ұзақ мерзімге арналған қаржымен қамтамасыз ету – өнеркәсіп саласын қарқынды дамытудың негізгі шарты. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін тиімді пайдалану – осы мәселені шешудің бір амалы. Бұл ретте әрине, міндетті түрде зейнетақы жинағының сақталуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан экономиканы әртараптандыруға және индустрияландыруға ықпал ететін жобаларды мұқият іріктеу қажет», деді Қ.Тоқаев.

Бұдан бөлек, экономикалық айналымға түсетін зейнетақы активтерін тек нарық талаптарына сай қолдану керекін атап өтті. Бұл мәселеде салымшылар алдындағы жауапкершілік өте жоғары. Қажет болса, Үкімет бірыңғай зейнетақы салымдары есебінен жүзеге асырылатын жобалардың пайыздық өсімін субсидиялауға тиіс.

«Осы маңызды жұмысқа квазимемлекеттік құрылымдар сияқты дедалдарды қолдан жасаудың қажеті жоқ. Мұндай жағдай бұрын талай рет болған. Бұл іске тиісті сараптама жасай алатын және қажетті инфрақұрылымды бар екіінші деңгейдегі банктерді бекетті түрде тарту керек. Банктенді экономиканың нақты секторына қаржы құюға ынталандыру керек. Үкімет пен Ұлттық банк өзара тығыз ынтымақтасып, бұл жұмысты бірлесіп жүргізуге тиіс. Жалпы, Ұлттық банк инфляция үдерісі мен экономиканың өсімін бақылап отыруды көздейтін тиімді жалпымемлекеттік саясатты ұстануы керек.

Алтыншы мәселе. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды. Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн.

Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады», деді Президент.



Сондай-ақ Мемлекет басшысы министрліктермен бірге аграрлық сектордағы жаңа технологияларды енгізіп, жерді және басқа ресурстарды ұтымды пайдаланып, жеңілдіктер мен субсидиялардың тиімділігін арттыру қажет. Мұның бәрі түптеп келгенде, ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігін арттырады, яғни нақты нәтиже береді», деді Қ.Тоқаев.

«Мен былтырғы Жолдауымда осы салаға қатысты нақты тапсырма бердім. Үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу туралы міндет қойылды. Бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс істеліп жатқан жоқ. Қазіргі таңда тек шикізат өндірісіне сеніп отыруға болмайды. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеумен белсенді түрде айналысу керек. Үкімет осы мәселеге айрықша назар аударуға тиіс. Ауыл шаруашылығымен шұғылданам деушілердің санын мейлінше көбейту керек. Дақыл түрін көбейтіп, егіннің шығымын арттырып жатқан дикандарға жан-жақты қолдау көрсеткен жөн.

Сондай-ақ бірыңғай жер салығын қолдану мәселесін қайта қарастыру қажет. Себебі іс жүзіне келгенде, біраз түйткілдер бар. Негізгі талап – салық төлеуді жеңілдету ғана емес. Ең бастысы, шаруалар жерді тиімді пайдаланып, барынша мол өнім беруге ұмтылуы керек. Мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидасымен жүзеге асыру қажет, яғни салалық қаржы институттарының қызметін бір жерге біріктірген жөн. Аграрлық несие корпорациясының әлеуетін арттырып, оған әкімдіктердің ауыл шаруашылығын субсидиялау құзыретін беру қажет. Ол үшін агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне жеңілдетілген несие және субсидия беру қызметтерін бірыңғай цифрлық платформаға біріктіру керек.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешеніне ауқымды реформа жасалуға тиіс. Нақты айтқанда, жаңа технологияларды енгізіп, жерді және басқа ресурстарды ұтымды пайдаланып, жеңілдіктер мен субсидиялардың тиімділігін арттыру қажет. Мұның бәрі түптеп келгенде, ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігін арттырады, яғни нақты нәтиже береді», деді Қ.Тоқаев.

Су мәселесі қашан шешіледі?

Бұдан кейін Мемлекет басшысы су мәселесіне тоқталды. Судың қолжетімді болуы – агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор. Былтыр Жамбыл облысының дикандары су тапшылығынан қатты зардап шекті. Президент биыл да құрғақшылық болуы мүмкін екенін атап өтті.

«Арнайы құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігінің жұмысы өзінше ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Көрініс мемлекеттер су тапшылығын жою үшін нақты мақсат қойып, белсенді жұмыс істеп жатыр. Ал бізде болса, су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы тек жақында қабылданды. Бұл құжат тым ұзақ талқыланды. Ашығын айту керек, жағдай өте күрделі. Мысалы, еліміздегі суармалы жердің 13 пайызында ғана су үнемдеу технологиясы бар.

Әсіресе, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы жағдай мүшкіл, құрғақшылық қаупі аса жоғары. Соған қарамастан, осы аймақтарда тиісті жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Сондықтан суды көп қажет ететін дақылдарды азайтып, құрғақшылыққа төзімді дақылдарды көбейту керек, су үнемдейтін технологияны енгізу қажет. Ахуалды жақсарту үшін бағыт әрекет жасау керек.

Ең алдымен, су үнемдеу технологиясын кең ауқымда енгізген жөн. Шыны керек, біз

суды тым орынсыз жұмсаймыз. «Судың да сұрауы бар». Бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Көрініс мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, тиімді тұстарын алу қажет. Елді сумен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет, ұлттық қауіпсіздік мәселесі деуге болады. Өнеркәсіпте, агросекторда, коммуналдық шаруашылықта, жалпы, барлық салада суды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше мән беру қажет», деді Қ.Тоқаев.

Жетінші бағыт ретінде Президент коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті барлық жүйе үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету маңызды. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

«Алайда жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталану береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті. Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогін қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты (2012 жылдан бері). Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақтылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаватттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды.

Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес. Балқаш жылу электр орталығы құрылысының аяқталмай қалуы, табиғи монополия субъектілерінің ашық жұмыс істемеуі, сондай-ақ тарифтердің өсімін қолдан

тежу – осының бәрі кезінде жіберілген қателіктердің салдары. Салаға түбегейлі реформа жүргізілген жөн. Ол үшін жүйелі жұмыс атқару қажет.

Ең алдымен, тарифтер ұзақ мерзімге белгіленуі керек. Бұл межелі уақыт ішінде салынған инвестицияны ақтап, инфрақұрылым нысандарын тиісті қалыпта сақтауға мүмкіндік береді. Табиғи монополия субъектілеріне тарифті белгілі бір табыс нормасына сай есептеп, бекітуге рұқсат беру қажет. Тиімді бақылау жүргізу аса маңызды. Мұны осы саладағы бүкіл үдерісті толық цифрландыру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады», деді Қ.Тоқаев.

Президент ресурстарды есептеу және деректерді онлайн режимде беру жүйесін енгізудің маңызына тоқталды. Оның пайымдауынша, тарифтерді өсіру тұтынушыларға атаулы субсидия беру ісімен қатар жүруге тиіс. Бұл үдерісті барынша жеңілдетіп, автоматтандыруды, Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды.

«Сонымен қатар әкімдер қаланы абаттандыру жұмыстарын белсенді қолға алып, оның ластануына жол бермеуі қажет. Ең алдымен, ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу керек. Ол үшін инвестор тарту маңызды. Сондай-ақ көгалдандыру ісімен айналысу қажет. Қазір бұл жұмыс ойдағыдай жүргізілмей жатыр. Электр қуаты, жылу, су, жалпы тиімді коммуналдық шаруашылық – басты игілігіміз. Оның қолжетімді болуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Бұл – саладағы қордаланған барлық мәселені кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік беретін маңызды әрі кешенді реформа.

Сегізінші, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін белсенді жұмыс істеу қажет. Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық және транзиттік хабына айналдыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Осы міндетті іске асыру үшін Көлік министрлігі құрылды. Сондықтан министрлік осы саладағы өзекті мәселелер бойынша шұғыл және тиімді шешімдер қабылдауы керек. Нақты нәтиже күтеміз.

Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын Бағдарламалық құжатты қабылдау қажет. Мәселе аз емес. Атап айтқанда, вагондарды жаңарту жұмысын тездету керек. Контейнерлердің тапшылығын жою қажет. Магистралды желілерді кеңейтуге қатысты барлық жобаны жүзеге асыру қажет (2028 жылға қарай 1,3 мың шақырым). Жалпы, теміржол саласын қарқынды түрде цифрландыру керек. Бұл қадам оның тиімділігі мен өнімділігін едәуір арттыруға, бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді», деді Қ.Тоқаев.

Сағызша созылған жол құрылысы

Бұдан кейін Президент автожол мәселесіне тоқталды. Еліміз үшін айрықша

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

Ауыл шаруашылығы саласындағы ауқымды міндеттер

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында елімізде қордаланған мәселелерді шешу жолдарын атап көрсетті. Президент басымдық беріп, сөз еткен тақырыптар арасында отандық агроөнеркәсіп кешені мен су ресурстары саласы да бар.

«Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейлі банктерден қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады», деді Мемлекет басшысы.

Бұны ауыл шаруашылығы саласына үлкен қолдау деп білемін. Сонымен бірге, Президент салаға

мемлекеттік қолдауды «бір терезе» қағидасы арқылы жүзеге асырып, профилдік қаржы институттарының қызметтерін біріктіру қажеттігін айтты. Сол мақсатта жеңілдікпен несиелендіру мен субсидиялауды бір цифрлық платформаның шеңберінде біріктіру қажет екендігін атап өтті. Бұл ұсыныс бүгінде өте өзекті және «Ауыл» партиясы көптен бері көтеріп жүрген «Агробанк» құру жөніндегі мәселені үндес.

Бүгінде елімізде агроөнеркәсіп кешенін «Бәйтерек» холдингінің еншілес құрылымдары «Аграрлық несие корпорациясы» мен «ҚазАгроКаржы» қаржыландырады. Шаруалар көбіне осы ұйымдар арасында сабылып, көктемгі егін және күзгі жиын кезіндегі алтын уақыттарын қаржыландыру мәселесін шешу

үшін сарп етеді. Ал осы мәселелерді шешуде «Агробанк» сынды бір ғана мекеменің төңірегіне шоғырландырылса, Президент айтқан «бір терезе» қағидаты онтайлы жүзеге асқан болар еді. Біз «Ауыл» партиясы «Агробанк» құру бойынша ұстанымдымызды бұған дейінгі Үкіметке ашық жеткізген болатынбыз. Жана Үкіметке де ұсынатын боламыз. Бұл – тек біздің ғана саяси амбициямыз емес, мыңдаған фермердің тілегі.

«Ауыл» партиясының негізгі мақсат-міндеті – ауыл шаруашылығы мен ауылдық елді мекендерді дамытуға бағытталған. Сондықтан да Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойған тапсырмаларын толық қолдайды. Өйткені Президенттің жаңа Үкіметке белгілеп берген бағыты айқын, бағдарлы нұсқа, талап-тапсырмалары да нақты болып отыр.

Серік ЕГІЗБАЕВ,
«Ауыл» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты, партия фракциясының жетекшісі

Көлеңкелі экономикамен күресті күшейткен жөн

Елімізде шешімін күтіп, қордаланып қалған мәселе көп. Олардың кейбірі тіпті мемлекеттің дамуына кедергі келтіре бастағаны сезіліп жатыр.

44 жастағы Премьер-министр Олжас Бектенов бұл мәселені шеше ала ма деген алаң көңіл бар. Мен саясаттанушы ретінде мәселе жаста емес, табандылықта дер едім. Тарихқа көз салсақ, Тұрар Рысқұлов жиырмадан асқан шағында Мәскеуде Халық комиссариаты төрағасының орынбасары болды.

Көп нәрсе Премьер-министрдің ғана емес, Үкімет құрамының табандылығына да байланысты. Қай жерге қарасаң да проблемалар бар.

Тіпті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шенеуніктерде бастама жетіспейтінін, жауапкершілікті өз мойнына алып, шешім қабылдаудан қорқатынын айтты. Алда шешімін күтіп тұрған мәселе көп. Президент сөзден іске көшу керектігін бұл жолы тағы да ескертті. Ал мен кәсіпкер ретінде Үкімет

құрамындағы өзгерістерге назар аудардым. Қаржы және Ұлттық экономика министрлігі басына бұрын осы саладан өткен, тәжірибе жинаған білікті мамандар келді. Билік пен қоғам арасында сындарды сұхбат болған кезде ғана қоғам алға жылжиды. Дәл қазір салық денгейіне қатысты өзгерістерге көңілі толмайтындар көп. Бұл мәселе жаңа Үкімет құрамында оң шешімін табады деп үміттенемін. Себебі елдің қазынасын тек салықпен емес, басқа жолдармен де толтыруға болады. Заң түзуленсе, нарық делдалдардан таза болады, бизнес өседі, қанатын жаяды, кеңейеді. Біз бюджет түсімін салықпен емес, ШОБ қатарын көбейту арқылы арттыруға да басымдық беруіміз керек.

Мемлекет басшысы көлеңкелі экономиканы азайту жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс істеуіміз керектігін, егер дұрыс

басқару құрылмаса, ең озық салық саясаты да тиімсіз болатынын айтты. Бизнес сегментінде көштің бағыты түзу болса, көлеңкелі экономиканың да үлесі азаяды.

Үкімет басына келген Премьер-министр Олжас Бектеновтің негізгі міндеттері барлық министрлік пен мемлекеттік органның қызметіне қатаң бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысын күшейту, ірі бизнестің өзара әрекеттесуімен байланысты болады деп ойлаймын.

Экономикалық үдерістерді басқару реформаларын барынша жауап беретін вице-премьерлер институтын қалыптастыратын кез келді деп санаймын. Осы институтқа мемлекеттік бағдарламаларға бөлінген қаржы емес, түрлі жобаларға бөлінген қаржыны бақылау құзыреті берілуі керек.

Махамбет АСАБАЕВ,
кәсіпкер
АЛМАТЫ

Өзгерту қажет

маңызды «Астана-Балқаш-Алматы» тасжолы әлі күнге дейін жөнделіп бітпегенін атап өтті. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау-Астрахань», «Ақтөбе-Қандыағаш», «Талдықорған-Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына да 5 жылдан асты.

«Биыл осы жұмыстар біржолға аяқталуға тиіс. Бұл жерде бірнеше мәселені ескеру қажет. Қалыптасқан тәжірибеге қарасақ, республикалық маңызы бар жолдардың тендерін көп жағдайда тек шетел компаниялары ұтып алады. Мұндай жобаларға қолынан іс келетін, тиісті техникамен жабдықталған өз кәсіпорындарымызды тарту керек. Сонымен қатар жол құрылысына қажетті техниканы елімізде шығару жолдарын дамытып, өзіміздің дайын өнімді пайдалану керек. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Өзірге жағдай мез емес.

Тоғызыншы, экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды. Біз мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткіздік. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қолма-қол ақшасыз төлем үлесі 88 пайызға жетті. 2020 жылға дейін бұл көрсеткіш 50 пайыздан аспаған еді. Небәрі төрт жылдың ішінде Қазақстанда қаржы технологиясы қарқынды дамыды. Бұл жетістік экономиканың басқа салаларына да үлгі болуға тиіс. Оларды да цифрландыру ісін қолға алатын кез келді.

Әр министрлікте өз саласына цифрлық өзгеріс жасау картасы болуы қажет (Сингапур тәжірибесі бойынша). Мұндай картада министрліктерге қарасты салаларға алдағы бес жыл ішінде қандай технологияның жаппай енгізілетіні туралы көзқарас толық көрініс табуға тиіс», деді Қ.Тоқаев.

Келесі кезекте жасанды интеллекттің дамытуға баса назар аудару қажетіне екіпін берді. Сарапшылардың бағалауына, 2026 жылға қарай әлемдегі кәсіпорындардың 80 пайыздан астамы жасанды интеллект құралдарын қолданады (бүгінде бұл көрсеткіш 5 пайызға да жетпейді).

«Медицина, білім беру, креативті индустрия салаларында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Біз бұған қазірдің өзінде куә болып отырмыз. Нақты айтқанда, жасанды интеллект арқылы біз экономикамызды қарқынды түрде дамытамыз, сондай-ақ елімізде ең үздік инновацияларды қолданамыз. Ол үшін жұмысты түбірінен бастауымыз керек, яғни институционалдық орта қалыптастыру керек.

Жасанды интеллекттің негізгі арқауы – мәліметтер, деректер. Алайда бұл жерде мәселенің екі жағы бар екенін ескеру қажет, бір жағынан, мәліметтер көпке қолжетімді болуы керек, екінші жағынан, қауіпсіздік, жеке мәліметтерге қол сұқпау, мәліметтердің сапалы болуын қамтамасыз ету мәселесі бар. Үкімет 87 мемлекеттік мәліметтер базасынан



Суреттер мұрағаты – А. ЛУКШИНА, Е. ЖУБАН

құралатын деректер қалыптастырды. Алайда жасанды интеллекттің озық үлгілерін жасау үшін мұның өзі аздық етеді. Сондықтан мемлекеттік және коммерциялық сектордағы неси нақтыланбаған деректерді жинақтап берген жөн.

Сондай-ақ деректерді басқару жүйесінің бірыңғай архитектурасын енгізген дұрыс. Біз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кірістік. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады. Бұл кадам «ауқымды деректерді» кеңінен қолдануға тың серпін беретініне сенімдімін. Кейінгі жылдары ғылым саласына бөлінетін қаржы айтарлықтай көбейді. Соның арқасында министрліктер зерттеу институттарымен бірлесіп отырып, жасанды интеллектті өз саласында қолдануға мүмкіндік беретін жобаларды ұсына алады. Әрине, ең алдымен, білікті кадрлар қажет. Үкімет осы сала бойынша озық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тиіс», деді Қ.Тоқаев.

Бұдан бөлек, шетелдің белгілі мамандарын тарту үшін «Digital Nomad Residency» арнайы бағдарламасын іске қосуды тапсырды. Елімізді әлемдегі «цифрлық көшпенділердің ордасына» айналдырудың маңызына тоқталды. Осылайша, Қазақстан заманғы ағымынан қалмауы керек. Цифрлық технологияны неғұрлым жедел әрі тиімді пайдаланса, еліміздің даму қарқыны да соғұрлым табысты болмақ.

Әлеуметтік жағдай жақсаруға тиіс

«Оныншы, әлеуметтік салаға айрықша назар аударған жөн. Реформа жүргізілген кезде әлеуметтік қолмақимге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет. Яғни бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек. Қазіргі таңда төрт жарым миллионға жуық адам

мемлекеттен әлеуметтік көмек алады. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар.

Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп, біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік. Өркениетті ел боламыз десек, мұндай жағымсыз үдеріске тосқауыл қоюымыз керек. Тұратын үйі, тіпті, астында қымбат көлігі бар азаматтарға емес, көмекке зәру адамдарға көмек берілуі қажет. Жалпы, азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін қайта қараған жөн. Себебі мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететін адамдар бар. Әлеуметтік көмекті кімге беру қажеттігі адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуға тиіс. Бұл мәселеде бір нақты шешім қабылдау қажет.

Азаматтарды еңбекпен қамту – халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың маңызды бағыты. Қазір Еңбекпен қамту орталықтары жаңғыртылып жатыр. Осы жұмысты уақтылы аяқтау қажет. Оларға нақты нәтижесіне қарай, яғни жұмысқа орналасқан адам санына байланысты ақы төлеген жөн. Үкімет барлық амал-тәсілді зерделеп, халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа кешенді үлгісін ұсынуы керек», деді Қ.Тоқаев.

Президенттің айтуынша, еліміздің барлық азаматына бірдей жағдай жасап, шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беру – әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті. Қазір мемлекет бюджетінің жұмасынан көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатыр. Кейінгі жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылды.

«Әлеуметтік сала мамандарының, әсіресе педагогтер мен медицина қызметкерлерінің беделін арттыруға баса мән берілді. Енді азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту қажет. Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына

қатысты мәселе. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 трлн теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес.

Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс.

Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасакталуы керек. Жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттырған жөн. Әлеуметтік жағынан осы топтағы кейбір азаматтар үшін медициналық сақтандыру жүйесіне аударылатын төлемдер жергілікті бюджеттен бөлінуге тиіс», деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар медицина инфрақұрылымын дамыту – өте маңызды міндет екенін жеткізді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 655 нысан салу жоспарланғанын, іс жүзінде соның тек 85-і ашылғанын атап өтті.

«Мұның бәрі жұмыстың тиімсіз жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Жобалық-сметалық құжаттар тым баяу әзірленді, құрылыс ұзаққа созылды немесе нысандардың құны қымбаттап кетті деген себептер айтылып жүр. Мұның қай-қайсысы да – құр сылтау. Басқа себебі жоқ деп ойлаймын. Қажет болса, министр де, әкім де кез келген мәселені шұғыл шеше алады. Демек сондай ниет болмай тұр деген сөз. Сондай-ақ «Жайлы мектеп» ұлттық

жобасымен жаңа форматтағы 369 мектеп салу жоспарланған. Мұнда техникалық құжаттар дер кезінде әзірленбеген, жер де уақытылы бөлінбеген. Оған қоса, отандық өндірушілердің көбі жаңа мектептердің құрылысына қатыса алмайтынын айтып, шағымданып жүр. Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына ұлттық жобаларды жүзеге асыруға келергі болып жатқан барлық мәселені дереу шешуді тапсырамын.

Жалпы, өткен жыл еліміз үшін табысты болды деп айтуға болады. Әрине, шешімін таппаған өзекті мәселелер әлі де бар. Сондықтан, еліміздің сапалы дамуы үшін тиісті шешімдерді қабылдауымыз қажет. Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет», деді Қ.Тоқаев.

Президент еліміздің даму қарқынын күшейтуге назар аударды. Оның айтуынша, экономиканы әртарапандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет. Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – экономикалық қызмет субъектілерінің бәріне бірдей жағдай жасау.

«Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, кезбояушылық дегенді доғару қажет. Осындай жағымсыз үдерістердің кесірін жұрттың реформаға және Өділетті Қазақстанға деген сенімі азаяды. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет.

Қазір бүкіл әлем аса күрделі тарихи кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай кезеңде мемлекеттердің көпжылдық даму бағдары айқындалады. Сондықтан, біз уақыт талабына сай болып, жылдам әрі батыл қимылдауымыз керек. Жалаң сөзге уақыт кетірмей, нақты әрекет жасап, саяси жауапкершілік таныту қажет. Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін құрбанық етіп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануымыз керек. Өйтпесе жаһандық бәсекеге ілесу қиын болады.

Табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек. Біз өркениетті ұлт ретінде тек жарқын болашаққа ұмтылып, алға қарай қадам басуымыз қажет. Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет. Мен бүгін бірқатар маңызды мәселеге тоқталдым. Әрине, басқа да өзекті мәселелер бар. Үкіметтің алдында тұрған міндеттер – өте маңызды. Деру жұмысқа кірісу керек. Түптеп келгенде, экономиканың әр саласында түбегейлі реформалар жасалуға тиіс», деді Қ.Тоқаев.

Жыны соңында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының берген тапсырмалары орындалатынын жеткізді.

ОҚИҒАҒА ОРАЙЛАС ОЙ

«Теңгебаев парадоксын» қалай шешеміз?

Мемлекет басшысының жаңа Үкіметке серпінді экономикалық саясатты жүзеге асыруға қатысты берген тапсырмалары – құлағы қылтып келе жатқан экономикалық тоқырауды болдырмауын ескерту сияқты көрінді.

Кейінгі жылдары бізде қызық жағдай қалыптасты. Оны «Теңгебаев парадоксы» деп атап едім. Өте қарапайым түрде түсіндіріп кетейін. Біз өзіміз жинаған салықтан көп ақша жаратамыз. Осы жетпей жатқан айырмашылық бюджеттік тапшылық деп аталады. Ол шамамен бір жылда 3,5-4 трлн теңге болып шығады. Үкімет оның 3 триллиондайын Ұлттық қордан алып, 1 трлн теңгесін облигациялар арқылы қарыз алып жүрген. Тура осы сценарий жалғаса берсе, біріншіден, Ұлттық қорды толтыра алмаймыз. Ал егер мұнай бағасы түсіп кетсе, қорды тіпті азайта бастаймыз, екіншіден, қарыз өсіп жатыр. Оны жыл сайын төлеу көлемі көбейіп барады. Қазір бір жылда қарызды қайтаруға 1 трлн

теңгеден астам ақша жұмсалады.

Енді осы қауіпті тоқтату үшін қандай қадамдар ойластырылған еді? Жиналатын салықты көбейту.

Әлихан Смайылов Үкіметі әрі-бері ойланып, жаңа салық кодексіне ҚҚС-ты 12%-дан 16%-ға көбейту туралы өзгеріс енгіземіз деп шешкен. Сол кезде есептегенде қосымша 2,5 трлн теңге салық түседі делінді. Ұлттық қордан алынатын ақшаны осы арқылы қысқарту көзделген болатын.

Бюджет шығындарын азайту. Бұл ретте Үкімет шығынды азайту жолдарын таба алмады. Себебі шығынның 56 пайызы – әлеуметтік төлемдер.

ҚҚС-ты көтеру екі қатер әкеледі: Қазақстандағы ҚҚС 16 пайыз болып кетсе, бізге келетін

деп отырған инвестор ойынан айналып қалуы мүмкін. Ал елдегі ҚҚС төлеп жүргендер бизнесін бірнеше ЖШС-ға бөліп, мүдде ҚҚС-тан кетіп қалады.

Президент Үкіметтен тез жетістікке жету құралы – ҚҚС-ты көбейту мүмкіндігін тартып алды. Себебі ол биыл дивиденд берсе де, ертең банкротқа апарып соғу қаупі бар. Енді Үкімет тығырықтан жүйелі реформалар арқылы шығуға тиіс және ол бірден нәтиже бере қоймайды.

Жаңа экономикалық саясаттың негізгі ойы: ескі жолдар, үйреншікті қадамдар табыс әкелмейді. Бюрократия мен сыбайлас жемқорлық – басты жау. Қалыптасқан дүние мен көзқарасты мүлде өзгертіп, жаңа күтпеген қадам, реформа жасаудан қорықпау керек. Бүкіл ел серпін қажет. Парадоксты қалай шешеміз? Биылдың басты сұрағы – осы.

Айбар ОЛЖАЕВ, сарапшы

Жаңа Үкіметтен нақты нәтиже күтеміз

Мемлекет басшысының қатысуымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Бір-ақ күнде жаңа Үкімет келді.

«Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Алдыңғы Үкімет осы бағытта біраз жұмыс істеді. Кеше мен бұрынғы Премьер-министр Әлихан Смайыловқа алғысымды білдірдім. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Сондықтан Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет», деді Президент.

Смайылов Үкіметінің қаншалықты тиімді болғанына тарих өз бағасын береді. Енді келген Үкіметтің алдында қандай міндеттер тұр? Президенттің қойған межесі бойынша, алдымызда 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 млрд долларға жеткізу, ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы өсімін кемінде 6 пайызға өсіру міндеті тұр.

Былтыр 5 пайыздан асты. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар, халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек.

Табыс атаулы табыс және нақты табыс болып бөлінеді. Атаулы табыстың өскенінен халықтың жағдайы жақсармайды. Өткен жылы сіз табысыңызға қанша тауарлар мен қызметтерді пайдалана алатын едіңіз, биыл сол тауарлар мен қызметтердің көлемі өсіп жатыр ма? Өспеген күннің өзінде, ең болмаса, сақталып жатыр ма? Әлде кері кетіп жатыр ма? Осы сұрақтар маңызды.

Жаңа Үкіметтің экономикалық бағдарламасы халықтың әл-ауқатын жақсарту деген сөздермен басталып, нақты істерге ұласуы қажет. Сөз бен сандарды әдемі қылып көрсететін Үкімет бізге қажет

емес, нақты іспен жұмыс көрсететін Үкімет қажет.

Яғни бюрократияны тоқтату, нақты нәтижеге қол жеткізу керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Халықпен коммуникациялық байланыс жоғары дәрежеде жүргізілгені жөн. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Сонымен қатар Үкімет отырысында айтылған аграрлық-кредиттік корпорацияның әлеуетін күшейту және оған ауыл шаруашылығын субсидиялау жөніндегі әкімдіктердің функцияларын беру қажеттігі – орынды идея. Ол үшін бір цифрлық платформа аясында АӨК субъектілерін жеңілдетілген кредиттер және субсидиялау қызметтерін біріктіру қажет.

Максат ХАЛЫҚ, экономист



ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Ірімшік өндірісінде іркіліс жоқ

Тамақ өнеркәсібіне инвестиция тартуда Алматы облысы алдыңғы орында. Өңір басшысы Марат Сұлтангазиевтің айтуынша, өткен жылы бұл салаға құйылған инвестиция көлемі 1,8 есеге өскен.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

«Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Алматы облысында негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 705,3 млрд теңгеге жетті. Осы көрсеткішті ескере отырып, облыс өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі бойынша 129,8 млрд теңгеден асып, республикада 4-орынға шықты. Бұл соманың 36 пайызы азық-түлік өнімдерін өндіруге бөлінгенін ерекше атап өткен жөн. Дәл осы деректер өңірдегі инвесторлар үшін азық-түлік секторының тартымдылығы мен болашағын көрсетеді», деген облыс басшысы 2025 жылға қарай құс етін өндіру мен жылжымай кешенін кеңейту де жоспарда тұрғанын атап өтті.

Бүгінде аграрлы аймақта ет-сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын өндіріс орындары жанданып келеді. Оған әр ауданда іске қосылып жатқан шағын кәсіпорындардың жұмысы дәлел. Жуырда Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағаш ауылында «Сыр Жамбыл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сүт өңдейтін цехті іске қосты. Тәулігіне 6 тоннаға дейін сүт қабылдап, одан 600 келі ірімшік, 30 келі сары май шығаруға қуатты цехта ешқандай қоспасыз, табиғи таза өнім өндіріледі.

Жұмысын жаңа бастаған «Сыр Жамбыл» ЖШС қыстың көзі қырауда тәулігіне 1,5-2 тоннаға жуық сүт қабылдап, одан 10 пайыз, яғни 150-200 келідей дәмді ірімшік алып, қалған сары суынан сары май өндіруді бастап кеткен. Аталған серіктестік басшысы Ерсейіт Боранбаевтың айтуынша, көктемгі мал төлдеп, ақ молаятын уақытта өнім түрін

арттырып, құрт пен кептірілген ірімшік (чечел) шығаруды жоспарлап отыр. Сүт өндіретін цехта 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Ағайынды Боранбаевтар отбасылық кәсіптерін бастау үшін 60 млн теңгеден астам жеке қаржы құйғандықтарын алға тартты. Өңірде алғашқы болып сүт өнімдерін, оның ішінде ірімшіктің жоғары сұранысқа ие түрі «Моцарелла» шығаруды бастаған шағын цехтың жұмысымен Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас танысып, жұдырықтай жұмылған жігіттердің бастамасына сәттілік тіледі.

«Бұл өңірде ірімшіктің дәл осы түрін шығаратын өндіріс орны жоқ. Сондықтан шағын цехтың жұмысы жанданып, қуаттылығы артса, жаңа жұмыс орны көбейіп, салық көлемі де ұлғайып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосатын болады. Ең бастысы, халыққа табиғи таза, отандық өнім ұсынылады. Ал өндірілген өнімді өткізуде осы ауданның өзінде де, мәселен, денсаулық сақтау, білім беру мекемелері мен Ұзынағашта орналасқан әскери бөлімнен де тұрақты тұтынушылар табылатыны анық», деді аудан әкімі.

Сүт өңдеу цехындағы құрал-жабдықтар Түркиядан әкелінген екен. Өнім өндіруге қажет табиғи сүт тұрғындардан, шаруа қожалықтарынан жиналады. Оны қабылдаған кезде сапасы, майлылығы тексеріліп, екі-үш қайтара тазарту сүзгісінен өткізіледі. Одан кейін арнайы жабық қазанда ыстық бу арқылы 40 градусқа жылытылып, бір сағат ұйытылады. Сары суынан сүзбесі ажыратып алынып, қайтадан қазанда бұмен 80 градусты пісіріліп,



ірімшікке айналады. Ал сары суы сеператорда тартылып, одан қолдың майынан еш кем емес сары май алынады. Дайын болған ірімшік келесі құрылғыдан бір-екі келіден бөлініп, арнайы қалыпқа құйылып, қапталып, дайын өнім болып шығатындығын түсіндірген Е.Боранбаев бағасының да қолжетімділігін құлаққағы етті.

«Болашақта өндіріс көлемін ұлғайтып, тауарды түрлендіріп, еліміздің басқа өңірлеріне тарату жоспарымызда бар. Бұл істе ағаларыммен бірлесіп, бұған

дейін де біршама тәжірибе жинадық. Байқасақ, Алматы облысында осындай ірімшік шығаратын зауыт жоқ екен, демек сұраныс бар деген оймен ісімізді бастап кеттік. Алдағы мақсатымыз – бүгінгі шағын цехтың көлемін ұлғайтып, ауданнан сүт зауытын ашып, басқа аймақтардағы сүт өңдейтін үлкен кәсіпорындардың деңгейіне жеткізсек деген жоспарымыз жоқ емес. Осындай отандық өнім өндіргендерге мемлекет тарапынан қаржылық қолдау аз емес, соны пайдаланып, ісімізді ілгерілет

бермекпіз», дейді «Сыр Жамбыл» ЖШС-ның директоры Ерсейіт Боранбаев.

Сыртқы қаптамасында Қазақстанда, оның ішінде Жамбыл ауданында шығарылғаны атап жазылған өнім осы күні Алматы облысы мен қаласына жөнелтіліп жатыр. Оны құрамына ірімшік қосылатын пицца, басқа да тез әзірленетін тағам түрлерін дайындайтын орындар тұрақты түрде ала бастауы өнім өндірушілерді қанағаттандыра түскен.

Алматы облысы

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Бизнесіңі дамытуға не бөгет?

Қазақстан 2029 жылға қарай экономика көлемін екі еселеуге (ұлттық экономика көлемін 450 млрд долларға жеткізу) ниеттеніп отырғаны белгілі. Айтқанда оңай болғанмен, бұл – атқаруға ауыр шаруа. Нәтижені еселеу биігіне қазіргі мұнай сатумен баруға болмайды, әрине. Жаңа жағдайда өндірісті дамыту, шағын және орта бизнестің еңсесін тіктеу арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Соңғы деректер бойынша – ІЖӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі – 13,4, өндіруші сектор үлесі 14,5 пайызға жеткен. Бұл біздің біртіндеп шикізаттық модельден өңдеу индустриясына дамытуға бейімделіп жатқанымызды байқатады.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

«Өнеркәсіптік саясат туралы» заңға сәйкес ішкі өңдеушілердің бағасы биржалық котировкалардан төмен деңгейдегі шикізатпен қамтамасыз ету механизмі енгізілді. Сондай-ақ ірі компаниялар қайта өңдеушілерді қолдау мақсатында өз міндеттемелерінің аясын кеңейтіп жатыр. Ол үшін шағын және орта бизнес бөлшеуін құрып, табиғи жер қойнауын пайдаландырып сатып алуды реттеп, қосымша міндеттемелер қабылдап жатыр. Сонымен қатар мемлекет тарапынан субсидия мен кепілдіктер беріліп, ШОБ-ты қолдау күшейе түсті. Мәселен, «Бәйтеректің» былтырғы қаржылық қолдауы 2,3 трлн теңгеге жетті. ІЖӨ-дегі ШОБ үлесі 36,4 пайызға жетті және ШОБ секторындағы жұмыс істейтін азаматтар саны 4,3 млн-ға шамаласты.

Жаңа өндіріс нысанын 3 жыл бойы салықтан босату, қосымша құн салығынан босату да кәсіпкерлер үшін көп көмек. Осы жылы шикізаттық емес секторда жалпы құны 1,6 трлн теңге болатын 291 жоба пайдалануға берілмек. Соның 170-сі өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі және олардың құны 800 млрд теңгеге жетеді.

Бес жылдан соң ұлттық экономика көлемін 450 млрд долларға жеткізу үшін бұдан былай жыл сайынғы экономикалық өсім деңгейі 6 пайыздан кем болмауы керек. Халықаралық валюта қорының мәліметі бойынша, биыл жыл соңында ІЖӨ

259,3 млрд долларды құрайды деп күтіледі. Егер солай болса, онда ішкі жалпы өнім 2022 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 15 пайызға өсім көрсетеді.

Осындай жетістікті қамтамасыз етуге тиіс кәсіпкерлердің де түйткілі бір басына жетіп артылады. Сенатор Ләззат Рысбекованың айтуынша, ең бірінші кезекте мемлекеттік қолдаудың тетігі мен тәсілін қайта қарау керек. Екіншіден, перспективалық бағыттар мен түпкілікті нәтижеге бағдарлануды ескермей, 5 млн теңге көлеміндегі гранттық қолдау түріндегі шағын жобаларды іске асыруға

басымдық беріліп жатыр. Бұл бюджет қаражатын шашуға алып келеді. Үшінші қиындық – құқықтық проблемалар. Мысалы, бизнес-идеялардың жаңашылдығын анықтау бойынша нақтылық жоқ. Бұл тұжырымдаманы жергілікті жерлерде кәсіпкерлер де, конкурстық комиссия мүшелері де әртүрлі түсіндіреді. Түптеп келгенде грант алудың негізгі шарты болып саналатын «жаңашылдықты» растау талап етіле бермейді.

Ұлттық экономика министрлігінің хабарлауынша, қазір бизнес жүргізу шарттары айтарлықтай жеңілдетілді. Мысалы, 10 мыңнан астам артық талап алынып тасталды.

«Тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру нәтижесінде 1 қаңтардан бастап адам қатысуынсыз тексерулер тағайындалып жатыр. Бұл шара тексерулер санын 2 есе азайтады. Сонымен қатар мемлекет бизнесі қаржылай қолдау шараларын жүзеге асырып жатыр. Атап айтқанда, биыл 900 млрд теңгеден астам сомаға ШОБ-тың банктік несиелерін субсидиялау

және кепілдендіру жоспарланып отыр. «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары біріктірілгенін ескере отырып, кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа тәсілдері әзірленді. Субсидиялаудан кепілдік беру құралдарына және өзге де қаржылық емес қолдау шараларына біртіндеп көшу көзделді. Одан бөлек, облигациялар мен бірлестірілген несиелер арқылы қаржыландыру құралдары кеңінен қолданылады», деп мәлімдеді ведомство.

Әкімшілендірудің сервистік моделін енгізуді көздейтін жаңа Салық кодексі бойынша жұмыстар да жалғасып жатыр. Нәтижесінде, салық міндеттемелерін орындау үдерісі айтарлықтай жеңілдемек. Жалы салықтар мен басқа да төлемдер саны 20%-ға, ал салық есебі нысандарының саны 30%-ға қысқарады. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібіндегі жаңа жобалар 3 жылға салық төлеуден босатылады. Нәтижесінде, салық міндеттемелерін орындау жеңілдетіліп, салық жинау тиімділігі артап.

ІЛКІМДІЛІК – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ

Қабылданған стратегияның тиімділігі

Таяуда «Қазақстанның Даму банкі» АҚ қаржы институты және Өнеркәсіпті дамыту қорының директорлар кеңесі мен топ-менеджменті мүшелерінің арасында басқосу өтті. Онда банк жұмысының негізгі бағыттары бойынша есептер мен жоспарлар тыңдалып, 2024-2033 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы талқыланды. Басты назар елдегі экономиканың шикізаттық емес секторын, инфрақұрылымды және экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды одан әрі дамытуға қолдау арқылы халықтың әлауқатын арттыруға негізделіп отыр.

Гүлмира БАҒЫТҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Құжаттағы басты басымдықтарды ескере отырып, дамудың үш бағыты белгіленді. Банктің ел экономикасына қосқан үлесін ұлғайту және банк активтерін басқарудың тиімділігі мен тұрақты дамуы айқындалды. Бұл Мемлекет басшысының 2029 жылға қарай ішкі жалпы өнім көлемін екі есеге арттыру жөніндегі белгіленген міндетке қол жеткізуге елеулі үлес қосатынына сенімдіміз», дейді «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ экс-басқарма төрағасы, ҚДБ директорлар кеңесінің басшысы Нұрлан Байбазаров.

Аталған тұрақты дамуға қатысты бірінші бағытта, банк әлеуметтік-экономикалық әсері мол, орта және жоғары қайта өңдеу өнімдерін шығаруға зер салып, өңдеуші өнеркәсіп жобаларын қаржыландыруды көздейді. Сонымен қатар импортты алмастыруды қамтамасыз ететін және экспорттық әлеуеті бар жобаларға қолдау көрсете отырып, еліміздің инфрақұрылымын дамытуға қаржылай құралдар ұсынатын болады. Бұл бағыттағы басты міндеттердің бірі – жалпы ел экономикасын дамытудағы жеке сектордың рөлін нығайтуға көмектеседі.

Осы міндеттерді іске асыру үшін ҚДБ инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды орта және ұзақмерзімді несиелеуді, ағымдағы қызметті несиелеуді, синдикатталған қаржыландыруды, лизингтік мәмілелерді қаржыландыруды, кепілдіктер беруді және банкаралық қаржыландыруды қоса алғанда, құралдардың кең спектрін пайдаланатын болады.

2033 жылдың соңына қарай

ҚДБ-ның мақсаты Өнеркәсіпті дамыту қорының құралдары арқылы 3,1 трлн теңгені қоса алғанда, өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымға 9,3 трлн теңге сомасында инвестиция бөлуге тиіс. Бұл ретте банктің несиелік қоржыны құрылымындағы орта және жоғары қайта өңдеу тауарларын шығару жобаларының үлесі 2023 жылға қарай кемінде 30%, ал инфрақұрылымдық жобалардың үлесі 35%-ды құрауы шарт. Осылайша, нақты қолдаудың арқасында кәсіпорындар өз қаржылық көрсеткіштерін жақсарты алады. Мәселен, банк мақсаты іске асқан жағдайда қолдау көрсетілген кәсіпорындардың түсім көлемі 2024-2033 жылдары 5,17 трлн теңгеге дейін өсіп, экспорттық түсім көлемі 2 трлн теңгеден асуға тиіс деген болжам бар.

Екінші бағыт – ҚДБ қоржынының қаржылық тұрақтылығы мен жоғары сапасын сақтауды, жобаларды кейіннен қаржыландыру үшін қорландыру базасын ұлғайтуды білдіреді. Осы бағытта іске асыру нәтижесінде банк активтерінен несиелік және лизингтік қоржындардың үлесі 2033 жылға қарай 77%-ды құрауға тиіс. Банк қаражат тарту үшін ішкі және халықаралық капитал нарығында белсенді жұмыс істеуді жалғастырады.

Үшінші бағыт – осы жылға дейін банк қызметіне ESG-қағида-дәттері түгел енгізіліп, осы арқылы тұрақты даму саласындағы белгіленген халықаралық келісімдер мен көрсетілген стандарттар талаптарына сәйкес жүргізілетін болады. Бүгіндері әлеуметтік жауапты ұйым ретінде ESG енгізуде өзінің «Жол картасын» іске асыруды қолға алды.



Қазақы тазы сыйлады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эмманюэль Макронға қазақы тазының екі күшігін сыйлады.

Быттыр қараша айында Мемлекет басшысының шақыруымен Астанаға сапармен келген Франция Президенті «Этноауыл» көрмесін аралап көріп, қазақ халқының бай мәдени мұрасымен танысқан еді. Көрме орталығын тамашалау барысында Эмманюэль Макронға қазақы тазының тұқымы ерекше ұнаған болатын. Сол кезде Қасым-Жомарт Тоқаев франциялық әріптесіне тазы сыйлауға уәде берген-тін.

Кейін Парижде қазақы тазының бес айлық екі күшігі жеткізілді.

Қос тазыны француз ветеринарлары тексеріп, уақытша карантинге жіберді. Сондай-ақ Франция тарапына күшіктерді тамақтандыру және үйрету жөніндегі нұсқаулық берілді.

Тазы күшіктеріне Жюль және Жанна деген жарасымды ат берілгені мәлім болды. Күшіктер Макрон отбасының Немо есімді кара лабрадорымен «достасып» үлгерген. Айтпақшы, бұл итті ерлізайыпты Макрондар 2017 жылы жануарлар паналайтын жерден асырап алған болатын.



КӨШІ-ҚОН

Кереку демографиясына дем берген жоба

Еліміздің солтүстік аймақтарында еңбек күшін, яғни халықтың санын реттеу – мемлекеттің маңызды стратегиясы. Кейінгі жылдары Кереку өңірі жыл сайын бөлінетін квотаны сәтпен орындап, қоныс аударушылардың көңілін тауып келеді. Быттырдың өзінде аймаққа 3 352 адам көшіп келген.

Мұрат ҚАПАҢҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Қуатты аймақтар – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Ұлттық жобаның мақсаты – халықтың негізгі қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды, көлік байланысын жақсарту және елдің транзиттік әлеуеті мен халықтың ұтқырлығын арттыру.

Жоба аясында Ертіс-Баян жеріне қоныс аударғандардың бірі – Шолпан Ермаханова. Ол ұлымен бірге быттыр Қызылорда облысынан Павлодар қаласына көшіп келді. Шолпан Ғаниқызының мамандығы – кітапханашы. Мұнда ол бірден жұмысқа орналасқанын айтады.

– Кітапхана жүйесінде 10 жылдан астам тәжірибем бар. Бұл жаққа келуіме ұлымның аллергиялық ауруы себеп болды. Дәрігерлер әртүрлі емдеу шарасын қолданып көрді, бірақ ешбір ем-дом көмектеспеді. Ақыры ұлымды қарап жүрген дәрігердің ұсынысы бойынша климаты жайлы өзге өңірге қоныс аударуға бел будық. Астана немесе Павлодар қалаларының бірін таңдауым керек болған. Керекуді құп көрдім. Достарым арқылы оңтүстік өңірлерден ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы барын білдім. Павлодар қаласына көшіп келген соң «Мансап орталығына» хабарласып, көші-қон бағдарламасына қатысуға ниет таныттым. Мені бірден С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханаға жұмысқа алды. Кейін С.Баязитов атындағы балалар оқу орталығына ауыстым, – деп бөлісті өзі жайында Ш.Ермаханова.

Айтуынша, 5 жыл бойы

аллергиясы қинап келген ұлы мұнда қоныс аударғалы дертінен жазыла бастады. Денсаулық жағдайы жақсарып, қазіргі күні бокс үйірмесіне барып жүр. Мәшһүр Жүсіп атындағы мектептің 7-сыныбында оқитын жоспарымен өзіне достар тауып үлгерген.

Шолпан Ғаниқызы мұнда келгеніне өкінібейтін жеткізді. Тұрып жатқан пәтерінің жалдау ақысының басым бөлігін бюджет көтереді. Отбасына көшіп келгені үшін субсидия да төленген. Енді жағдайы жетсе, банк арқылы пәтер сатып алуға бел байлады.

Оңтүстіктен келгендер қатарында кәсіпін жолға қойып үлгерген жандар да баршылық. Мысал үшін, Нүрия Манатова сонау Алматы қаласынан қоныс аударған. Ол «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды тамамдап, кәсіпкерлікке қадам басты. Бизнес жоспарын түзіп, «Ұлттық стильдегі фото және бейнетүсірілімдер үшін этнофотостудия» ашуға бизнес грант иеленді.



«Бұл жақтағы жұрттың ұлттық салт-дәстүр мен киімге, түрлі безендірулерге деген қызығушылығы жоғары екенін біліп жатырмыз. Мемлекеттің қолдауымен өзінің жеке студиямызды ашып, қазір көпшілікке фото және бейнетүсіру қызметін көрсетемін. Фотоаймақтағы декорация ұлттық үлгіде жабдықталып, безендірілген. Той-томалақтарда фотоаймақтар құрамыз, киімдер ұсынамыз. Бастысы, тұрақты тұтынушылар қалыптасып келеді. Керекуге көшіп келгеніме өте қуаныштымын. Жаңа тұрғылықты жерімде барлық қажетті төлемді алдым, кәсіпімді аштым. Ең бастысы, өзімнің сүйікті ісіммен айналысып жатырмын», дейді Нүрия Нұртайқызы.

Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Альмира Дисопованың дерегіне, адамдарды ерікті қоныс аудару бағдарламасы аясында өңірге 2017-2023 жылдар аралығында жұмыс күші артық өңірлерден 17 838 азамат (3738 отбасы) қоныс аударған. Көшіп келген азаматтар жылы бойынша барлық аудан-қалаларда шоғырланған. Квота көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Салыстырмалы түрде алсақ, 2017 жылы өңір 468 адамды қабылдаса, быттыр 3352 адам көшіп келген.

2024 жылы Павлодар облысына сырттан келетін қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдауға 3505 адамға квота бөлініп отыр. Оның ішінде қандастарға – 902, ішкі қоныс аударушыларға 2603 квота бөлінген.

«Көшіп келушілерді облыстың барлық қаласы мен ауданында (3 қала, 10 аудан) орналастыру жоспарланып отыр. Павлодар облысына медицина, білім беру, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету және мәдениет салаларына мамандар қажет. Мұны көші-қон барысында ескеретін боламыз. Қоныс аударушыларды ынталандыру мақсатында 2023 жылдан бастап тұрғын үй сатып алу үшін бастапқы құнының 50 пайызын құрайтын, бірақ 4 млн теңгеден аспайтын мөлшерде қаржылық көмекке құқығы бар экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілді. Жыл қорытындысы бойынша Павлодар облысында 542 отбасына тұрғын үй сатып алу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты төленді», дейді А.Дисопова.

Быттыр тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 542 отбасына ұтқырлық сертификаты беріліпті. Жалпы, көші-қон бағдарламасының қағидалары мен талаптары қоныс аударып келіп жатқандардың көңілінен шығатындай-ақ. Жергілікті жұмыспен қамту органдары еңбекпен қамтып, бір жылға баспанасын жалдап беріп, тіпті ипотекаға пәтер алса, алғашқы жарнасын да төлеп, түрлі көмек қолдарын созып отыр.

Өңірлік статистика департаменті быттыр желтоқсан айында Павлодар облысында тұрып жатқан халықтың саны 754 369 адамға жеткенін хабарлады. 2023 жылғы қаңтар-қараша айларында халықтың табиғи өсімі 2 839 адамды құраған. Мұндай оң өзгеріс кейінгі жылдары кеңінен байқалып отыр. Көші-қон бағдарламасының керегесі кеңейер болса, теріскейдегі халықтың саны бұдан да еселене түсеріне шүбәміз жоқ.

Павлодар облысы

ТҮЙТКІЛ

Заңсыз мигрант зардабы

Атырау облысына жұмыс істеуге келетін шетелдіктердің қатары азайған емес. Шетелден жұмыс күшін тартушыларға қойылатын талап бар. Бұл үшін арнайы квота бөлінеді.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Абай Сәрсенғалиевтің айтуынша, биыл мұнайлы өңірге шетелдіктер АҚШ, Ұлыбритания, Франция мен Түркиядан келетіні анықталып отыр. Олардың басым бөлігі мұнай-газ өнеркәсібіндегі кәсіпорындарда жұмысқа тартылады.

«Биыл Атырау облысының мұнай-газ саласындағы компанияларда жұмыс істеу үшін 4 765 шетелдік келеді. Оның ішінде 69 шетелдік басшылық қызметті атқарады. Ал 865-і бөлім басшысы, 3041-і маман, 90-ы қарапайым жұмысшы ретінде жұмыс істейді», дейді Абай Сәрсенғалиев.

Оның айтуына қарағанда, шетелден келетін мамандардың жұмыс тәжірибесі мен дипломына, еңбек өтіліне баса назар аударылады. Мұның бәрі арнайы комиссияның отырысында қаралады. Комиссия құрамында көші-қон мен білім саласының, мемлекеттік еңбек инспекциясының мамандары бар. Әр кәсіпорын шетелдік маманды жұмысқа тартуға рұқсат алу үшін салық төлейді. Салық мөлшері арнайы базада автоматты түрде есептеледі.

«Шетелден маусымдық жұмысқа келетіндері бар. Мәселен, быттыр 660 шетелдік маусымдық жұмысқа тартылған еді. Жергілікті шаруа қожалықтарының жетекшілерінен шетелдіктерді маусымдық жұмысқа тарту квотасын көбейтуге ұсыныс түсті. Соған сәйкес биыл маусымдық жұмысқа келетін шетелдіктердің саны 700-ге жеткізілді. Маусымдық қызметкерлер екі мақсатпен жұмысқа тартылады. Біріншісі – егін алқабында, екіншісі өзгелері жылжығанда жұмыс істеу үшін келеді», деп түсіндірді Абай Сәрсенғалиев.

Бірақ шетелдіктерді тек квотаға сәйкес жұмысқа тарту талабы ұдайы сақталмайтыны анық. Полиция департаментінің баспасөз қызметі ұсынған дерекке жүгінсек, заңсыз жолмен келетін мигранттар саны аз емес. Быттыр Атырау облысында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 517-бабының 5-бөлігіндегі (Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жүзеге асыратын қызметі визада көрсетілген мақсаттарға сәйкес болмауы, анықтаманы не рұқсаттарды алмастан Қазақстанда еңбек қызметін жүзеге асыруы) талапты бұзған 1 316 шетелдік әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде 770 шетелдік Атырау қаласында ұсталған.

Ал Махамбет аудандық сотында өткен жылдың қыркүйегінде Өзбекстанның 19 азаматына қатысты әкімшілік іс қаралды. Өйткені көрші елдің азаматтарына жоғарыдағы баппен әкімшілік айып тағылған. Соттың мәліметінше, көрші елдің азаматтары жергілікті атқарушы органдар еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алмастан Махамбет ауданында құрылыс, шаруа қожалығын, көлік жөндеу орталығы мен асханаларда жұмыс істеген. Сот қаулысымен шетелдіктердің әрқайсысына 86 250 теңгеден әкімшілік айыппұл салынды.

Мамандардың пікірінше, заңсыз мигранттарының дені Өзбекстан азаматтары екені даусыз. Арнайы рұқсаты болмаса да кез келген жұмысты атқаруға бейім шетелдіктерді жұмысқа тартудың бірнеше себебі болуы мүмкін. Біріншіден, олар арзан еңбек күші ретінде бағаланады. Бұл құрылыс индустриясы мен ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерді қызықтырып отыр. Екіншіден, заңсыз мигранттармен еңбек шарты жасалмайды. Үшіншіден, олардың кесірінен жергілікті тұрғындар жұмысқа орналаса алмайды.

Алайда рұқсаты жоқ шетелдіктерді құрылыс, ауыл шаруашылығы мен қоғамды тамақтандыру саласына жұмысқа тартқан кәсіпорындар, шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің жазаға тартылғаны туралы дерек жоқ. Тіпті ресми органдар бұл жөнінде ашып айтқысы келмейді. Қалай десек те, заңсыз мигранттарға тосқауыл қойылуға тиіс.

Атырау облысы

ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ

«Қарызсыз қоғамды» қалай құрамыз?

Халықтың шамадан тыс несие алуы – көкейкесті мәселе. Миллиондаған адам көмек пен қолдауға зәру. Мамандардың айтуынша, еліміздегі экономикалық белсенді халықтың 15%-дан көбіне 90 күннен астам уақыт төленбей келген несие берешегі бар.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Осыған орай Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың қаржылық сауатын арттырудың маңыздын атап өтіп, «Аманат» партиясына Үкіметпен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді тапсырған еді.

Халықтың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін жоба жалғасып келеді. Биыл 750 мың отандасымыз қаражатты ұтымды басқарып, шығынды оңтайландыруды үйренеді. Таяуда курстан өтуге тілек білдірген азаматтардың алғашқы легін оқыту жұмысы басталды. Айта кетейік, быттыр жобаға 8 өңірдің тұрғындары ғана қатыса алса, енді тұрғылықты жеріне қарамастан барлық ниет білдіруші оқуға жазыла алады. Осы аптада 6 мың адам оқыту курсынан өтеді.

Партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, биыл

еліміздің барлық 20 өңірінде 200 мың адамды оқыту жоспарланып отыр. Сондай-ақ мектеп, колледж және жоғары оқу орнына арналған өдістемелік құралдар әзірленеді. Бұл шамамен 100 мың студент пен 450 мың оқушыны қаражатқа неғұрлым жауапты қарауға үйретуге мүмкіндік береді.

«Биыл қаржылық сауатты мектеп қабырғасынан бастап арттыруды қолға аламыз. Сондай-ақ еліміздің барлық 20 өңірінде партиямыздың филиалдары жанынан «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері ашылады. Онда кез келген адам қаржылық және құқықтық мәселелер бойынша кеңес ала алады. Бүгінде әрбір екінші қатысушының отбасындағы ортақ табысы 100 мың теңгеге де жетпейді. Сонымен қатар курстан өткен азаматтардың үштен бірінде екі немесе одан да көп несие бар. Қатысушылар арасында баласының несиемен төлеуге мәжбүр болған зейнеткерлер де кездесті. Жобаның негізгі мақсаты – адамдарға



несие ауырпашылығын жеңілдетуге көмектесу. Жалпы, быттыр 65 мыңнан астам отандасымыз қаржылық сауатын арттырды. Енді оны 750 мың адамға жеткізуді көздеп отырмыз», деді ол.

«Қарызсыз қоғамға» қатысушылардың 58 пайызы – төрт немесе одан да көп бала тәрбиелеп отырған қонбалалы отбасылар. Жоба жетекшісі Ақмарал Бекмұраеваның айтуынша, адамдар күнделікті қажетін өтеу үшін несие рәсімдейді.

«Адамдар несиеге жағдайы жақсы болғаннан алмайды. Мәселен, көмір сатып алу үшін несие рәсімдеген адамдарды да кездестірдік. Яғни азаматтар қарапайым қажеттілігін өтейді. Алайда несие отбасындағы қарым-қатынасқа теріс әсер етеді. Тіпті жобаға қатысушылардың бірі қарызға белшесінен батқандықтан, ағайын-туысы да одан сырт айналғанын айтты. Сондықтан қаржылық сауатты арттыру – аудаай қажет», деді ол.

Сондай-ақ іс-шара барысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмалдіаева, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Мәжіліс депутаты, «Аманат» фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиев, «Halyk Bank» басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Сартәев және тағы басқалар сөз сөйледі.

Еске сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы быттыр 2 мамырда қанатқақты режимде бастау алды. Сарапшылардың дәрісінен бөлек, жобаға қатысушылар enbek.kz порталына тіркелу және ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өту кестесін әзірлеуге дейінгі түрлі сұрақтар бойынша кеңес алады. Сондай-ақ оқыту барысында қатысушыларға заңгер көмегіне кепілдік беріледі. Олар әр қарыз алушының несие тарихын жеке зерттеп, қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Құрсақ жазылу үшін тұрғылықты жері бойынша партияның аудандық филиалына хабарласу қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Дәрістің ұзақтығы – 5 жұмыс күні.



КӨКЕЙКЕСТІ

Ұялы байланыс ақысы аспандап тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде ел аумағында ұялы байланыс қызметтерін Kcell және Activ сауда белгілері бар «Kcell» АҚ, Beeline және IZI белгісімен «KAP-Тел» ЖШС, Tele2 және Алтел арқылы «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС жүргізетіні мәлім. Ұялы байланыс нарығының 63%-ын Қазақтелеком Kcell, Activ, Tele2 және Алтел компанияларымен, 37%-ын KAP-Тел Beeline арқылы бақылайды. Операторлар өз қызметтеріне тарифтерді өз шығындары негізінде дербес белгілейді, яғни кез келген уақытта және қалағанынша көтере алады. Пайдаланушылар бір оператордан екіншісіне ауыспауы үшін өзара сөз байласып, бағаны бір уақытта көтеруі де мүмкін. Бағаға әсер ететін қызмет көрсету шығындары, желіні ұстау мен дамытуға бітпейтін инвестициялар, жиілікті пайдалану құқығының құны, маркетинг, жылжыту, бағдарламалық жасақтаманы сатып алу, әкімшілік шығындар және инфляция – операторлардың үнемі алға тартатын себептері. Бірақ Цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, егер 2020 жылы ұялы компаниялар өндіріске – 136 млрд теңге, ал 2021 жылы 109 млрд теңге инвестиция салса, 2022 жылы шығындар 76 млрд теңгеге дейін төмендеген. Ал компаниялар бұл кезеңде пайданың өсуінен еш таршылық көрмеген.

Кейінгі бір жылда Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне (БҚДА) тарифтердің өсуі мен ұялы байланыс операторларының талап етілмеген қызметтерді таңуына 200-ден аса шағым түскен. Анықталғанындай, операторлар тарифтік жоспардан енгізілген қызметтер көлеміне елеусіз өзгерістер енгізіп отырып, интернет-трафикті, абоненттер сұранысына қажетсіз әртүрлі бағыттарға минуттарды ұлғайтумен тариф құнын арттырған. Қазір агенттік компанияларды өздерінің тарифтік жоспарларының құнын келісілген түрде көтерді деген күмәнмен барлық үш ұялы байланыс операторына қатысты тергеу жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар БҚДА Көлік және байланыс департаменті әзірлеген заңнамалық



Көпжазы жасаған – Қоманова ШЕЖИМБІ, «ЕО»

түзетулер бойынша ұялы байланысқа арналған тарифтік жоспарлардың шарттарын өзгертуге және абоненттің келісімінсіз интернет желісіне қол жеткізу қызметіне тарифтерді арттыруға тыйым салынды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің былтырғы наурыздағы бұйрығымен жиілік жолақтарын тағайындау ережелеріне өзгерістер енгізілді. Ұялы байланыс операторлары бұл түзетулерді жою үшін сотқа бірлескен талап-арыз түсірсе де, таразының өздерінің дұрыстығына сендіре алмаған.

Цифрлық даму министрлігі алға тартқан Cable еуропалық зерттеу компаниясының дерегінше, 2022 жылы Қазақстан ең арзан мобильді интернеті бар елдердің қатарына кіріп, 233 елдің рейтингінде 11-орынға ие болды. Бізде 1 Гб мобильді интернеттің орташа құны 0,37 долларды (165 теңге) құрады. Бірақ БҚДА бұл рейтинг халық табысының мөлшерін немесе жалақы деңгейін

ескермейді деп санайды. Мәселен, АҚШ-та 2022 жылғы орташа айлық табыс 4 300 доллар (2 млн теңге), Израильде – 3 300 доллар (1,5 млн теңге), Италияда 2 800 доллар (1,3 млн теңге), Ресейде – 680 доллар (312,8 мың теңге), ал Қазақстанда – 634 доллар (291,6 мың теңге). Сондықтан кіріс деңгейі бойынша статистиканы ескермей, мобильді интернеттің құны бойынша әртүрлі халықаралық рейтингтерге сүйену дұрыс емес.

Сол секілді 2020 жылдан бастап операторлардың сапасыз байланыс қызметін көрсету фактілерінің күрт өсуі байқалды. Былтырғы қазан айында Speedtest мобильді интернет жылдамдығының жаһандық рейтингі дерегінде еліміз 142 елдің арасында орташа жылдамдығы секундына 35,9 мегабитпен (С/Мбит) 67-орынға тұрақтады. Ең жылдам интернет БАӘ (269,4 С/Мбит), Қатар (206,8) және Кувейтте (191,7) болса, біз осы критерий бойынша Аустралиядан (97,4), Бразилиядан (47,9), Жапониядан

(47) және Өзбекстаннан (45,7) кейін қалдық.

Зерттеушілер пікірінше, елімізде ұялы байланыс нарығы екі компаниямен монополиялануына байланысты қызмет сапасы төмендеп, баға көтеріліп отыр. Нарықтың ашықтық коэффициентін тексеру барысында шетелдік ұялы байланыс операторларына қазақстандық телекоммуникация нарығына кіру өте қиын екені белгілі болды. Заңнамаға сәйкес, радиожиліліктерге арналған сауда-саттыққа қатысушылардың кемінде алты облысты, республикалық маңызы бар қалаларды және Астананы қамтитын телекоммуникациялардың және ұялы байланыстың тармақталған магистральдық желісі, сондай-ақ байланыс саласында кемінде 5 жыл тәжірибесі болуға тиіс. Цифрлық даму министрлігі келтіргендей, қазір телекоммуникация нарығында қалааралық және халықаралық телефон байланысы, интернет желісіне қол жеткізу, спутниктік

жылжымалы байланыс қызметтерін ұсынатын 20-ға жуық тіркелген байланыс операторы, 3 ұялы байланыс операторы жұмыс істейді. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген телекоммуникациялардың тармақталған магистральдық желісіне мобильді операторлар мен 10 тіркелген байланыс операторлары ие. Бұдан шығатыны, жиіліктерді бөлу жөніндегі сауда-саттыққа қолданыстағы тіркелген операторлардың жартысы ғана қатысуға құқылы. Департаменттің пікірінше, мұндай талаптар жекелеген операторларға радиожилілік ресурсына қол жеткізуде елеулі кедергі жасап, байланыс нарығында бәсекелестіктің дамуын тежейді. Сонымен қатар бұл ережелер сауда-саттық арқылы ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге лицензия алған жағдайда жекелеген аймақтар мен облыстардағы негізгі ойыншылармен бәсекеге түсуі мүмкін шағын (аймақтық) байланыс операторларының дамуына тұсау болады.

Агенттік тек бір ғана оператор қатысатын жекелеген ауылдық елді мекендерде операторды таңдау мүмкіндігінің жоқтығы туралы шағымдар келіп түсіп жатыр. Операторлар мұндай инвестициялардан пайда таба алмайтындықтан, желіні шалғай ауылдарға тартуға мүдделі емес. Өткен жылдың қантарында елімізде 6 290 ауыл есептелсе, оның 1 432-сі мобильді интернетке қол жеткізбеген. 902 ауылда тек бір ұялы байланыс операторы жұмыс істейді, яғни тұтынушы таңдауы болғанымен, бәсекелестік туралы айту артық. БҚДА абонентке тек бір ұялы оператор қатысатын елді мекендердің аумақтарында өзге операторлардың ұялы байланысын пайдалануға мүмкіндік беру үшін операторлардың жиіліктер мен байланыс құралдарын міндетті түрде бірлесіп пайдалануын енгізу мәселесін қарауды ұсынады. Мұндай жағдайда егер елді мекенде тек бір ұялы байланыс операторында базалық станса орнатылған болса, оған тілек білдірген басқа компаниялар жіберілуге тиіс.

ШЕКСІЗ МҮМКІНДІК

Еменнің иір бұтағы

Тағдырдың салған ісіне қайыспай, кәтепті қара нар ғана көтеретін зілмауыр салмақты еңсеріп, келер күндердің көкжиегіне нық сеніммен қарайтын қажыр-қайраты кемел жандарды көргенде таңғалатынымыз бар. Бұлжынып аққан бұлақтай көкірекке құйылар алапат күштің көзі қай тұста екен?



Байқал БАЙӘДІЛ, «Egemen Qazaqstan»

Шағын көлдің жиегіндегі селдір өскен, ұшар басы қарсақтың құйрығындай бұлаңдаған қамыс арасында үйір-үйір жылқы, бір табын қара мал жүр. Табиғаты қатал біздің өңірде қара малды қыста далада бақпайды. Қар алғаш түскенде-ақ қораға қамалып, ақ қар, көк мұздың көбесі сөгіліп, көгеріп көктем келгенше қолға қарап тұрары бар. Таңсық суретке елсең еткенбіз. Таяп келдік. Өкпек желдің өгінде жүрген қара малдың жүні тығыз өседі екен. Қуатты, тұяғы тиген жерді ойып тастайтын жылқы емес, қара малдың қар үстінде қылар қайраты кем. Жан бағу үшін жайылған болады. Әйтсе де батыстан соққан өткір желдің тезіне шыдай алмай қыр арқасы аспандап тұр. Көл жиегінде қара мал сүйсініп жейтін өсімдік те жоқ.

Былтырғы балауса құрақ өліқауға айналған. Кейбір танаторпақтар жылқы тебіндеген үй орнындай жерді омыра ашып тастаған алаңқайға байыздапты. Биылғы қыстың бет әлпеті онша жақсы емес. Қаңтар туғалы қырына алып тұр. Мал сүмесімен күн көрген малсақ қауым күн көрген малсақ қауым дабыл қаққанымен, мал отығын толтырар жем-шөп жоқ. Табын шетіндегі салт атты бақташыға жолықтық. Осы малдың иесі, жеке кәсіпкер Қажығали Сақыпов екен. Зеренді ауданына қарасты Васильковка ауылының тұрғыны, үшінші топтағы мүгедек.

Амандық-саулық сұрастық. Қақаған қыста қара малын көл жиегіндегі қамысқа жайған жігіт ағасы қынатын емес. «Басқа түссе – баспақшыл» дегендей, амалсыздың күнінен атқа қонып, көл жағалап жүрсе де ақжарылап күннен үмітті.

– Көрген күн – осы, – дейді

Қажығали Жұмабекұлы. – Қысқа қамдаған мал азығы жетімсіз болған соң қара малымды қырда жайып, күнелткен болып жүрмін. Шыңтауында малсақ қауымға биыл өте қиын болып тұр. Жалғыз биыл ғана емес, талай уақыттан бері қыр соңымыздан қалмай қойған тақирет, не жайылым, не шабындық жеріміз жоқ. Жергілікті әкімдікке айта-айта әбден қажыдық.

Мәселенің мәнісіне бажайлап, тереңірек үңілсек, шынында да, мүмкіндігі шектеулі осы азамат ес біліп, етек жапқалы малмен күн көріп келе жатса да, есіркеген ешкімді көрмейті. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Малын өз төлі есебінен өсіріп жатыр. Облыс орталығына жақын болғанымен, мал өнімдерін ұқсата алмай отыр. Маңдай термен өсірген ақ адал малы – алып-сатарлардың оңай олжасы. Қажығали Жұмабекұлының пікірінше, егер осы шаруаны ұйымдастырса, қала базарларындағы ет бағасы біршама арзандар еді. Ауылда арнайы мал соятын орын болмаған соң қаражаттан қысылған кезде өздері сойып, бұлдап сата да алмайды.

Бір кезде қаспашы да болыпты. Осыдан он шақты жыл бұрын мал сойып жатып абайсызда қара санын жарақаттап алған. Бәлкім уақытында емделмеді ме кім білсін, әлгі жара асқынып, аяғынан айырылған. Әйтсе де, ауылда тұрған соң күн көріс керек, жанын жалдап төрт түлік малды өсіріп жүр.

– Ең қиыны, мал азығын сатып алу, – дейді ол. – Егер өз еңбегіңді қосып есептесең, пайда таппайсың. Бұрын көмекші ұстадым. Кіріс азайған соң жұмысыңға төлер жалақы болмай отыр. Қазір өзгесін былай қойғанда елдің қысылғанын көріп, пайда іздегендер Солтүстік Қазақстан облысынан әкеліп сабан сатып жүр. 200-250 келілік бір бумасы – 11 мың теңге.

Мал иесінің айтуынша, таптап шалағайлық көп. Мәселен,

биылғы жаздың әлпетін көрген соң ауылдық кеңестің басшылары, елдің ақсақалдары осы маңда егін егіп, жердің игілігін көріп жатқан серіктестік басшыларына егін орағы кезінде бар сабанды турамай, атжалға түсіріп, көпене салып кету туралы өтініш жасау керек еді. Қуаныштық жылы бой салып өспей, бұйығып қалған егіннің сабаны да көп емес болатын. Дикандар сабанды турап тастаса, танап тыңады деп есептейді. Бірақ елдің де жағдайын ойлауы керек еді. Тағы бір мәселе – егін орылып алғаннан кейін арамшөптің тұқымын құрту үшін химиялық дәрі себу. Егер дәрі сепкеннен кейін топырақ қатпай тұрып жауын жауып, дәрі танапқа сіңіп кетсе, бір сәрі. Бойында қалып қояды. Жиын-терін аяқталған соң аяқты мал аңыздың үстіндегі уысты құлақ сабанды жемей тұрма, жесе, әлгі дәрінің уытымен уланбақ.

Шоқ жұлдыздай шағын ғана бұл ауылда өткен жылы 300 бас қара мал болған екен. Қазір 70 бас қана қалған. Онда да біздің кейіпкеріміздің бағымындағы малы. Төпсе темір үзетін аптал азаматтар малдың бейнетінен қашып, құрық ұстап қалған. Ал мүмкіндігі шектеулі Қажығали қажитын емес. Өйткені оның бойында атақәсіпке деген адалдық, отбасымыз өз еңбегімізден асырасам деген ұмтылыс бар.

Айтпақшы, жөн сұраса келе Қажығали Жұмабекұлының аруақты Абылай ханнан тарайтын жұрағаттан екенін білдік. Аталары Елікті тауының етегін жайлаған. Бәлкім еменнің иір бұтағындай тағдырдың жүгін тайсалмай арқаалаған мықтылық алпыс екі тамырында арыдағы аруақты бабалардан дарыған шығар. Тек деген – тегін емес қой.

Ақмола облысы, Зеренді ауданы

ИГІС

Баспана бақыты

Атырау қаласында бір күнде 132 отбасы жаңа қонысқа көшті. Олардың арасында әлеуметтік тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылар, ата-ана қамқорлығынан тыс қалған жасөспірімдер бар.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қала әкімі Шәкір Кейкіннің дерегіне сүйенсек, «Нұрса» шағын ауданындағы «Латифа» тұрғын үй кешенінің 38 пәтер берілді. Өзге отбасыларға басқа тұрғын үй кешендерінен пәтер ұсынылған.

«Қазір Атырау қаласында 21 мыңнан аса адам тұрғын үй алу кезегінде тұр. Оның бәрине бір күнде пәтер беру мүмкін емес. Жергілікті атқарушы орган мұқтаж жандарды баспанаман қамтуды қолға алып отыр. Жыл соңына дейін тағы 100 отбасы жаңа баспанаға ие болады», дейді Ш.Кейкин.

Жаңа баспанаға ие болғандардың қатарында Жансерік Дарғожиннің отбасы да бар. Ол Индерде ер жеткенімен, қазір Атырау қаласына көшіп келген. Бұл отбасыға үш бөлмелі пәтер берілді. «Пәтер кезегінде 2015 жылдан бері тұрмын. Осы кезеге дейін пәтер жалдап жүр едік. Жаңа пәтер алдық, қуанышымызда шек жоқ», деді ол.

Осындай қуанышқа көпбалалы ана Әсемгүл Рысмағамбетова да кенелді. Осы кезге дейін отбасымен ағайын-туыстарының

үйінде тұрған. «Өз баспанамыз болғанын армандап жүр едік. Балаларымыздың несібесі шығар, жана пәтерге ие болдық», дейді көз жасына ерік берген көпбалалы ана.

«Латифа» тұрғын үй кешенінің құрылысын «Нұр Атырау құрылыс» ЖШС жүргізген. Серіктестік директоры Нұрлан Нұрмұхановтың айтуынша, тұрғын үй кешеніне үлескерлерден қаржы алынбаған.

«Тұрғын үй кешенінің құрылысын өз қаржымызға жүргіздік. Өйткені бізге үлескерлердің қаржысын алуға рұқсат берілген жоқ. Қалалық әкімдіктің көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға пәтер сатып алу үшін жариялаған тендеріне қатыстық. Ашық тендерден 42 пәтерге тапсырысты ұтып алдық. Мұнда бір бөлмелі пәтердің аумағы – 40 шаршы метр, екі бөлмелі – 60 шаршы метр, үш бөлмелі – 80 шаршы метр. Әр пәтер автономды жылу жүйесімен жабдықталған. Әр отбасының пәтеріндегі жылууды қалаған уақытында қосып, ажыратуына мүмкіндік жасалған», деп мәлім етті Н.Нұрмұханов.

Атырау облысы



БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Әлидің әлемі

– гемофилияға шалдыққан барша баланың тағдыры

Көбінесе ұл балалардың арасында кездесетін, сирек әрі тұқым қуалайтын гемофилия дейтін кесел бар. Қанның ұюына әсер ететін VIII және IX факторларының жетіспеушілігінен науқастың қаны өте сұйық болғандықтан, абайсызда денесін жарақаттап, кесіп алса, стоматологиялық немесе хирургиялық манипуляциялардан кейін ұзақ уақыт қан тоқтамауы мүмкін. Осы диагнозбен өмірге келген балаларға өз ерекшелігіне бейімделуі мен ем-домын ерте бастауы маңызды. Бұл ретте Қазақстандағы «Takeda» биофармацевтикалық компаниясы мен Қазақстандағы гемофилияға шалдыққан мүгедек-пациенттер қауымдастығы қосылып, «Әли мен оның ішкі әлемі» кітабын жарыққа шығарды.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Алматыдағы С.Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасында таныстырылған ертегі повесі – Әли атты кішкентай кейіпкердің оқиғасын баяндай отырып, қоғам назарын өзіне аударады. Өмірден алынған оқиғалар осы балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, ел қатарлы өмір сүруіне септеседі, ал ата-аналарына құнды кеңестер береді.

– Алдында күрделі медициналық терминдерді айналдырып өтіп, гемофилиямен туған балалар туралы шытырман оқиғаларға толы, еліктіретін шығарма жазу міндеті тұрды. Бұған бала кездегі сүйікті авторларымыз Астрид Лингдрен, Виктор Драгунский, Ирина Токмакова, Джоан Роулингтер шабыт берді. Жазуға дайындық барысында көп ізденіп, ақпараттар жинап, гемофилиямен ауыратын балалардың аналарымен сөйлестім. Әли – осы дертпен дүниеге келген жүздеген баланың жиынтық бейнесі. Кітапқа осы балалардың ата-аналарының, әжелерінің, сондай-ақ олардың қоршаған ортаның мінез-құлқы ерекшеліктерін ашатын көптеген мәлімет кірді. Әлиді өз денесінің ішіне салып, оның ағзасында не болып жатқанын нақты көрсету идеясы бірден пайда болды. Визуалды және түрлі-түсті



мультфильмдер әлемінде өсіп жатқан қазіргі балалардың таным-түсінігі ауқымды. Ал Әлидің оқиғасы оларды баурап, бойында қиял мен ғажайыпты оятқанын қалаймын. Кез келген бала өз ерекшелігіне қарамастан, сүйіспеншілік пен құрметке лайықты, өзіндік бір әлем екенін түсінсе деймін, – дейді кітап авторы Ольга Огай.

Кітап тұсаукесеріне қатысқан ата-аналардың бірі Людмила Шагабутдинова:

– Бала Әлидің хикаясы – менің ұлым сияқты гемофилиямен туған барлық баланың тағдыры. Бұл – менің және мен сияқты талай ана мен әжелердің өмірі туралы әңгіме. Мұндай ертегілер аяушылық пен қорқыныш тудырудың орнына балаларға білім мен дұрыс бағдар береді. Гемофилия – баланы жақсы немесе жаман деп бөлмейтін ағзадағы

ахуал. Кейіпкер Әлидің сөзімен айтқанда, біз қалыптасқан ДНК ұяшығынан гемофилияны алып тастай алмасак та, оны қабылдап, онымен бірге өмір сүруді және бақытты болуды үйренеміз, – деді.

Кітап отандық медициналық қауымдастығының да қолдауына ие болып отыр. Мәселен, еліміздегі жетекші балалар онкологі әрі гематологі Ләззат Манжуова әлемде әртүрлі ауру бар екенін және олардың кейбірі өте сирек кездесетінін баяндай келе гемофилияға дұшар болған жандардың өмірін жеңілдететін және толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беретін емдеу әдістері табылғанын айтады. Оған қоса қоғам осы адамдардың мәселелерін қабылдауға, түсінуге қаншалықты дайын? Осы дертпен туған балаларды не мазалайды? Бұл балалардың өзінде және отбасында қандай

қорқыныштары бар? Бұл адамдардың ағзасында не болып жатыр? Еңбек осындай сауалдарға жауап берді.

Өз кезегінде Қазақстандағы «Takeda» бас директоры Михаил Владимиров:

– Компания зерттеу жұмыстарын дамыта отырып, сирек кездесетін ауруларды емдеудің жаңа тәсілдерін іздеуді жалғастыра береді. Медициналық ғылымның алға жылжуы гемофилияға шалдыққандардың өмірін ұзарта түсті. Инновациялық терапия арқылы осы пациенттер кәдімгі ел қатарлы кез келген кәсіпте табысқа жетіп, толыққанды өмір сүре алады. Бірақ қоғам сирек кездесетін аурулардан толық хабардар емес. Сондықтан гемофилиямен ауыратын науқастардың әлеуметтік бейімделу мәселелерімен байыпты түрде айналысу керек, – деді.

Осы тұрғыдан алғанда «Takeda» өкілдері «Әли мен оның ішкі әлемі» хикаясы инклюзивті мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететінін айтты.

Айтқандай, кітап коммерциялық сатылымға шықпайды. Ол белгілі таралыммен басылып, елдегі гемофилиямен ауыратын науқастардың арнайы ұйымдары мен мүшелеріне, оған қоса Алматы қаласының барлық аудандық балалар кітапханасында екі тілде таратылады.

Сонымен, бүгінгі таңда бүкіл әлемде шамамен 400 мыңдай адам гемофилия диагнозымен өмір сүріп жатқанын, 50-60%-ы осы кеселдің ауыр түріне шалдыққанын айта кетуге болады. Қазақстанда 2023 жылғы мәліметтер бойынша гемофилиямен ауыратын 1 633 науқас бар болса, оның 1 100-і – ересектер, 533-і – балалар.

АЛМАТЫ

ҚАЙЫРЫМ ҚАҒИДАТЫ

Қымбат құрылғының көмегі

Атырау облыстық балалар ауруханасына ең қымбат құрылғы сатып алынды. Жаңа құрылғының құны – 100 млн теңге.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдышевтің айтуынша, заманауи құрылғыны сатып алуға «Қазақстан халқына» қоры демеушілік көрсетті. Осылайша, аурухананың нейрохирургия бөлімшесі жаңа медициналық құралдармен толықты. Оның ішінде операцияға арналған үстел, нейромониторинг құрылғысы мен нейромонитор, операция кезінде қолданылатын косалқы бөлшектері бар.

Балалар ауруханасы директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Ербол Есболаевтың айтуынша, аталған құрылғылардың, оның ішінде операция үстелінің маңызы зор. Өйткені енді күрделі операцияларды жергілікті жерде жасауға болады.

«Біз бас сүйегінде, ми мен жұлында туа бітті немесе кейін пайда болатын ісік, өзге де жарақаттарды толық емдеуге мүмкіндік алып отырмыз. Нейромониторинг операция кезінде белгілі бір патологияның ену жолын дәл табуға септігі мол. Бұл – мидағы патологияларды



тез анықтауға мүмкіндік беретін инновациялық құрылғы», дейді Е.Есболаев.

Оның айтуына қарағанда, аурухана дәрігерлері жаңа құрылғымен алғашқы операцияны сәтті жасады. Операция

үстеліне желкесінде ісігі бар екі жасар бала жатқызылған. Жаңа құрылғының көмегімен балақайдың желкесіндегі ісік алынып тасталды.

Атырау облысы

МЕДИЦИНА МҮМКІНДІГІ

Нәрестеге күрделі операция жасады

Өткен жылы Жамбыл облысында ауыр дерт аркалап дүниеге келген бірнеше нәрестеге сәтті операция жасалды. Білікті мамандар тәуекелге бас тігіп, бейкүнә сәбилерге қолұшын берген еді. Мейірбан дәрігерлер бойында қауіпті дерті бар тағы бір нәрестенің өмірін сақтап қалуға күш салды.

Табигат МҮСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Шу ауданының орталық ауруханасында Даун синдромы және басқа да ауыр патологиясы бар нәресте дүниеге келген. Мамандар кішкентай сәбидің туа біткен ағалды атрезия (ішектің төменгі жағында тесік болмайтын туа біткен ақау) және асқазан-ішек жолдарында ақау бар екенін дер кезінде анықтап, шұғыл түрде оған операция жасау керек екенін айтып, Жамбыл облыстық перинаталдық орталығына жолдаған.

Мамандар келтірген дерекке жүгінсек, ішек артезиясы деп ұрық ішектің дамымаған бөлігін айтады екен. Салдарынан ішек жолдары жартылай немесе толық бітеліп қалатын көрінеді. Бір сөзбен айтқанда, бейкүнә сәбидің бойындағы дерт жеңіл емес. Нәрестені емдеу жұмыстары бірнеше кезеңді қамтиды.

Жаңа туған нәрестенің жағдайы маз еместігін түсінген дәрігерлер әбiгерге түскен. Облыстың штаттан тыс бас неонатологі Талғат Толықбаев пен неонаталдық хирург Нұртуған Әлжауаттың қатысуымен өткен тексеру

барысында мамандар тез арада операция жасау керек деген шешімге келген. Сарапшылар келтірген дерекке сенсек, уақытты өткізіп алу бала денсаулығы үшін айтарлықтай зор қауіп тудырған екен. Себебі ішектің белгілі бір құрамы сыртқа шықпай, ток немесе аш ішек қабырғалардың бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Ол уақытта науқас өмірмен қош айтысуы да ықтимал. Сондықтан да тәуекелге бел буға тура келген. Мамандардың айтуынша, бұл патологияны емдеу, сәби бойындағы қауіпті азайту үшін бірнеше операция жасау қажеттілігі туындайтын көрінеді.

Дәрігерлердің мұқият тексеруінен кейін хирургиялық операцияның алғашқы кезеңіне балалар хирургі Шавкат Құдайбергенов, анестезиолог Мұрат Рүстемов және

мейірбике Гүлзира Қабылбекова жедел кірісіп кеткен. Хирургиялық емдеудің алғашқы сатысында мамандар іш қуысын қайта қарау, стоманы жою жұмысын жүзеге асырған. Дерекке жүгінсек, операция жұлынның анальгезиясымен жасалған. Бұл операциядан кейінгі асқынулардың қауіпін едәуір төмендететін көрінеді.

Дәрігерлер бекер әбiгер болмапты. Жасалған операциядан кейін сәбидің жағдайы тұрақталған. Нәресте уақтылы тамақтанады екен. Ал ілеспе аурулар бойынша мамандар қосымша тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Ш.Құдайбергеновтің айтуынша, нәресте 6 айға толғанда емдеудің келесі кезеңі, яғни проктопластика жасалады.

Жамбыл облысы

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ



Бөртпе – бастапқы белгі

Қызылша вирустық инфекция болғандықтан, оны денеге шыққан бөртпеден бірден білуге болады. Тез жұғатын ауру ауа арқылы таралады және вирус адам бойында бірнеше аптаға созылады. Сондықтан болар қызылша қарқын алып тұр. Мамандар ауру белгілері байқалса, дәрігерге жүгінуге және қарсы көрсеткіштері болмаса, екпе алуға кеңес береді.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Өңірімізде қызылшамен ауырғандар әлі де тіркеліп жатыр. Былтырдан кешегі күнге дейін қызылшаға күдікпен 1 468 жағдай тіркелді, оның 991 жағдайында ауру расталды (67,5 пайыз). Мамандар ауырғандардың 88 пайызы екпе алмағанын айтады.

– Жас құрылымында 14 жасқа дейінгі балалар басым. Олардың үлесі – 70 пайыз. Олардың жартысынан көбі – 5 жасқа дейінгі балалар. Жыл басынан бері 372 жағдай тіркелді, оның жартысына жуығы, яғни 186-сы расталды. Қызылшаға қарсы жоспарлы вакциналаумен қамтудағы олқылықтарға байланысты сырқаттанушылықты тіркеу облыстың барлық аумағында байқалады. Екпе алмағандардың болуы және тұрғындар арасында белсенді көші-қон инфекцияның тез таралуына ықпал етеді. Қызылша өте жұқпалы болғандықтан, қызылшамен ауыратын науқастармен байланыста болған екпе алмаған және бұрын ауырмаған адамдардың барлығы дерлік ауруға шалдығады, – дейді облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байғұтанова.

Гүлжан Жақтайқызы да аурудан сақтанудың дұрыс жолы вакциналау дейді. Осыған байланысты аймағымызда қызылшаға қарсы қосымша иммундау әлі де жүргізіліп жатыр.

– Қызылша жұқтырған бала инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің төртінші күніне дейін, яғни 9 күн ішінде басқаларға жұқпалы болады. Алғашқы үш күнде қызылша респираторлық инфекция түрінде көрінеді. Дене қалтырап, басы ауырады. Жөтел пайда болады, мұрыннан су ағып, тамағы ауырады. Бұл кезде суық тию белгілеріне ұқсас, – дейді Қарағанды қаласының №5 емханасының педиатры Жұлар Құлболатова.

Сырқаттың алғашқы белгілері 3-5 күннің ішінде сезіледі. Бала тез шаршайды және дене

температурасы көтерілуі мүмкін. Бұл кезеңде қызылшаның негізгі симптомдары – науқастың аузында тістердің түбінде ерекше бөртпе пайда болады. Ол ертерек диагноз қойып, ертерек оқшаулауға мүмкіндік береді. Қызылша жұқтырған балаларда жөтел жиілеп, дене қызуы біртіндеп 40 градусқа жетуі мүмкіндігін айтады педиатрлар.

Сырқат жұқтырған бір жастағы балаларда қызылша байқала қоймайды екен. Бөртпе де бірден білінбейді. Бірақ баланың іші өтіп, құса бастайды. Аурудың алдын алмай, асқындырып алса, ауыр салдарға алып келуі мүмкін.

– Қызылша бөртпесі бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында, бас терісінде пайда болады, кейін бетке, мойын аймағына және кеудеге таралады. Науқастың саусақтары, аяғының төменгі бөлігінде де пайда болады. Өңі бозарады. Денедегі бөртпелер балаларға қарағанда ересектерде анық білінеді. Аурудың шарықтау кезі – осы бөртпелердің пайда болған кезі. Вирустың ең ауыр кезеңі де осы сәтте жүреді. Науқасты тексеру кезінде артериялық гипотензия, тахикардия, бронхит немесе трахеобронхит белгілері анықталуы мүмкін. Сол себепті науқастың жағдайын асқындырмай, дер кезінде дәрігер көмегіне жүгіну керек, – дейді Ж.Сабырқызы.

Ауруды анықтау үшін алдымен сараптама алынады. Баланың қан сарысуындағы қызылша вирусына антиденелерді анықтау қажет. Қызылшамен ауырған балалар көбінесе үйде емделеді. Егер науқастың жағдайы ауыр болса ғана ауруханаға жатқызылады екен.

– Бір жасқа дейінгі балалар міндетті түрде ауруханада ем алады. Жалпы, ауырған баланың гигиена сақтауын қадағалап, дәрумендерге бай сұйықтықты жиі ішкізу қажет. Денедегі бөртпелерге ештеңе жақпау керек. Бөлме температурасында баланы сумен жуындру жеткілікті. Онда да температурасы түскеннен кейін ғана, – дейді дәрігер.

Қарағанды облысы





| ТЫҢ ЗЕРТТЕУ


Ауыр дертке дауа дәрі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ бұл жұмыс ғылыми ортада алғаш рет айтылып отырған жаңалық емес. Өйткені біздің қоғам қазір біліп жатқан обырды жеңудің жолын, соның негізінде жасалған препаратты ғалым Д.Сарбасов алыстағы АҚШ-та жүрген жылдары ойлап тауып, патент алып қойған.

Негізі Дос Сарбасов әлемде, жалпы биология ғылымында MTOR ақуызының өсудегі, жасушаның өсіп-өну белсенділігіндегі, мРНҚ транскрипциясындағы және жасуша ішіндегі ақуыз биосинтезіндегі рөлін алғаш ашушылардың бірі ретінде танымал. MTOR ақуыз синтезіне, глюкоза, инсулин және липидтер, глутамин алмасуына, сондай-ақ қартаю үдерісіне, әртүрлі ісіктердің өсуін бастауға қатысады. Кейіпкеріміз 1997 жылы АҚШ-ғы Арканзас медициналық ғылымдар университетін («University of Arkansas for Medical Sciences») бітіргеннен бері, негізінен Техас университетінің онкологиялық орталығында жұмыс істеген уақытта (2006-2013 жылдары) осы MTOR ақуызына қатысты зерттеулер жасады. Сол зерттеулерінде әртүрлі ісіктердің өсуін бастауға қатысатын MTOR ақуызына тереңірек үңіліп, қатерлі ісіктердің өсу себебін зерделеді. Ұзақ жылғы зерттеуден кейін ғана ісік жасушаларының өмір сүруіне, тірі қалуына әсер ететін факторларды, дамуын тоқтататын жолдарды қарастыруға көшті. Соның нәтижесінде ғалымға дәрі жасау идеясы келген.

– 2013 жылдан бері, 10 жыл бойы осы бір тақырыппен айналысып келемін. Міне, нәтижесінде осындай препарат пайда болды. Ғылымда нәтиже тек табанды еңбекпен келеді. Әрине, осыншама уақыт тек дәрі дайындауға кеткен жоқ, алдымен идея келді, одан кейін оны теориялық тұрғыда зерттеумен, дәлелдеумен айналыстым. Обыр жасушасының глюкозаға ашығуы туралы 2015 жылы сұхбат бергенмін. Сол сәттен бастап обырдың өсуін тоқтату жолына қатысты идея туралы ашық айта бастадым. Обыр жасушасының глюкозаға ашығуы механизмін тұрғысынан қаншалықты жұмыс істейтінін, нәтижесі қалай болатынын, әсерін, бәрін тыңғылықты зерттейтінимізді айттым. Біраз зерттеуден кейін 2018



Суретті түсірген – Ерлан ОМІР, «ЕО»

жылы ғылыми мақаламызды дайындап, тапсырдық. Материал 2019 жылы жарияланды, – дейді ғалым.

Патент – АҚШ-тікі, препарат – біздікі

Бұл – Д.Сарбасовтың Техас университетінің онкологиялық орталығында (Хьюстон, Техас) Молекулалық және жасушалық онкология кафедрасының доценті және осы университеттің оқытушысы бола жүріп айналысқан ғылыми жұмысы. Ғылыми жұмысының нәтижесінде жасалған обырға қарсы дәрінің патенті де сол жылдары жарияланған ғылыми мақаласы негізінде АҚШ-та алынды. Ғалым 2019 жылы, 27

жылдан кейін елге оралды. Назарбаев университетінің профессоры, қазір аталған университеттегі «National Laboratory Astana» жеке мекемесінің бас директоры ретінде ғылыми жұмысын, он жыл бұрын бастаған тақырыбын жалғастырып жатыр.

– Ғылыми жаңалықтың патенті Техас университетіндегі Онкологиялық орталықтың иелігінде қалды. Бірақ мен АҚШ-тан, Техас университетінен кеткендіктен оларға бұл патенттің қажеті жоқ. Себебі бұл тақырып – ондағы жұрттың, университеттің емес, тек менің қызығушылығым. Патентке ақша төлеу керек. Олар бұған жыл сайын ақша шығындауға құлықты

емес. Сондықтан олар бізге лицензияны осындағы қазір еңбек етіп жүрген университетке алуды, әрі қарай сонда жалғастыруды ұсынды. Патент сонда қалғанымен, лицензияны алдық. Осы лицензия арқылы препаратқа қатысты барлық жұмысты, зерттеуді жүргізіп, өзіміз басқара аламыз, – дейді Дос Сарбасов.

Жаман аурудың барлық түріне арналмаған

Кейіпкеріміз басқаратын Назарбаев университетіндегі «National Laboratory Astana» зертханасындағы 167 ғылыми қызметкерден құралған үлкен ұжым обырға қарсы дәрі әзірлеумен айналысып жатыр. Әрине, олардың басқа да тақырыптағы ғылыми зерттеулері жетерлік. Бірақ осы материалымызға арқау болған препаратқа көбірек күш салып жатқаны анық. Себебі дәрі қолданысқа енгізілсе, әлемде баламасы жоқ өнім болғалы тұр. Дегенмен бір нәрсенің басын ашып айту керек. Дәрі жаман аурудың барлық түріне арналмаған. Тек қатерлі ісіктің KRAS-мутантты түрлерін емдеуге бағытталған. Қазір зертхана мамандары дәріні өндіріске енгізу жолында бірнеше ұйыммен бірлесе жұмыс істеп жатыр.

– Препарат С дәруменінің жоғары доздағы D-формасының (D-VC) шағын концентрациядағы мышьякпен (arsenic trioxide, ATO) қосындысына негізделген. KRAS гени прото-онкоген саналады, оның мутациялары қалыптасушыларды қатерлі жасушаларға айналдырады. KRAS мутациялары көбіне ұйқы безінің қатерлі ісігінде байқалады, сонымен қатар тоқ ішек қатерлі ісігінде, өкпе ісігінде кездеседі. Көпжылдық зерттеулердің нәтижесінде біз KRAS-мутантты ісік жасушаларының өсуін тоқтату үшін тотығу стрессін қолдан жасадық. DV-C ii ATO комбинациясы тотығу стрессін тудырады, обыр жасушаларының митохондриялары арқылы радикалдарды суицидке апарды. Яғни тотығу стрессі туындаған кезде обыр жасушалары өз жасушаларын өлтіретін көптеген радикал шығарады. Кейінгі 3 жыл ішінде зерттеудің сенімділігін дәлелдеп, 2022 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінен клиникалық сынақтар өткізуге грант алдық. Алғаш рет Алматы фармакологиялық зауытында С витаминінің D-формуласының шектеулі

партиясы шығарылды. Ал екінші препарат – сынауға қажетті мышьяк (күшәла, элементтердің периодтық жүйесінің V тобындағы химиялық элемент) оксиді Үндістаннан сатып алынды. Былтыр Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институтымен бірлесіп клиникалық сынақтарды бастадық, – деді Д.Сарбасов.

Сынақтың соңғы сатысы

Ғалымның айтуынша, клиникалық сынақтар әлі жалғасып жатыр. Өйткені препараттың тиімділігін арттыру үшін оның оңтайлы, максималды төзімді дозасын анықтау керек. Қазір препарат Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институтының базасынан таңдалған 15 еріктіде сынақтан өткізіліп жатыр. Сынаққа еркімен қатысып жатқан барлық науқаста үшінші және төртінші сатыдағы тоқ ішек қатерлі ісіктің басқа да түрлеріне қолдану жоспарланған. Препаратты қолданудың әсерін анық көру мақсатында қатерлі ісіктің соңғы сатысында жүрген науқастар таңдалған. Себебі қазір медицинада бірінші және екінші кезеңдердегі пациенттер емделетін деңгейге жеткен. Ал сынаққа қатысып жатқан пациенттердің бірінде жақсы нәтиже байқалған, оның қатерлі ісігі 30 пайызға төмендеді.

– Алайда бұл өнімді жаппай өндіріске енгізуге болады дегенді білдірмейді. Адамдарға қолданылатын мұндай дәрілерді қолданысқа жіберуге рұқсат алу соншалықты оңай шаруа емес. Жалпы, препараттарды әзірлеу және енгізу он жылға дейін созылады. Оған қазіргі нәтижеміз жеткіліксіз. Тағы да зерттеу қажет, клиникалық зерттеулердің қазіргі кезеңінде жақсы нәтижеге қол жеткізуіміз керек. Кейбір мәселелерде біз кері қарай жүріп, зерттеулерді, жұмысты қайтадан бастауға мәжбүр боламыз. Нақты нәтиже алу соны талап етеді. Содан соң біз мыңнан аса адам қатысатын клиникалық сынақтың соңғы сатысына жетуіміз қажет, оған әлі ерте, клиникалық зерттеулердің өзіне кемінде үш жыл керек. Дегенмен, түпкі нәтижеге жеткен жөн. Ал оған біраз қаражат пен табандылық қажет. Бірақ біз мұның жемісін көре аламыз. Себебі препарат қолжетімді компоненттерден жасалғандықтан, қазір қолданылып жүрген химиялық терапиядан әлдеқайда арзан болады, – деді профессор.

| ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Ғылымды қаржыландыру – қоғам дамуының негізі

Ғылым саласы тиісті деңгейде қаржыландырылса ғана қатардан қалмай, бәсекеге қабілетті ел болатынымыз анық. Ғалымдардың ғылыми зерттеумен айналысуына жағдай жасалса және олардың жобасы келерісіз өндіріске еңсе, инновацияның игілігін көрер едік. Сондықтан ғылымды қаржыландыруды қоғам дамуының негізі ретінде қарастыра аламыз. Қуантарлығы осыған қадам жасалып жатыр. Жыл сайын аталған салаға бөлінетін қаржы артып келеді.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2020-2023 жылдарға 249,5 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде 2020 жылға – 35,5 млрд теңге, 2021 жылға – 48,7 млрд теңге, 2022 жылға – 45,5 млрд теңге, 2023 жылға 119,8 млрд теңге қарастырылған. Жоспарланған қаражаттың есебінен базалық қаржыландыруға – 9,4 млрд теңге, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға – 83,3 млрд теңге, гранттық қаржыландыруға – 119,8 млрд теңге, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялауға – 34,1 млрд теңге, гранттық қаржыландыруға және іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыруға 2,9 млрд теңге бөлінген.

Министрліктің ресми мәліметіне сүйенсек, осы қаржының 91 пайызы, яғни 227,8 млрд теңгесі толық игерілген. Оның ішінде 2020 жылы – 35,4 млрд теңге, 2021 жылы – 44,6 млрд теңге, 2022 жылы – 45,4 млрд теңге, 2023 жылы 102,4 млрд теңге ғылымның дамуына жұмсалған.

Ал 2023-2025 жылдарға арналған ғылымның жалпы бюджеті алдыңғы үшжылдық кезеңмен салыстырғанда 3,3 есе – 643 млрд теңгеге дейін өскен екен. Бұл ретте 2024-2026 жылдарға көзделген

бюджет тағы 13 пайызға артып, шамамен 730 млрд теңгені құрап отыр. Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында іргелі зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми институттарға қосымша қаржыландыру да бөлінген. Сондай-ақ жас ғалымдарға да жақсы қолдау көрсетіліп, бүгінде олар 727 ғылыми жобаны жүзеге асырып жатыр. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, өткен бірнеше жыл ішінде мұндай грантпен қаржыландырылған жобалардың елдің ғылыми-техникалық дамуына қосқан жалпы үлесі 68,6 млрд теңгені құраған. Міне, сандар солай дейді.

Ғылымды қаржыландыру ізденіс жүргізіп, жаңа әзірлемелер жасауға негіз болады. Мұндай қолдау арқылы зерттеушілер эксперимент жүргізіп, деректер жинау, талдау жасау жұмыстарын қиындықсыз іске асыра алады. Сол арқылы ғылыми прогресс пен технологиялардың дамуы ілгерілейді әрі экономиканың жаңа салаларын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, өмір сүру деңгейін жақсартуға, жалпы қоғамның экономикалық және әлеуметтік өркендеуіне ұзақмерзімді әсер етеді. Бұл салада қаржылық тәуелділік болмаса ғана ғылыми жаңалықтар ашылып, жаңа технологиялар арқылы адамзаттың өмір сүру сапасы жақсарыды. Сондықтан

елімізде отандық ғалымдардың әлеуметтік жағдайын да жақсартуға мән беріліп жатыр. Ғылыми қызметкерлердің жалақысын көтеру, баспанамен қамтамасыз ету оларға арнайы гранттар тағайындау, стипендия беру мәселелері оңтайлы шешіліп келеді.

Мысалы, 2020 жылы ғалымдардың орташа жалақысы 152 мың теңгені немесе нарықтағы орташа жалақының 72 пайызын құраса, 2022 жылы ғылым саласындағы төменгі жалақы 257 мың теңгеге тең болды. Ал қазір 300 мың теңгеден басталады. «Ғылымды қазір министрлік қолдап отыр. Соның нәтижесінде біздің, яғни, ғалымдардың айлығы 2 млн теңгеге дейін жетті.

Менің қазіргі кездегі жалақым 2 млн 300 мың теңгені құрайды. Ал жұмысқа жаңадан кірген жастардың айлығы 300 мыңнан басталады. Жас ғалымдарға берілген пәтер бойынша бізден 4 зерттеуші баспаналы болды. Олардың айлығы 400-500 мың теңге көлемінде», дейді техника ғылымдарының докторы, профессор Бағдәулет Кенжәліұлы.

Сондай-ақ ғалымдарды ынталандыру үшін 2021 жылдан бастап 6 млн теңге мөлшерінде жыл сайын 50 «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығы беріле бастады. Ал былтырдан бастап министрлік тарапынан 500 ғылыми зерттеуші қызметкерге, профессорларға, жас ғалымға, он екі

айға дейін дүние жүзінің жетекші жоғары оқу орындарында, лабораторияларында, ғылыми зерттеу институты негізінде тағалымдамадан өту мүмкіндігі қарастырылды.

Айта кетейік, отандық ғалымдар жыл сайын ұйымдастырылатын «Scopus Awards» сыйлығын иеленіп жүр. Тіпті профессорлардың алдыңғы қатары әлемдік беделді ғалымдардың 2 пайызына кірді. Ғалымдардың беделді шетелдік ғылыми басылымдарға тұрақты мақала жазуы да тың жаңалықтардың бар екенін аңғартады. Осы орайда мемлекет тарапынан ғалымдарға жетістігі үшін арнаулы сыйақы тағайындалған. Жаратылыстану

ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін К.Сәтбаев атындағы сыйлық (350 айлық есептік көрсеткіш), гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық (350 айлық есептік көрсеткіш), педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық (350 айлық есептік көрсеткіш), түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтетін атындағы сыйлық (300 айлық есептік көрсеткіш), жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.Қонаев атындағы сыйлық (150 айлық есептік көрсеткіш), гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы сыйлық (150 айлық есептік көрсеткіш) беріледі. Бұған қоса 24 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі мемлекеттік ғылыми стипендия да бар.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, К.Сәтбаев атындағы сыйлықты – 3, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықты – 4, ал Күлтетін атындағы сыйлықты 1 ғалым иеленген.

Ғылымды қаржыландыру білім мен технологияны дамытуда шешуші рөл атқарады. Бұл қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, нәтижеге қол жеткізу үшін маңызды. Ғылым – қашанда қоғамды алға жетелейтін сала. Ал ондағы жаңа идеялар мен жобалар – ел дамуының негізгі тетігі. Қазіргі жаңа технологияның дамуы заманында ғылымға жеткілікті қаражат бөлу ел болашағына инвестиция салу деген сөз.

Би-Фатима ЕРАЛХАНҚЫЗЫ



2020-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАП
«ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ» БАҒДАРЛАМАСЫНА
БЮДЖЕТТЕН 249,5 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ



КӨЗҚАРАС

Бүгінгі талапкер һәм болашақ мұғалім

Рухани бастамалардың жаршысы болуға тәрбиелейтін бірден-бір маман – мұғалім. Ол ұлттық жауһарларға жақын азаматтың қалыптасуына еңбек сіңіріп, берік сабақтастықтың алтын көпіріне айналып отыр. Себебі азаматтың да, азаматтықтың да ұстанымын ұрпақтан-ұрпаққа аманаттайтын ұстаздар қауымы екені әуелден мәлім. Халық ішінде: «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен, тарихтағы ең ұлы кәсіп» деген даналық текке айтылмааса керек. Тарихта өз бағасын алған ұстаздықтың бүгінгі жай-күйі қалың бұқараны алаңдатпай қоймайды. Әсіресе педагогикалық кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарына артылған жауапкершілік салмағы орасан. Неге десеніз, әлемдік аренадағы құндылықтардың өзгеруі, медиакеңістіктің көз ілестіретін дамуы, инновациялық білім технологияларының серпінді сынды факторлар оқу және оқыту ісін айналып өтпесі анық.

Әсілінде, оқыту парадигмалары өзгеріске ұшырағанымен, педагогикалық тенденциялар өз қалыбында. Әлемдік білімді ұлттық тәрбиемен ұштастырып, бүгінгі заманның талабына сай «Цифрлы педагог» әзірлейтін отандық оқу шаңырақтары өз стратегиялық мүмкіндіктерін молынан пайдаланып келеді. Жасыратыны жоқ, кейінгі уақытта «Педагог мәртебесі», «Педагогикалық кадрларды даярлау» сынды мәселелер күн тәртібінен түспей тұр. Біздіңше, бұл – қалыпты құбылыс. Қай заманда да бала оқыту ісіне келгенде салғырт қарамайтын ұлттық ерекшелігіміз жаңа дәуірде де өз дәстүрінен айнымай, аталған мәселені жіті назарға алып, аса ыждағаттылықпен мән беріп отыр. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезі мінберінен: «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағлымды тәрбие мен озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі. Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды», деді.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» дегені дәуір сабақтастығының үзілмегенін, ұлттық құндылықтардың күні бүгінге дейін өз биігінде екенін айқындап тұрғандай. Рас, мемлекет дамуының денгейі, бәсекеге қабілеттілік межесі, дүниежүзілік нарықтағы беделі – бәрі-бәрі білім сапасымен анықталатын индикатор. Сондықтан педагогикалық кадр даярлауда нысанаға – ақпараттық жүйеге дағдыланған, шығармашылық ұмтылыс қарқыны жоғары, жүктелген міндеттерді шешудегі тұрақтылық көзделеді. Біз өз кезегімізде өмір сүріп жатқан қоғамымыздың саяси және әлеуметтік, экономикалық құрылымын қайта құруда халыққа білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды қанағаттандыруға мүдделіміз. Себебі білімге және ғылыми әлеуетке негізделген қоғам ғана жаһандану құбылыстарын лайықты қабылдап, әлемдік даму көшіне отанышылдық рухта ілесе алады.

XXI ғасырдың педагогикалық парадигмасы адам ресурстарын бағалауға негізделіп, экономикалық даму қажеттіліктерге сай болуды талап етеді. Айталық, педагог кадрларды даярлау үдерісінің тарихи аспектісі ғылымға дейінгі, классикалық және қазіргі заманғы деп жіктелуі қазіргі күні өзіндік сипатта құбылу үстінде. Бұл ретте «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндама жобасы білім беру саласындағы сәтті уақытта қолға алынған жоба болғанын тілге тиек ете кетейік. Виртуалды және толықтырылған шынайылық, интерактивті платформалар мен жасанды интеллект

іспетті цифрлық технологиялар, шын мәнінде, оқу үдерісінде студенттерге теория мен тәжірибелік дағдыларды тиімдірек меңгеруге мүмкіндік береді. Қуантатыны, отандық педагогикалық жоғары оқу орындарындағы иммунитет бұл өзгерістерді қабылдауға дайын әрі бейім. Сөйкесінше, елдегі педагогтердің жетіспеушілігі мәселесін шешуде жаңа үлгідегі педагогикалық білім беру бағдарламаларын қамтитын оқу орындарының ашылуы – ең ұтымды шешім. Осы туралы Президент: «Елордада педагогикалық жоғары оқу орнын ашу туралы ұсынысты қолдаймын. Бұл – дер кезінде көтерілген бастама. Сол арқылы салынып жатқан мектептерге қажетті мамандар даярлауға мүмкіндік туады. Әділетті қоғамды құру үшін, ең алдымен, өскелең ұрпақтың жан-жақты, толыққанды дамуын қамтамасыз ету маңызды. Сондықтан мектептердегі білім беру ісі балалардың әлеуметтік жағдайына қарамастан, инклюзивті әрі барлық бала үшін қолжетімді болуға тиіс», деді.

Осы арқылы біз педагогтердің тапшылығы кезек күттірмейтін мәселе екенін ұғынамыз және оның шешімін табуға атсалысып келеміз. Мәселен, 2024 жылдың қаңтар айындағы есеп бойынша, республика мектептерінде 3 мыңға жуық педагог жетіспейді. Министрлік тарапынан өңірлерде педагогикалық мамандықтарға мемлекеттік білім беру гранты мен оқуға қаржы бөлу бойынша шаралар қабылданып жатыр. Айталық, қазіргі уақытта педагогикалық бағыттарда оқытын жоғары оқу орындарының студенттері үшін шәкірталық мөлшері 67 мыңға дейін ұлғайтылған. Педагогикалық білімі жоқ адамдар үшін педагогикалық қайта даярлау бойынша жұмыс жалғастырылып отыр және 2020 жылдан бастап педагогтердің жалмақысы 2 есе артқан, әлі де артады. Ал мұғалім тапшылығы – маңызды мәселе. Бұл педагогикалық кадрларға қажеттілік денгейін көрсетіп отыр. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында педагогикалық үдерістің барлық құрамдас бөлігінің интеграциялық әлеуетін кеңейту шаралары күшейтіліп жатыр. Сондай-ақ педагогтерді оқытудың тәжірибеге бағдарланған модельдерінің кең спектрі әзірленіп, жаппай енгізілу үстінде. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыру әрі қарай жалғасып, қарқынды түрде жүзеге асырылар болса, мәселенің түіні тарқатылады дегенге сеніміміз мол.

Әлемдік үрдістер және педагогтерді даярлаудың халықаралық тәжірибесіне мұқият ден қояр болсақ, кейінгі кезде құлағымыз жиі шалатын «жасанды интеллект» ұғымымен соқтығысып қалып жатамыз. Бұл дегеніміз – адамның зияткерлік күшін компьютерлік жүйелер арқылы модельдеу. Елімізде жасанды интеллект мектебінің ашылуы, отандық ғылымның осы бағытта ілгерілеуі расында көз қуантады. Алайда көпшілікті



«Мұғалім және жасанды интеллект» тандемі алаңдататын көрінеді. Демек болашақта ұстаздың ролін жасанды интеллект алмастырады деген қауіп бар. Рас, бұл жүйенің ресурсы әлдеқайда жоғары әрі мұндай дәуірдегі мұғалім анағұрлым педагогикалық шеберлікті меңгерген маман болуы қажет. Алайда біз жасанды интеллектке емес, жасанды интеллект бізге жұмыс істеуі керек. Ол ешқашан мұғалімнің орнын алмастыра алмайтын, мұғалім берген мейірімді бере алмайтынын ұмытпайық. Сондықтан оның мүмкіндіктерін белгіленген шекте ғана пайдаға жаратып, жалшыға ортақ игіліктер үшін қолданған абзал.

Қазіргі күні 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберіндегі міндеттерді жүзеге асыруда отандық оқу орындары түбегейлі өзгерістерге төтеп бере алатынын дәлелден отыр. Солардың бірі – түлектері еліміздің педагогикалық әлеуеті жоғары критериймен сұранысқа негізделген Арқалық педагогикалық институтындағы Арқалық педагогикалық институты. Өңірдегі педагогикалық жоғары оқу орны педагогтерге арналған ұлттық біліктілік талаптарына сай, темірқазығы мықты мұғалімдерді даярлауымен, ұлттық нақыш элементтерінің ерекшелігін оқытуда шебер пайдалана алатын маман әзірлеуден танымал. Мұнда мемлекеттік стратегияны ілгерілету бағытындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігі, озық кадрлық қамтамасыз ету, жоғары білім берудің инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыру, университеттің үшінші миссиясы, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту сынды міндеттер басты назарда. Біз «талапкер – студент – түлек» моделі үлгінің байланысын нығайтып, әрқайсысының өз функциясын жоғары дәрежеде орындауына мүдделіміз.

Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық, саяси, мәдени кеңістіктегі оқытудың ролі, ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар төңірегіндегі ғылыми көзқарастар қактығысы – педагогикалық кадр даярлаудың алғышарттарының бірі. Ғылыми-педагогикалық саладағы білім беру үдерісі және нәтиже деген екі ұғымнан тұрады. Білім берудегі мақсат, міндет, мазмұн – үдерістің еншісінде

болса, нәтижеге дағды мен іскерлікті жатқызамыз. Сондай-ақ психологиялық педагогикалық технологиялардың маман даярлаудағы үлесі басым. Педагогикалық білімнің жанашылдық деңгейін заманауи трендке сәйкестендіру үшін инновациялық педагогикалық, педагогикалық менеджменттегі мотивациялық, болашақ маманның зияткерлік, жастардың ғылыми әлеуетін мықтап нығыздап, тамырын тереңдетуге тусу керек. Сонда ғана оқытудағы заманауи қажеттіліктерді қанағаттандырып, озық, креативті, цифрлы педагог мамандарға қол жеткізесіз. Мәселен, Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтындағы профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің smart ресурстарын арттыру олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтереді. Институт ұжымы педагог кадрларды даярлаудың проблемалары мен заманауи мүмкіндіктеріне анализ жасай отырып, өзіндік тұжырым жұмысы және халықаралық ынтымақтастығы ғылым драйверіне айналғаны дәлел. Себебі халықаралық ынтымақтастық – институт қызметінің басым бағыттарының бірі. Оның үстіне институт ұжымының алдында бірлескен және мүмкіндігінше қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын іске асыру мақсатында ынтымақтастықты дамыту міндеті бар. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын іске асыру жүйелі жүзеге асады. Оқу ордасындағы білім беру және ғылыми үдерістерді жаһандандыруды

арттырудың негізгі индикаторларының бірі – шетелдік жетекші жоғары оқу орындарынан шетелдік профессорларды тарту. Осындай әлеуетті қадамдар арқылы әлемдік педагогикалық талаптарды қанағаттандыратын әмбебап педагог даярлауға даңғыл жол саламыз.

Айта кету керек, «Altynsarin institute» «Университеттің үшінші миссиясын» орындауға үлкен ынты-жігермен кірісіп кетті. Бұл дегеніміз жастар арасындағы еріктілікті, жоғары оқу орындарының өңірдің әлеуметтік өміріне тартылуын, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды іске асыру міндеттерін көздейді. Сөйкесінше, оқу ордамыздың қабырғасында ерлі-зайыптылардың, әке мен бала, ана мен қыз арасындағы түсініспеушілікті сөйітіп, консультация жүргізетін психологиялық қолдау орталығы, тартынбай тамшы-тамшы тәлім беретін «Гибрат сабақтары» сынды іс-шаралар жолға қойылып, жүргізіледі. Бұл өз кезегінде әке, ана, дала мектебін қалыптастыруға, ата-ана болмысын айшықтау негіздері сияқты мәселелерді көздеп, әлеуметтік қолдауға сеп болатын тың бастамаларға айналып отыр.

Қоғамға, ең алдымен, адами қасиеттер бойына дарыған азамат керек, елімізге ұлттық құндылықтармен біте қайнаскан ұлтжанды перзент қажет, түлекке жұмыс берушіге қажетті дағдыларды сіңірген қызметкер болуы маңызды десек, отбасына мейірім мен жауапкершілігі жоғары ата-ана, ал жеке адам үшін бақытты және дені сау өмір иесі болуға тиіс. Міне, осы құндылықтар мен шарттарды орындау мектептен басталады. Отандық білім беру жүйесі осы талаптарға сай болуы керек. Арқалық педагогикалық институты осы ерекшеліктерді біледі, түсінеді және осы бағытта жан-жақты жұмыс атқаруды мақсат тұтады.

Сөз соңында, алғашқы дала мектебінің іргетасы қаланған Торғай жеріндегі киелі шаңырақта еңбек ету әрбір жауапты азамат үшін абырой деп есептеймін. Себебі небір ағартушылардың ізі қалған өңірде болашақ ұстаздарды даярлауға атсалысу – азаматтық ұстанымды айқындайтын өлшем.

Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ,
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының басқарма төрағасы-ректор

БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІК

Оқу үдерісіндегі жаңашылдық

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бакалавриат деңгейіндегі оқу үдерісіне біршама өзгеріс енгізіп жатыр. 2024-2025 оқу жылынан бастап 1-курс студенттері жасанды интеллект саласын оқып, ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Жаңа оқу жылында университет барлық педагогикалық бағыт бойынша бакалавриат деңгейіне арналған «Міно» бағдарламасын енгізеді. Студенттер инклюзивті білім берудің үш қосымша пәнін оқиды: «Инклюзивті сыныпта оқытудың әмбебап дизайны», «Ерекше білім беруді қажет ететін баланың отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі» және «Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды тьюторлық қолдау». Осы бағытта университет қызметкерлері ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істеу бағытындағы оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

– Жыл сайын техникалық, инженерлік және педагогикалық мамандықтарды меңгеруге

ниет білдіргендер саны артып келеді. Біздің университет еңбек нарығының қажеттіліктеріне және технологияның дамуына сәйкес білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіреді әрі жаңаларын әзірлейді. Жұмыс берушілермен, шетелдік университеттермен, ірі компаниялармен бірлесіп, еңбек нарығының сұранысы бойынша жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеп жатырмыз. Қазір 40-қа жуық инновациялық бағдарлама бар. Олардың 18-і педагогикалық, инженерлік және техникалық бағыттарды қамтиды. Оқу орнында оқыту үдерісі үш тілде жүргізіледі және 45 білім беру бағдарламасы ағылшын тілінде қарастырылған. Сондай-ақ университетіміз қысқартылған білім



беру бағдарламасы бойынша үш жағдаятқа пәні мұғалімдерін даярласа, бийл «Ғарыштық техника және технологиялар» білім

беру бағдарламасы бойынша докторантура ашылады, – деді университеттің Академиялық мәселелер департаментінің

директоры Байжұман Қашқынбай. Ұлттық университетте педагогикалық, инженерлік, техникалық бағыттағы жоғары білікті

кадрларды даярлауға көп көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда оқу ордасында осы салаларда үш деңгей бойынша 12 мыңнан астам студент білім алып жатыр. 244 білім беру бағдарламасының 100-і педагогикалық, инженерлік-техникалық бағыттар бойынша қарастырылған.

Дарынды жастарды ғылымға тарту мақсатында 2024-2025 оқу жылынан бастап бакалавриат бағдарламаларына екі жаңа модуль енгізіледі. Олардың бірі ғылыми компонентті қарастырады. Студенттер оқудың бірінші жылынан зерттеу жұмыстарымен айналысады. Екіншісі – модуль жасанды интеллектті зерттеуге бағытталған. Студенттер осы бағытта білімін кеңейтіп, озық цифрлық технологияларды меңгереді деп күтіліп отыр.

Нұрәулет КӘРІБАЙ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 2-курс студенті



| МАМАН ПІКІРІ

Тұтынушылар талабы ескерілмеген

Заң талаптарын дұрыс білмеген тұтынушылар сауда-саттық кезінде түрлі келенсіздікке тап болып жатады. Тиісінше тұтынушы құқығын ескермей, саудасын адал жүргізбеген кәсіпкерлер де қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ұмытпағаны жөн. Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің мамандары азаматтарды мұндай мәселеге тап болмас үшін өз құқығын егжей-тегжей зерделеуге шақырды.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Кез келген тауарды сатып алмас бұрын сатушының міндеттерін, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын өндіріп алу, залалды өтеу мәселесіне қатысты заң тармақтарын мұқият ескеріп барып, шарт жасасқан абзал. Шартта көрсетілген тармақтардың бірі бұзылған жағдайда, кейінгі әрекеттер сот тәртібімен қаралады. Бизнес мекемелер мен кәсіпорындар өздері орнатқан қағидаларды алға тарта отырып, тұтынушылар құқығын аяқасты ететін сәттер аз емес. Олар халықтың заңнан хабарсыздығын жиі пайдаланады.

«Тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға, шығындарды өтеуге және шартта көрсетілген немесе шарттың құрамында болмаған басқа да тармақтарға қатысты барлық мәселе тек сот тәртібімен шешіледі. Бүгінгі таңда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 190-бабы, бірінші тармағы және алаяқтық туралы Қылмыстық кодекстің 190-бабы бар екенін атап өткім келеді. Яғни екі бап та ішкі істер органдарының құзыретіне жатады», дейді Алматы қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев.

Елімізде тұтынушылар шағымын қараудың 3 сатылы тетігі бар. Бірінші кезеңде тұтынушы сатушыға сотқа дейінгі тұтынушы ресми түрде жүгініп, тауардың немесе қызметтің кемшіліктерін көрсетуге тиіс. Оған ұнамаған жайт немесе тауардағы қандай да бір ақау туралы барлық талап көрсетілуі міндетті. Дегенмен мұның нақты формасы жоқ. Шағымда сатушы ұйымның атауы, чектен алынған мәліметтер, тауардың не себепті көңіліңізден шықпағанын, нәліктен қайтарғыңыз келетінін баяндауға тиіссіз. Бұдан әрі жүгінетін



адамның (тұтынушының) деректері көрсетіледі. Айтпақшы, дәл қазіргі уақытта Мәжіліс тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізетін заң жобасын қарастырып жатыр.

«Сотқа дейінгі талап еркін нысанда жасалады, жоғарғы жағында сатушының атауы көрсетіледі. Егер бұл ЖШС немесе ЖК деректері болса, бұдан әрі шағыммен жүгінетін тұтынушының өзі көрсетіледі. Онда тауар туралы барлық ақпаратты жазған жөн. Шағым сатушыға екі данада қолма-қол беріледі, олардың біреуінде шағымның данасын алғаны туралы қол қойылуы керек. Екінші нұсқа – пошта немесе курьерлік қызмет арқылы тапсырыс хат. Үшінші әдіс – сатушының ресми сайтына қолданатын жолдама. Осы шағымды жібергеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде адресат сізге ресми түрде жауап беріп, шағымда көрсетілген талаптарды жоюға тиіс», дейді мамандар.

Бытыр 9 айда еліміздің он өңірінде ЖОО базасында жұмыс істеп тұрған «Тұтынушылардың ұлттық лигасы» 9 954 сатып алушыға 2 млрд 458 млн теңгені қайтаруға көмектескен. Ал Алматыда құқығы бұзылған тұтынушыларға шамамен 190 млн теңге қайтарылған. Өзіңізді жосықсыз сатушылардан қорғау үшін келісімшартты дұрыс жасау өте маңызды. Мысалы, өнім жасалатын материалдың артикулін жазып, интернеттегі пікірлерді зерттеудің артықтығы жоқ.

«Сатушылар тұтынушыларға толық құқығы бар нәрседен жөн-жосықсыз бас тартады. Пошта арқылы тапсырыс берген тауардың орнына басқасы келуі, өнім сапасы жарнамадағыға

сай болмауы – тұтынушылар көп зардап шегетін мәселе. Тауарларды онлайн сатып алу кезінде дүкен туралы ақпаратты мұқият зерттеңіз. Егер ірі және танымал компанияның сайтымен тапсырыс беретін болсаңыз, өз браузеріңізден ресурстың мекенжайын дұрыс жазғаныңызға көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда дүкен әкімшілерінен заңды тұлға туралы ақпарат беруді, оны салық органдарының жалпыға қолжетімді дерекқорлары мен заңды тұлғалардың тізімін қолдана отырып тексеруді талап етіңіз. Кең таралған құқық бұзушылықтар тізіміне қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және мерзімдер туралы шарттың орындалмауы кіріп отыр. Мысалы, тапсырыс берілген жиһазды уақытында бермейді немесе жөндеу жұмыстарын аяқтамайды. Егер сіз тапсырыс берген жиһазды уақтылы жеткізбеген болса, онда өзгерту мерзімі аяқталған кезден бастап тұтынушы төлеген құннан кешіктірілген әр күн үшін 1% өсімпұл ала бастайды. Егер бір жыл бойы осы жиһазды жеткізбесе, онда сатушы 300 пайыздан астам өсімпұл төлеуі керек және бұл оны келісілген кездегі оның сапасы мен жауапкершілігінен босатпайды. Сондай-ақ ұялы байланыс қызметтеріне, интернеттің сапасына, операторлардың тарифтерді біржақты түрде өзгертетініне және өздерінің бұл туралы мүлдем хабарсыздығына, тұтынушыларға қажет емес қызметтерді қоймай ұсынатынына жиі шағым түседі.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 24-бабы бойынша, бізде өз еркімізбен таңдау мүмкіндігі бар, ешкім бізге қажет емес нәрсені таңуға құқылы емес»,

дейді «Ұлттық тұтынушылар лигасы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті Светлана Романовская.

Атаулы мерекелер қарсаңында көптеген ірі дүкенде жаппай сатылым науқаны басталатыны мәлім. Осындай кезде тұтынушылар құқық қорғаушылар азаматтарды әрбір сауда-саттық келісінде мұқият болуға шақырады.

«Тұтынушылар тауарды сатып алғаннан кейін екі апта ішінде оны кері қайтаруға қалай құқылы болса, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 14-бабы негізінде несиеден де екі апта ішінде бас тартуға құқылы. Мұндайда тек осы екі апта ішіндегі пайызын төлейді. Егер несиеге алған тауар көңілден шықпай жатса, осыны естен шығармаған дұрыс. Екіншіден, азаматтардың тауарды қайдан алып жатқанын түсінгені де өте маңызды. Себебі алаяқтық әрекеттер жиі кездеседі. Тауардың қазір қанша тұратынын және «жеңілдіктер жұмасында» қаншаға сатылатынын білген жөн», дейді С.Романовская.

Сауда және тұтынушылар құқық қорғау департаменті қызметіндегі басым бағыттардың бірі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеуге қатысты делдалдық схемаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия отырысын үйлестіру. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл бағытта 43 отырыс өткізіліп, 175 заң бұзу фактісі анықталған. Сонымен бірге сауда саласындағы заңнамада шикілік танытқан кәсіпкерлерге қатысты 163 әкімшілік хаттама толтырылған.

АЛМАТЫ

| ТАЛАП ЖӘНЕ ТӘРТІП

Заңсыздыққа ТЫЙЫМ

Жеке және заңды тұлғалардың жолдаған хаттары мен шағымдарын жан-жақты сапалы қарау және азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру – прокурорлар жұмысындағы басты міндеттердің бірі.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

2023 жылы прокуратураға азаматтар мен заңды тұлғалардан 373 мыңнан аса жолданым келіп түскен. Оның негізгі бөлігі, яғни 158 мыңы әлеуметтік-экономикалық саладағы мәселелерге қатысты. Хаттардың үштен бірінен астамы сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің заңдылығына білдірілген шағымдар. Сондай-ақ ел азаматтары қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілерімен келіспеушіліктерін білдірген. 171 мыңнан аса арыз-шағымды прокурорлар тікелей қараса, қалған хаттар құзыреті арқылы уәкілетті органдарға жолданды.

Жеке қабылдаулар барысында прокурорлар 51 мыңнан аса азаматты қабылдады, ал әрбір үшінші арызды прокуратура басшылығы арызданушылардың қатысуымен қарады. Нәтижесінде, 48,9 мың арыз берушінің құқығы қорғалып, 5,6 мыңнан аса прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілді.

Қылмыстық үдеріске қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін 18,2 мың жолданым бойынша қорғағаны туралы ерекше атап өткен жөн. Қылмыстық қудалау органдарының 2,2 мың заңсыз үдерістік шешімдерінің күші жойылды. Прокурорлар істерді объективті шешуге бағытталған сотқа дейінгі тергеп-тексерулер бойынша 3,4 мың нұсқау берді.

Мәселен, В.Цой мен Қ.Қарабаев алаяқтық фактісі бойынша Астана қаласы ішкі істер органдарының заңсыз қылмыстық қудалауына ұшырадық деп Бас прокуратураға шағымданған. Іс материалдарын тексерумен «Банк Центр Кредит» АҚ және «Объектілерді оңалту дирекциясы» ЖШС арыздары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру негізсіз жүргізілгені анықталды, өйткені тараптар арасында қылмыстық-үдерістік тәртіппен шешілуге жатпайтын азаматтық-құқықтық қатынастар туындаған. Осыған байланысты Бас прокуратура биыл қаңтар айында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатты.

Прокуратура міндеттерінің бірі – азаматтар мен кәсіпкерлердің әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтарын қорғау. Бұл бағытта прокуратура 10 мың жолданым бойынша құқықтар мен мүдделерді қалпына келтірді.

Мәселен, Астана прокуратурасына жергілікті кәсіпкер А.Елмұратов хабарласып, салық орнанын оған қосымша құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін көзделген ең төменгі айналымнан асып кетуі туралы хабарламаны негізсіз жібергенін айтқан. Кәсіпкердің жолданымын қарау нәтижесінде, елордалық Алматы ауданы прокуратурасының наразылығымен 2023 жылғы желтоқсанда салық органының заңсыз хабарламасы жойылды.

| ӨЗЕКПІ

Жол жауапсыздықты кешірмейді

Қыстың екі айы да өтті. Осы уақыт аралығында ауа райының қолайсыздығына байланысты республикалық маңызы бар тасжолдың 13 учаскесінде – 76 рет, облыстық маңызы бар 8 учаскеде 43 рет көліктің барлық түріне қозғалыс шектелді. Бірақ ортақ талапқа мойынсуыңыз келмейтін жүргізушілер көп. Тәртінде бағынбай жолға шығып кететіндерді жөнге салатын амал да жоқ. Жолдаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз деп жүрген полиция мен төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері уақытпен санаспайды. Сарыуайымдары – жазатайым жағдайды алдын алу...

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Egemen Qazaqstan»

Жолдар жабылғалы түрлі жол учаскелерінде 5 мыңнан аса техниканың қозғалысы тоқтатылған. Одан бөлек, бақылау-өткізу пункттеріндегі техниканы азайту мақсатында Көлік министрлігінің жол техникасы мен бөлімшелердің күшімен 27 автоколонна ұйымдастырылып, 4 мыңнан астам көлікті дйттеген жеріне жол бастап, жеткізген.

Тіпті алдын ала телефонға ауа райының күрт бұзылатынын, жолдар жабылатынын айтып, күніне бірнеше мәрте хабарлама жолдайды. Соның өзін көзіне ілмеген жүргізушілер көбеймесе, азаймай тұр.

– Тұрғындарды ескерту мақсатында ауа райының нашарлауы және жолдардағы көлік қозғалысының шектелуі туралы қыстың алғашқы екі айында 80 хабарлама миллионнан аса абонентке жетті. Ал «Datmen» мобилді қосымшасы арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу туралы 47 ақпарат жарияланды. Облыстағы 13 радиостансада халықты хабарлар ету үшін 21 рет хабарландыру берілді, – дейді облыстың төтенше

жағдайлар департаменті басшысының орынбасары, полковник Ақылбек Ахметжанов.

Мұндай жағдайда жол учаскелеріне жұмылдырылатын арнайы техника да, күштік құрылым қызметкерлері де көп. Бытыр 29 желтоқсандағы ақтүтек боранда 908 адам мен 505 техника тартылған. Төтенше жағдайлар күштері, жол полициясы және жол ұйымдарының күшімен 66 авариялық-құтқару, 9 іздестіру-құтқару жұмыстары кезінде 259 адам құтқарылды. Құтқарылған 259 адамның 36-сы – бала.

«Үш мыңға тарта адам – қар құрауынан, 121 техника дрейфтен шығарылды. Жергілікті билікпен бірлесе отырып, 1 324 адам, оның ішінде, 150 бала жылыту орталықтарына орналастырылды», дейді Ақылбек Қосманұлы.

Жалпы, облыста республикалық маңызы бар жол – 1 853,5 шақырым. Осының ішінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны мен қайта жаңғыртудан өтіп жатқанын қоспағанда 1 444 шақырым. Осы бір аралықтағы жолды қардан тазалайтын, күтіп-баптау компания – «КАЖСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұловтың айтуынша, компания быылдың өзінде жанадан 29 қар жинау техникасын сатып алған.

– Жай күндері – 50-60 техника, ал төтенше жағдайларда, ауа райы нашарлағанда 100-ге тарта көлік жолға шығады. Мұндай күндері қызметкерлер демалмастан, екі ауысымда жұмыс істейді, – дейді Ерлан Жұмағұлов.

Жол жайлы сөз қозғала кетсе болды, жолаушылардың дені «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ға деген наразылығы барын айтады. «Республикалық маңызы бар жолдарға уақтылы құм немесе тұз себілмейді» деген сын жиі алдан шығады. Бұған филиал басшысы Ерлан

Жұмағұлұлының айтар өз уәжі бар. Айтуынша, құм мен тұз қоспасын себудің де климаттық тәртібі бар. «Климат жағдайына келетін болса, осы қоспа тұрақты түрде себіледі», дейді ол.

Ауа райының қолайсыздығына байланысты жолдарды жабу бір ғана органның құзырында емес. Облыстың полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Хантеміров «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, төтенше жағдайлар қызметі және облыстың полиция департаментінің өзара келісімі арқылы жүргізеді.

– Бытыр желтоқсанның соңы мен биыл қаңтар айының басында қар қалың жауды. Астана қаласына барар жолда

қалған 4 мыңға тарта көлікті жеткіздік. Тұрғындар жолға шығар алдында өз қауіпсіздіктері үшін хабарламаларға мән беріп, көліктерін сайлап шыққаны дұрыс, – дейді Бауыржан Андақұлы.

Қала ішіндегі ауа райы жақсы екен деп, соңында жарты жолда қалатындар бар. Күн райының ахуалын аңдамай, жолға шығу өте қауіпті.

– Тұрғындар қала сыртындағы ауа райының қандай екенін білмейді. Жол жабу – кездейсоқ қабылдана салатын шешім емес. Жол бойында патрульде жүрген қызметкерлер жағдайды бізге бейне және фотоматериалдар арқылы жібереді. Соны басшылыққа ала отырып, жолды жабу шешімі қабылданады. Ал тұрғындардың қауіпсіздігі үшін кейінгі кезде радиохабарларды тоқтатып қойып, жолдың жабылғаны туралы хабарландыру береміз. Ал полиция қызметкерлері өте күрделі жағдайда жандарын шүберекке түйіп, ақтүтек боранда ілесіп жүріп, көліктерді қауіпсіз жерге жеткізеді. Оны біреу білсе, біреу білмей жатады, – дейді Ақылбек Ахметжанов.

Түптеп келгенде, құзырлы орган өкілдері жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында қажетті іс-шараларды ұйымдастырып отыр. «Жол қозғалысына келгенде әркімнің ішкі тәртібі болуы қажет», дейді құқық қорғау органының қызметкерлері. Сіз өзіңізбен қоса, жақындарыңыздың да, жолаушыларыңыздың да амандығына тікелей жауаптысыз. Сондықтан тәртінде бағынуды – амандықтың алғашқы қадамы.

Қарағанды облысы



ДЕРЕК

Алаш қадірлеген Наурыз


Мемлекет басшысы «Egemen Qazaqstan» газетіндегі сұхбатында: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелен, жанаша атап өтуіміз керек», деп айтқан еді.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Осы орайда біз өткен ғасыр басында халқымыздың болашағы үшін «жүрек майын шам қылған» «Алаш арыстары Наурыз мейрамы хақында қандай ұстанымда болды?» деген сұрақ төңірегінде ой қозғауды құп көрдік. Ол кезде Алаштың үні, халықтың көз-құлағы «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылы 2 ақпанда шыққанын білеміз. Бұл қыстың соңғы айы болатын. Алда көктем. Яғни Наурыз мейрамы. Бұны атап өтуге болмайды. Сөйтіп, жарық көргеніне бір ай ғана толған газет редакциясы басылымның 1913 жылғы 9 наурыз (март) күнгі 5-санына «Наурыз» атты бас мақала жариялапты. Онда: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда, мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, көрі-жас, қатын-қалаш бәрі де маз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді. Хәтті наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әртүрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғыздың келесі деседі. Әр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді. Орыстың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді. Біздің жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын – әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен «Жаңа жыл» деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденетін кез. Шаруа адамдарының бейнесінен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтары үмітті күнге жеткізіп ден алып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып, жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, бай



«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 9 наурыздағы №221 саны



«Сары Арқа» газетінің 1919 жылғы 74-саны

мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің жаңа жылымыз – Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді.

Осы туралы білетін адамдар «Қазақ» жазса екен: біздің жаңа жыл – Наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнде басталады. Біз оқушыларымызды жаңа жылмен құттықтауға Наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз» делінген екен. Яғни жоғарыдағы жазбадан түйгеніміз: өткен ғасыр басында Алаш қайраткерлері Наурыз мейрамынан мейлінше хабардар екені байқалады. Бірақ қай ай, қай күні атап өтуді нақты айтады. Сол себепті жоғарыдағы жазбаның соңына «наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық» деп халықтан ғафу өтінеді. Бұл сол уақыттағы ала-құла ресейлік күнтізбелі мензесе керек.

“ НАУРЫЗ – ҚАЗАҚША ЖЫЛ БАСЫ. БҰРЫНҒЫ КЕЗДЕ ӘР ЕЛДЕ НАУРЫЗ ТУҒАНДА, МЕЙРАМ ҚЫЛЫП БАС АСЫП, ҚАЗАН-ҚАЗАН КӨЖЕ ІСТЕП, АУЫЛДАН-АУЫЛҒА, ҮЙДЕН-ҮЙГЕ ЖҮРІП, КӨРІ-ЖАС, ҚАТЫН-ҚАЛАШ БӘРІ ДЕ МӘЗ БОЛЫП КӨРІСІП, АРАЛАСЫП ҚАЛУШЫ ЕДІ

Бірақ Алаш арыстары басылымның 9 наурыз күнгі санын әрдайым Наурыз мейрамына арнаған. Мысалы, газеттің 1914 жылғы №53, 1915 жылғы №110, 1916 жылғы №172, 1917 жылғы № 221 сандары 9 наурыз күні шыққан. Мұнда арнайы мақалалар жарияланып, қызу құттықтау жырлар жолданыпты.

Мысалы, «Қазақ» газетінің 1917 жылы 9 наурыз күнгі 221-санында (суретте) мұндай құттықтау сөз жазылған екен: «Барша Алаш азаматтарын жаңа

жылы – Наурыз һәм бостандықпен құттықтаймыз. Алла Тағала киіз турлықты қазақтық оң жағынан ай, сол жағынан күн туғызып, ырыс-дәулет, бақ-берекенің етсін!» Ал басылымның екінші бетінде мейрамға арнап «Жаңа тілек» атты жыр жолдары жарияланыпты. Авторы – Мадияр, яғни Міржақып Дулатұлы.

Жаңа жылда жаңа тілек тілелік,
Ескі жылды ескерер де жүргілік.
Кеп жүрмесін қайта айналып
түнеріп,
Көзің жасты, көңілің қаяу, Алашым!
Жұрт болудың ойланарлық амалын,

КӨЗҚАРАС

Постфольклор, медиалор, әлде желілік фольклор?..

«Фольклор» деген ұғымға бүгінгі көзқарас тұрғысынан да ой жүгіртіп көрсек. Рас, бүгінгі қоғам «фольклор» дегеннің ағылшын тілінен аударғанда «халық даналығы» деген мағына беретінін біледі. Сонымен бірге бүгінгі қоғам халық даналығынан туған соң, оның төл несі болмайтынын, ауызша жаратылып, ауызша таратылатынын, ұлттың салт-дәстүрімен үйлесімде болатынын, бір өзі бірнеше өнерді тоғыстыратынын, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралатындықтан, бір шығарманың бірнеше нұсқасы кездесетінін, ұрпақ ауысып, таным мен талғам өзгерген сайын уақыт пен қоғамдық сана қажеттілігіне орай үнемі жаңғырып отыратындығын, айтушы мен тыңдаушының өзара тығыз байланысының нәтижесінде өркендейтіндігін біледі.

Фольклорлық туындылар қашан, қай кезде, қалай пайда болған қарамастан, заман өзгеріп, ұрпақ ауысып жатса да, мазмұнындағы ақпараттардың деректілігі бұлыңғыр әрі күмәнді болса да, астарында айтылған оялар арқылы қоғамдық санаға қозғау салу мақсатынан еш айнымаған. Мейлі ол миф, мейлі ертегі, хикая, әпсана, хикаят, аңыз, батырлық жыр, ғашықтық жыр, тарихи жыр, тұрмыс-салт жырлары (жар-жар, бешар, сыңсу, жықтау, т.б.), толғау, терме, арнау, айтқа, мақал я мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш болсын – барлығының да түпкі мақсаты айқын. Ол – адам санасына, адам арқылы қоғам санасына қозғау салу. Ізгілікке ұмтылдыру, жақсылыққа жұмылдыру, жамандықтан жирендіру, шындыққа жүгіндіру, өтірік пен жалғандықтан безіндіру, жаман адам мен жақсы адам айырмасын білдіру, өмірді тану, ажалдың барын аңғарту, табиғат пен адамның, адам мен қоғамның қарым-қатынасын бағалауды үйрету, т.б. – фольклорлық шығармалардың негізгі қызметі. Ондай мұраты болмаса, ол мұрат жалпы-адамзаттық игілікке қызмет етпесе, фольклорлық жаратынды сан рет қайталанса да, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтаспайды. Фольклорлық туындының негізгі, түпкі мақсаты – бүгінгі қоғамға немесе бір ғана қоғамға қызмет ету емес. Ол әр уақытта барлық

қоғамға ортақ қызмет ете алаша күндылықтарға негізделеді. Сондықтан да ол қай қоғамда да бағалы, бағалы болған соң да өміршең. Әлбетте, әр фольклорлық туынды – алдымен өз ұлтының төлі. Ондағы оқиға сол ұлт өмір сүрген табиғаттың аясында, кәсібі ортақ, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жанаһа, жаратылысқа қатысты таным-түсінігі бір адамдар өмір сүрген қоғамда дүниеге келген соң да, оның сол қоғамға бейімделген өзіндік ерекшеліктері болмай қоймайды. Фольклорлық мұралардың жаратылуы мен таралуы және дамуы жазба мәдениеттің өркендеуіне дейін ерекше қарқынды болып, кейін бәсеңдеді. Өйткені көшпелі тұрмыстың орнын отырықшылық мәдениет алмастырды, далалық ұғым қалалық таныммен тоғысты. Жазбаша туған шығармалар көбейіп, айтушылардың қызметін жазушылар атқара бастады. Тыңдаушылар жаппай оқушыларға айналды. Ауызша жаратындыларға сұраныс азайды. Оның үстіне қалалық мәдени өркенімізге әкелген өнердің басқа түрлері өркен жайды. Кино, театр сынды өнер салалары кешегі халық тұрмысындағы салт-дәстүрмен бірге үйлесе өмір сүріп келе жатқан жыраулық, жыршылық, айтқы өнерін, басқаша айтқанда ел алдындағы ауызша шығармашылықты ысыра бастады.

«Қырымның қырық батырын» жатқа айтатын Мұрын жыраулар өнер сахнасынан кетті. Жыр шығарып, ауызша тарату жоққа тән бола бастады. Өйткені оған сұраныс азайды, тіпті доғарылды. Оған себепкер адамзат дамуында болмай қоймайтын қоғамдық-экономикалық қатынастармен бірге қолдан жасалған сәйсілеулеттік ұстанымдар да болғаны – тарихи шындық. Мысалы, кеңес одағында ескінің бәрін «артта қалғандық» деп мансұқтау саясатымен қолдан жасалған кедергілер арқылы ұлттық құндылықтарды айғайтайтын ақпараттарға бай фольклорлық мұраларды тамырымен жоққа шығару науқаны үзбей жүргізілді. Сөйтіп, халық даналығынан туған, сан ғасыр өмір сүріп келе жатқан мұралар өнер сахнасынан аластатылды. Бірақ халық жадындағы қажетті ақпараттар ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық код арқылы беріліп отыратындықтан, қоғамдық санада үнемі заманына қарай жаңғырып отырды. Бір кездері ұмыт бола бастаған айтқы өнері заманауи талғам мен таным талабымен қайта биікке көтерілді, терме, толғау айту да қайта жанданды, жыршылық та қайта бүршік ата бастады. Өйткені фольклорлық ақпараттардың мазмұны өлмейтін құндылықтарға суарылған болатын. Десекте қазіргі заманда ертегілердің, эпостық жырлардың, әпсаналардың, хикаяттардың



Қолжазба жасаған – Қолжазба ШЕЖІМБЕЙ, «ЕО»

дүниеге ауызша келіп, ауызша таралуы және ел арасында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып, ауызша өмір сүруінің жоққа тән болып бара жатқаны – шындық. Ал енді фольклорлық ұсақ жанрлар ел аузында өмір сүріп келеді. Солай болса да, қазіргі заман фольклорын біз әлі толық зерттеген жоқпыз.

Кей зерттеушілер қазіргі фольклорлық жаратындыларды «қалалық фольклор», «балалар фольклоры», «желілік фольклор» деп бөледі ұсынады. Біздіңше, бұл туралы әлі де ойлану керек. Егер «қалалық» деп айдар

таксақ, онда ауылдағы ауызша туып, ауызша тарап жүрген халықтық жаратындыларды қайда қалдырамыз? «Балалар фольклоры» деп бөлу бар. Онда жеткіншектердің, жастардың, студенттердің арасында туып, ауызша тараған фольклорлық шығармаларды да ескеру керек қой. Белгілі бір кәсіби ортаға ғана жарасымды фольклорлық туындылар бар. Әртүрлі әлеуметтік топтардың ортасында туып, бір буыннан екінші буынға ауысатын фольклорлық мұралар да ескеруге тұрарлық. Бір кездерде ауызша туып, ауызша тараған, кейін

Қамсыз жатар емес енді заманың.
Надандықтың қираталық қамалың,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, Алашым!
Жау мен жұттан енді

Құдай сақтасын!
Қасекені – қас масқара татпасын!
Кәрі, жасың енді ғафыл жатпасын!
Аш көзіңді, болма баяу, Алашым!
Өз қамыңың ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын, тең боламын дер болсаң;
Көкпен теңдік келмес өзің кем болсаң,
Мең-зең болмай, талпын ояу Алашым!
Ұшқан құстай,

суда жүзген балықтай,
Табиғатты қолданушы халықтай.
Сен енді сергесейіші эсальқыпай,
Жүргеніңше мәңгі жаяу, Алашым!
Бүгін хақтың қуанышты кең күні,
Күн менен тун – таразының тең күні,
Құт-береке болмаса екен кем күні,
Деп тілелік, қолың жсай-ау, Алашым!

Көзіқаракты қауым жақсы біледі, 1918 жылы «Қазақ» газеті шығып тұрған Орынбор большевиктердің қолына өткендіктен, басылымға тұсау салынды. Осы жылы бар-жоғы 9 нөмірі жарық көрді. Ақыры қыркүйек айында соңғы саны шықты. Бірақ «Қазақ» газетімен рухтас басылым «Сары Арқа» газетінің 1919 жылғы 74-санына (суретте) «Наурыз» атты мақала жарияланып, бұқараға бұл мейрамды «22 наурыз» күні атап өту туралы айтыпты.

Осы орайда Алаш қайраткерлері 9 наурыз деп белгілеген мейрам не себепті 22 наурызға ауысты деген заңды сұрақ туары хақ. Айталық, кеңес өкіметі орнағанға дейін патшалық Ресей ежелгі Мысыр астрономиясына сүйеніп құрастырған Рим империясының күнтізбесімен өмір сүрді. Ал Еуропа болса XVI ғасырда құрастырылған григориан күнтізбесін пайдаланды. Екі күнтізбе арасында 13 күн айырмашылық бар еді. Бұл өз кезегінде халықаралық деңгейдегі жұмыстарды жүргізуге кері әсерін тигізді. Сөйтіп, 1918 жылы 14 ақпанда большевиктер мемлекеттік күнтізбені григориан есебіне ауыстырды.

Ескі есеп бойынша 1917 жылдың 25 қазаны күні жеңіске жеткен «қазан төңкерісі» жаңа жыл санау бойынша 7 қарашаға ауысқаны сияқты, 9 наурызда атап өтіліп келген «Наурыз мейрамы» (9+13=22) 1918 жылдан бастап 22 наурызға ауысты. Қазіргі таңда біз Наурыз мейрамын соңғы дата бойынша атап өтуді әдетке айналдырдық.

қағаз бетіне түсіріліп, әртүрлі ақпарат құралында «деген екен...» деген айдармен жарияланған туындылар да – ғылыми назарда боларлық нысан. Қазір фольклорлық жаратындылардың ауызша, жазбаша және интернеттік нұсқалары да таралады. Бұл тұрғыдан да зерттеу қажет-ақ.

Ақпараттық технологияның жетістіктері фольклордың да мазмұны мен пішініне жаңаша өзгерістер енгізді. Интернетте фольклорлық туынды ауызша да, жазбаша да, дыбыспен де, бейнемен де, қимыл-қозғалыспен де бірден ғаламдық кеңістікке тарайтын мүмкіндікке ие болды. Интернетке бұрынғы және кейінгі фольклордың классикалық үлгілерінің барлығын мәтін күйінде жүктей аласыз. Сол мәтіндердің қысқартылған нұсқаларын да енгізеіз. Мифтердің, ертегілердің, эпостық жырлардың, тарихи аңыздардың, анекдоттардың, ауызекі әңгімелердің мультимедиялық, анимациялық нұсқаларын да жасап, көпшілікке тарата аласыз. Осылай цифрлық технология мүмкіндіктерімен өріс алған фольклордың жаңаша атаулары да пайда болды. Бірде «интернет фольклор» деп аталса, енді бірде «постфольклор», «медиафор», «нюсфор», «техфор», «фолькнет», «нетфор», «желілік фольклор», «ғаламтордағы фольклор», «е-фольклор», «киберфольклор», «киберфор», «компьютерфор» деп әртүрлі атауының өзі қазіргі фольклор атауының ғылыми айналымда әлі тұрақталмағанын, яғни ғылыми көзқарастардың бір арнаға тоғыспағандығын көрсетеді.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты



ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

Елінің ерке қызы

Ән — әулие дейді. Ән төгілген жерде, адамның тірлігі де жеңіл тартады. Содан да шығар, әуезді әуен жүректі тербеп, сезім қылын шерткізеді, мұнды ән тереңіне батырады, жігерлі, отты әндер бойынды шымырлатып, намысыңды жанып, рухыңды асқақтатады, ал ойнақы, көңіл күйдің әндері жаныңды жалдыратады. Әдемі ән қашанда халықтың сағынышына айналады. Бұл ретте әннің бағын ашып, тыңдарманға жеткізетін әншінің орны ерен. Елу жылға жуық киелі сахнада ұлттық өнеріміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үнімен, өзіндік қолтаңбасымен үлес қосып, қос көмейден шыққандай сыңғырлаған сырлы даусымен шырқай салған «Сарыарқа», «Өз елім», «Отырардағы той», сондай-ақ «Бурылтай», «Жалғыз арша», «Қос өрік», «Ой, көк», т.б. көптеген халық әнімен танымал Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, «Күрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, дүлдүл әнші Бағдат Сәмединованың жан дүниесі — өзінше бір әлем...

Өнер және намыс

Баршаға аян, Бағдат ел-жұртына ең алдымен ұлттық жаунарымыз — халық әндерімен танылған әнші. Ал халық әндері ғасырлар бойы қазақ деген атаумен бірге келеді. Халық әндерінің өміршеңдігі, құндылығы неде дегенге келсек, онда қазақтың мінезі, рухы, болмысы, арманы, мұңы, шері, «шіркін-айы» жатыр емес пе. Міне, Бағдат қызымыз сол халық әндеріне қашанда адалдық танытып, киелі сахнада өзінің дауыс баяуымен сол өнердің насихаттаушысы, жанашыры болып келе жатыр. Сонымен қатар кешегі Рабига Есімжанова, Жамал Омаровалардың сарқыты, көзі. Бүгінгі таңда сол көштің басында тұрған өршіл, жігерлі, намысты әншіміз.

«Жаксы ән орындаушысын тапса, иесін төрге сүйрейді» деген, бірде Нұрғиса Тілендиев ағамыз Бағдатты шақырып алып: «Қарағым, осы сені «Өз елімді» жаксы орындайды деп естимін. Тыңдап көрейіңші», дейді ғой. Тыңдайды. Бағдаттың сахнада сәйгүлік аттай тықырып, шабатына қамшы ұрып, әннің болмысын берудегі энергиясына, күш-қатына риза болады. Өнді жай ғана «өз елім» деп емес, «бұл — менің елім, бұл — менің жерім» деген рухпен, жігермен, жан дүниесімен жеткізеді. Ұнағаны сонша, оркестрге шақырып, өзіне қайта оркестровка жасап, айтқызады. Сонда Нұраға: «Бағдаттың әнді айту трактовоксы бөлек қой, шіркін! Әсіресе халық әндерін өзіндік өзгеше стильмен береді. Әрі әнді нотамен емес, жүреппен, қазақы жан беріп орындайды», деп баға берген. Осылайша, Нұрағасы өзіне ғана арнайы репертуар жасайды. Қазір санаса, он жылда барлығы жиырмаға жуық әнді оркестрге арнап жазып беріпті. Сонда ғой, «Отырар сазы» оркестріндегі музыкантар Нұрағаның ұжымда ұзақ жылдар ән салған әншілердің өзіне осыншама әнді жазбағанын танданыспен айтады екен. Бұл өрне әншінің бағы әрі жетістігі еді.

Бүгінде әншінің төлқұжатына айналған «Сарыарқа» ше! «Қазақстан» ше! Өнді өзіне ғана тән даусымен құбылтып, кен тынысты үнімен, жүреппен шарықтап айтқанда, шыныдан да Сарыарқаның сайын даласын көз алдыңызға әкеледі. «Қазақконцертте» Бағдат ұзақ жылдар ән салған «Самал» халық аспаптар

оркестрінің жетекшісі болған белгілі композитор Владимир Питерцев: «Бағдат ән салғанда бүкіл қазақтың ең даласын құшағына сыйдырып айтады» деп, ол да үлкен баға берген. Ал Бағдаттың өнердегі құрбысы, қазақтың Розасы (Рымбаева) бір сұхбатында: «Қазіргі заманда не көп, әнші көп. Бірақ соның ішінде әншінің де әншісі бар. Бағдаттың әншілік өнерінде қазақы бояу жатыр. Бүгінде үлкен апаларымыз өмірден өтіп кетті. Бағдат өзі кезінде сол апаларынан тәлім-тәрбие алған. Қазір өзі ұстаз ретінде жастарға дәріс беріп жүр. Қазақтың халық әндері қалай болуы керек дегенде, бүгінгі жастарымыз эстрада емес, халық әндеріндегі пірімдерді табу, табиғатын ашу, оның бүкіл дәстүрін, кеңдігін көрсету жағынан Бағдат апаларынан көп тәрбие алуы, үйренуі керек», деген еді.

Бағдаттың бүгінгі тыңдармандары, әсіресе жастар біле бермейтін ерекшелігі — ол тек қазақтың ғана емес, кезінде орыстың, қырғыздың да халық әндерін олардан асырмаса, кем айтпады. Бір ғана мысал. Онда кенес одағының кезі. Новосібір қаласында өтетін Бүкілодақтық көрмеде Қазақстан павильонына келуші қонақтарға орысша ән салуға Бағдатты аттай қалап апарды. Өйткені оның репертуарында орыстың алтын дауысты әншісі Людмила Зыкинаның «Мать земля моя», халық әндері «Королейники», т.б. біраз ән бар еді. Даусының кендігі, көмейден кеулеген сыңғыры, әннің табиғатын түсініп, жүрегінен өткізіп айтауына Зыкинадан бір кем емес. Міне, сол жолғы көрмеде Бағдат орыстың халық әндерінен попури орындап жатқанда Новосібір қаласының мэрі тоқтап, ән біткенше асқан ризашылықпен тыңдап тұрады. Ол кезде ұялы телефон жоқ, кешке қарай дүкен аралап кеткен Бағдатты шарқ ұрып іздесін. Сөйтсе, губернатор мырза кешкі қонақасына қазақстандық орысша ән айтқан сол қыздардың келсе деп қолқа салса керек. Сөйтіп, бір кеш бойы орысша ән салдырған ғой. Бірақ Бағдат 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін орысша ән айтуды қояды. Міне, Бағдатты намысты әнші дегеніміз сол.

Қырғыз ағайындар да Бағдатты өте жақсы көріп, сыйлайды, құрметтейді. Қырғыздың халық әндері «Жал жалым», «Нарындан жазған сөлем хатты» қырғыздан артық орындайтыны сонша,



қашанда Қырғызстанда өтетін үкіметтік концерттерге арнайы шақыртып. Тіпті Манастың мың жылдық тойында да «құда түсіп», осы «Жал жалымды» орындатқан.

Бірде 90-жылдары Алматыдағы Республика сарайында екі елдің — қырғыз ағайындардың «Мысқыл», қазақтардың «Тамаша» ойын-сауық отауының бірлескен концерті өтеді. Сол концертте Бағдат қазақша да, қырғызша да ән салады. Сонда ғой, қазақтың белгілі сатирик жазушысы Садқыбек Адамбеков ағамыз інілері Жарасқан Әбдірашев пен Көпен Әмірбекке: «Мына кітабымды қазақша керемет ән салған қырғыздың Бағдат деген қызына берсем деп едім. Келешекте Қазақстанға әкеліп ән салдыртуға күш салайық», десе керек. Көпекен болса: «Бағдатты білмегеніңіз ұят қой, аға. Өзіміздің қызымыз ғой», деп қаттырақ айтыпты. Ал сол жолы Қырғызстанның Қазақстандағы елшісі Ақбар Рысқұлов «Бағдат екі елдің арасындағы алтын белдік қой» деп қызымызға арнап «Қазақ — қырғыз арасы» деген өлең жазды. Оған Алтынбек Қоразбаев ағасы ән жазып, оны біраз жылдан бері орындап жүр.

Кейіннен Алматыда тағы бір еларалық үкіметтік жиынға сол кездегі Қырғызстанның тұңғыш Президенті Асқар Ақаев келіп қатысып, концерттің соңында сахнаға көтеріліп, финалға шыққан әртістерге барып: «Қазақ — қырғыз арасы» әнін орындаған қыз қайда?» деп бір құшақ гүл сыйлайды.

«Анамды өзгеше сағынамын...»

Бағдат — тағдырлы әнші. Өмір оны маңдайынан сипай қоймады. Жеті жасында анасынан, сегіз жасында әкелден айырылып, ағайынды үш қыз, бір ұл әжесі Ділдібалға мен кіші әжесі Хамидінің тәрбиесінде өседі. Анасы Жырғаш жиын-тойларда ән салып, жарықылдап отыратын, әзіл-қалжыңға жақын көпшілік адам болған. Қашанда сол жиындарға кенже қызы Бағдаттың ілестіріп, қасынан тастамайтын. Әжесі Сәмедин — ауылда бригадир. Бірде орыс, шешен мен қазақтар сөзге келіп, арты төбелеске ұласады. Ушыққаны сонша, әрқайсысы

қолдарына түскен айыр, балта алып жүгіресі. Бірін-бірі қуып, жүгерінің ішіне кіргенде, тасанда тұрған орыс жігіті Бағдаттың әкесінің басынан кетпенмен шауып жібереді. Содан ол кісі өлім аузынан қалғанымен, сөйлегенде тілі күрмеліп, бір аяқ, бір қолы кем болып қалады. Анасы дүниеден өткен соң, әкесінің денсаулығы құрт нашарлап, араға жыл салып бақилық болады.

Ата-анасы қайтыс болған соң, Қырғызстанда тұратын әкесінің туған інісі Хамидін қара шаңырақты ойсұратып алмайық деп, үлкен қызметін тастап, ауылға көшіп келеді. Ол кісінің перзенті болмағандықтан, ағасының балаларын баурына басып, өз перзентіндей бағып-қағды. Кіші әкелері ақылды, ел арасында беделді, артық сөйлемейтін, өте ақкөңіл, домбыра, мандалина тартып, өлең жазатын ауылдың зиялысы еді. Сөзді орнымен қолданбаса: «Не, пәле, қалай болса солай, қықы-жықы сөйлейсіңдер», деп ренжітпін көрнеді. Осылайша, тазалыққа, жігерлікке, құлшынысқа үйреткен кіші әжесі «Осы қызым бір жерден шығады» деп бетіне ешкімді қаратпайды. Әжесі болса: «Өттен, ұл болып тумағаның-ай сенін», дейді екен. Онысы — немересінің үйдің де, түздің де шаруасын тиянақты әрі шашпаң қимылдап, дөңгелетіп әкететініне риза болғаны. Малдың астын тазалап, шөбін салып, суарды. Сыыр да сауды. Кешкілік бар жұмысты бітіріп, малды кіргізген соң-ақ солардың алдында тұрып «Бұлбұлды», «Алқоңырды» бар даусымен айтатын. Кейде түнде әжесі екеуі малды қарауға шыққанда да, қай жағынан әні тасып тұратынын, шырқай жөнелгенде: «Айналайын, жарым түнде қақсамай қойсаңшы», деп апасы ойбайын салады екен.

Әжесі 1975, ағасы 1986 жылы дүниеден өтті. Міне, осындай жанапшыр жандардан өмірде көп нәрсе үйренген Бағдат әнші бүгінгі жеткен жетістігіне осы кісілердің еңбегі зор болғанын, олардың сенімдерін ақтауға тырысқанын ерекше сағыныспен еске алады.

«Анаңызды қандай кезде есіңізе аласыз?» деген сауалымызға: «Шешемнің көзі күліп тұратын. Хадиша әпкем екеуім «Апама мен тартқанмын» деп таласатынбыз. Ауылдағылар «сен тартқансың»

дейді. Өпкемнің көңіліне қарап, «сен-ақ тарта берші» деп қоятынмын. Әкемді ойлап қоямын да, анамды ет жүрегім езіле өзгеше сағынамын. Мен ата-енеммен 16 жыл бірге тұрдым. Алғаш тұрмысқа шығып, қатты қиналған шағында, болмаса әділетсіздікке тап болғанда оңашада апа деп айғайлап, өкіріп жылап алатынымын», деді көздеріне жас тұнған әнші.

Ұстаз тәлімі

Бағдат Жамбыл облысы Меркі ауданында он жылдықты тәмамдаған соң, Алматыдағы республикалық эстрада-цирк өнер студиясына оқуға түседі. Ауылдан әнші болсам деп арман арқалап келген бойжеткеннің бағы шығар, кереметтей педагогтың қолына түседі. Қаншама атакты әншілердің ұстазы болған Надия Шарипова өнерде ғана емес, өмірде де шәкіртіне жол сілтеп отырды. Бағдатты қызындай өте жақсы көргені сонша, жанынан тастамай, кейде сабақ біткен соң үйіне алып кететін. Оның дәлелі, бірде қазақтың әлемдік деңгейдегі әнші қызы Майра Мұхамедқызының жаңадан елге келіп жатқан кезі, ұстазы Надия апайының үйіне дайындалуға барады. Сонда қабырғада ілініп тұрған Бағдаттың фотосын көріп, «Мынау әнші апай ғой», десе керек. Сонда ол кісі: «Менің алдыман қаншама студент өтті, бітіріп шықты. Бірақ соның ішінде Бағдатты жақсы көргенім сонша, қызымдай болды», деген ғой.

«Өмірімде ондай зиялы, мейірімді, анамның орнын толтырғандай болған парасатты жанды көрмедім. Ал оқуды бітірісімен «Қазақконцертке» жұмысқа кірдім. Өнерде Надия апайға, сосын ыстық-суығыма ортақтасып, жақсы-жаманымды көтере білген қасиетті қара шаңыраққа қарыздармын. Алтынбек аға да қашанда қолдау көрсететін. Бүгінгі таңда бұл ұжымды белгілі азамат Тайыр Қаратаев қолына алды», дейді әнші қызымыз.

Сахнада жарты ғасырға жуық ән салып, халқына бірнеше рет есеп берген концерттерінде «Елге сөлем», «Мен даланың қызымын...», «Халқым — барым, өнерім — арым, өмір — бағым», «Ән — жүрегім» деген тақырыптарын өзін оның елін, жерін, қазағын қаншалықты жақсы көретінінен хабар берсе керек.

«Расында да, мен даланың қызымын, — дейді әншіміз ағынан жарыла. — Дала — ол менің тамырым, тұғырым, бет-бейнем, болмысым, арым. Сол даланың бүкіл қасиетін білемін, сол даланың түтінін, сол даланың жусанын іскеп өстім. Сол далада қазақтың барлық салт-дәстүрін толық болмаса да, бір кісідей біліп өстім. Егер бүгін бір нәрсеге қолым жетіп жатса, сол даладан нәр, тәлім-тәрбие алғаным. Сол үшін де қазақ екеніме осы жерде мақтана аламын. Оның үстіне тыңдармандарымның, мені жақсы көсетін көрерменімнің дені ауылда.

Асыл қазына — фольклорда

«Бүгінде қазақтың халық әндеріне деген елдің, жұрттың

ықыласы кеміп бара жатқандай. Баяғыдағыдай «ой, шіркін дүние, іштегі арманын айтып тұр ғой» деп өзінің жоғын іздеп отыратын тыңдармандарды жоғалтып алдық. Бірақ ойлы да саналы, сарабал тыңдармандарымыз да баршылық. Дегенмен жастарға ой салуымыз керек. Ескіліктің әні деп қарайды. Сол ескіліктің әнінен шедевр жасаған Димашымыз «Дайдидаумен» бүкіл әлемді аузына қаратып, таңғалдырып отырған жоқ па? Студенттерге дәріс бергенде, «Неге халық әндеріне біртүрлі, жеңіл көзқараспен қарайсыңдар. Біздің асыл қазынамыз фольклорда. Біз сол халық әндерінен бастау аламыз», деймін. Қазір шетелдің жеңіл әуеніне еліктеушілер басым. Көп еліктегеннен де ол ән өміршең бола алмайды. Сондықтан да бардым-келдім әндер бүгін айтылса, ертен ұмытылып қалып жатады...»

Бақытты әнші

Бағдат — дара дарынымен бірге ақыл-парасаты тең әнші. Уақыттың талабына сай ізденгіш қасиеті ұнайды. Тынымсыз. Қолға алған ісін бітіргенше тыным таппайды. Еңбеккер. Сұлулыққа жаны құштар. Жалпы, өмір, қоғам жайлы өз ойы бар әнші. Көп оқиды. Өнді алып шығатын сөзі болғандықтан, оған аса қатты мән береді. Туғанның, бауырдың, достықтың парқын біледі, бағалайды. Өмірде аяулы ана, сүйікті де қамқор әже, адал дос, жанашыр бауыр. Бағдаттың бар байлығы екі баласы болса, олардың да байлығы, қазынасы — аналары. Қашан көрсен дән сүйреген құмырсқалдай қос қарашығын оқытып, тәрбие берді. Балаларын біреудің арқасында емес, өз басын алып жүруге, өз мәселелерін өзі шеше алатындай етіп тәрбиелеуге күш салды. Меруерт те, Марал да «Хабар» телерахнасының белді қызметкерлері. Шүкір, қазір ұш немересі бар. Ал әрбір анық арманы — балалары аман-есен болып, немерелерінің қызығын көру.

Ізденгіш өнер иесі кейіннен өз ұлтының тілін, әдебиетін, руханиятын терең білу мақсатында ҚазҰУ-ның филология факультетін де тәмамдады. Бүгінде Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде эстрада-вокал кафедрасында профессор, «Қазақконцертте» де ән салады. Шығармашылықпен қатар, шәкірт те тәрбиелеп келеді. Өзін бақытты әншімін, бақытты анамын деп есептейді.

...Қазір өмір ырғағы өзгерді, қарбалас уақыт. Бүгінде қай саланың адамында болмасын, асығыс тірлік. Бағдат кешегі күні де, бүгін де өзіне ғана сенді, халқына сенді. Сондықтан да оның бар тілеуі — халқы аман, сүйікті көрермені көп болса. Зады, әнші үшін, өнер адамы үшін халқы ардақтап, құрметке бөлегеннен артық атақ та, даңқ та жоқ. Бағдаттымыз жақсы әндерімен сағындырып жүрсен дейміз... Лайым солай болса екен...

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»
ардагері

КӨРМЕ

Бірлескен апталық

Астанада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы мен Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігі жанындағы Мәдени өкілдігі бірлесіп ұйымдастырған «Иран Ислам Республикасының каллиграфия және жазба мұраларды қалпына келтіру өнері» атты апталығы басталды. Апталықтың алғашқы іс-шарасы «Каллиграфия» көрмесімен ашылды.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Көрмеге тарихи ескерткіштегі куфиді жазумен жазылған 50-ден аса жазу үлгісі және XIII ғасырда жазылған тарихи тұлғалардың өмір деректері мен XVIII ғасырда Орталық Азиядағы түркі халықтарының көшбасшылары туралы қағазға түскен «Зобдат-уль-тарихи» қолжазбасының көшірмесі қойылды.

Мазмұнды шараның ашылуында Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдыков елімізде алғаш рет өтіп

отырған көрменің маңызына тоқталды.

«Біздің орталық пен Иран Ислам Республикасының еліміздегі елшілігі бірлесіп ұйымдастырған іс-шара бір аптаға жоспарланған. Соның алғашқысы «Каллиграфия» көрмесімен ашылды. Мұнда көптеген құнды тарихи дерек ұсынылған. Мәдени іс-шара аясында екі елдің осы саладағы мамандары кездесіп, бір-бірімен тәжірибе алмасады», деді Жандос Бекділдәулы.

Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Али Ақбар Джоукар өз сөзінде жазба мұраларды сақтап, қорғау ісі ұлттың



тарихына деген үлкен жауапкершілік екенін жеткізді.

«Иран мамандары қолжазбалар мен баспа ісін реставрация жасауда озық тәжірибеге бай. Бүгінгі көрмеге тарихи-мәдени ескерткіштерден алынған көне жазулар үлгісі мен қолжазба көшірмелері және реставраторлардың жойыла бастаған мұраларды қайта жаңғыртқан таңдаулы жұмыстары қойылған», деді елші мырза.

Айта кетейік, апталық аясында «Иран



Ислам Республикасының каллиграфия және жазба мұраларды қалпына келтіру өнері» атты ғылыми-тәжірибелік семинар ұйымдастырылып, шеберлік сабағы өтеді. Сондай-ақ Ираннан келген

мамандар мен отандық реставраторлар көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды каталогтеу, жүйелеу, шифрлық қайтестерді жүзеге асыру, қалпына келтіру және каллиграфия өнері бойынша тәжірибе алмасады.

КӨКЕЙКЕСТІ

Аз қабатты құрылысқа қайта оралады



Мегалполистегі соңғы жаңалықтардың бірі – Алматы әкімдігі қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес әзірленген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын (ЕТЖ) мақұлдады. Бас жоспарда мегалполисті дамытудың моноцентристік моделінен полицентрилікке көшу қағидасы көрсетілген, яғни қала «Шығыс қақпасы», «Тарихи орталық», «Солтүстік», «Оңтүстік-батыс», «Батыс» сынды 5 қоғамдық және іскерлік қызмет орталықтарына бөлінеді.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Мегалполисті дамытудың басты ұстанымы – жұртқа жақын, тұрғындар жаяу бара алатын жерлерге балабақшалар, мектептер, медициналық мекемелер мен аялдамалар салу. Ең бастысы, Алматыда егжей-тегжейлі жоспарлаудың жаңа жобасында аз қабатты құрылысқа басымдық берілген.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин жаңа ЕТЖ-ның жай-жапсарын баяндай отырып: «Бүгінгі таңда біз құрылыс салумен айналысатындарға ЕТЖ-ны нақты басшылыққа алу керектігін ұқтырып отырмыз. Құрылыс салушы алты қабатты тұрғын үйді ЕТЖ-дағы шарттарды қаперде ұстай отырып, эскизі мақұлданғаннан кейін ғана жобаны жүзеге асырады. Естеріңізде болса, бес қабатты ғимараттың нөлдi құрылысында тоғыз қабатты ғимараттар салынса, жаңа ЕТЖ-да мұның жолын кестік және әркім «білгенін» істемеу үшін бұл аймақтарды демалыс орындарына айналдырдық. Біз қаланың өз ережесі бар екенін білдіріп отырмыз», деді.

Алматыда жан-жақты жоспарлаудың жаңа жобаларына сәйкес, базар аумақтары

да көгалдандырылады. Мысалы, Алматы ауданында Розыбакиев көшесінің бойындағы «Тастак» және «Көтерме сауда» базарларын, Жетісу ауданындағы Солтүстік айналма жолы бойындағы базарларды жаңғырту, сондай-ақ су қорғау белдеулерін абаттандыру мен тазарту көзделген. Жалпы саябақтарды, скверлерді, бульварларды қоса алғанда, жасыл желектер алаңын 2030 жылға дейін 3 есе ұлғайту қарастырылған.

Сонымен қатар жүрдек көлік қаңқасын және өзара байланысты көшелер желісін енгізу есебінен қаланың барлық аудандары бір-біріне қосылып, шаһар тұрғындары қаланың кез келген жеріне оңай бара алады.

Баспасөз брифингінде урбанист Святослав Мурунов бекітілген жаңа ЕТЖ-нің тағы бір ерекшелігі орамдық құрылысқа мән беруі дей келе: «Алматының полиорталықтарындағы жаңа құрылыс қаланың тарихи жоспарына сәйкес жүргізіледі. Орамдық құрылыс – бұл тұрғын үй кешендері тығыз салынған қала емес, көшелер «торы». Бұл жоспар Барселонаның Эшампле жобасындағы 133-те 133 метрлік қағидасына ұқсас 150-де 240 метрге дейінгі көше торын қамтиды. Барселона жобасының

ерекшелігі, ауа айналу үшін қала кеңістігін оңтайландыруға деген талпыныс қана емес, «баршаға арналған қала» үшін жағдай жасаудан тұратын кеңістіктегі әлеуметтану идеясын жүзеге асыру. Бұл тұжырымдама қоғамдық игіліктер мен кеңістіктерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, әрбір тұрғын үшін әлеуметтік теңдік пен қалалық ортаға қолжетімділігінің маңыздылығын көрсетеді», деді.

«Қала тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама жұрттың негізінен қалалық өмір салтына талпынатынын көрсетті: тұрғындар үйіне жақын жерде жұмыс істегісі, мейрамхана және өзге де қызмет түрлерін басқа аудандарға бармай-ақ, өздері тұратын маңнан тапқысы келеді. Сондықтан ЕТЖ бүгінде қала құрылысы тұжырымдамасына кәсіби мамандардың ықпал ететінін құрылыс салушыға ұқтырады. Енді құрылыс салушы әкімдікпен не салғысы келетінін мұқият келісуі керек, соның арқасында бір-біріне мінгесіп қалған тұрғын үйлер салу тоқтайды», дейді сарапшы.

Қысқасы, қаланың әр ауданындағы құрылыстың орамдық торына көптеген функционалды нысан кіреді, бұл жұмыспен қамту мен жұмыс орындарын құру мәселесін шешуге ықпал етпек.

«Бүгінде біз адамдар мамандығы мен жұмыс орнын жылдам өзгертуге мәжбүр болатын кезеңде өмір сүріп отырмыз. Ал бұл қала билігінен жұмыс орындарының қалай құрылатынын дәл әрі нақты тұжырымдауды талап етеді. ЕТЖ-да мәдени орталықтар, үлкен экологиялық өндірістік кеңістіктер мен кеңсе орталықтарының құрылысы қарастырылған, соның арқасында жұмыспен қамту деңгейі 45%-дан кем болмауы мүмкін», дейді Святослав Мурунов.

Сол сияқты жаңа ЕТЖ-да инженерлік желілер үшін өту арналары қарастырылып отыр. Бұл шара жол және тротуар жабынын қопармай, көгалдарға зиян келтірмей жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

«ЕТЖ-да қызмет көрсетуші персонал, жөндеу материалы мен жабдықтары үшін ұзындығы 27 шақырым өту арналарын орнату көзделеді. Бұл әдіс Самал шағын аудандағы құрылыс кезінде сыналып, бірақ толық енгізілмей, аяқсыз қалған еді. Мұндай әдіспен коммуникация орнату қымбатырақ, алайда ұзақмерзімді келешекте айтарлықтай қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді», деп отыр басқарма өкілдері.

АЛМАТЫ

Өңір өмірі

Кәсіпорындардан қандай пайда бар?

Майқайың – ерекшелігі басым елді мекен. Ерекше дейтіні сол, 9 мыңнан аса халықтың берекесіне айналған әлемге әйгілі алтын кеніші осында орын тепкен. Биыл Майқайыңның, ондағы тау-кен өндірісінің алғаш өз алдына құрылғанына 92 жыл толады.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Майқайың өз алдына елді мекен болғалы оның экономикасы жерасты байлығына тәуелді. Алтын кеніші жергілікті халықты асырап отыр. «Майқайыңалтын» акционерлік қоғамы Ертістің Павлодар өңіріндегі ең алғаш құрылған тау-кен өндірісі екенін де атап өткен абзал. Ондағы кенішке тұңғыш экскаватор 1940 жылы түсірілген екен. Ол бұмен жұмыс істейтін еді. Бүгінде кәсіпорынға екі кеніш және кен-байыту фабрикасы қарайды. Жергілікті халықтың дені бүгінде алтын өндірісінде еңбек етеді.

– Майқайың кентінің әкімшілік аумағына Майкөбе, Сұлужон, Үшқұлын, Шөптікөл ауылдары кіреді. Бүгінде кент пен оған қарасты ауылдарда «Майқайыңалтын» АҚ-нан бөлек, пайдалы қазбалар өндірумен 5 бірдей кәсіпорын айналысады. Олар – көмір өндіретін «Майкубен Вест» акционерлік қоғамы, «Қазақстан алюминийі» АҚ-ның филиалы – «Керегетас» кеніші, «Майқайың ақтас өндіру зауыты» ЖШС, «Пневмосокқыш бұрғылау» ғылыми өндірістік кәсіпорны ЖШС, «IBM Gold» ЖШС, – дейді Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Кісентаев.

Бытыр «Майқайыңалтын» АҚ аудандық бюджетке 840 млн 714 мың теңге салық төлеген. Ең үлкен салық төлеуші



– «Майкубен Вест» АҚ, өткен жылы бұл өндіріс орны жергілікті қазынаға 1 млрд 681,3 млн теңге қаржы құйған.

Сонымен қатар жерді пайдаланғаны үшін 2023 жылы келесідей қосымша салықтар төленген:

«Майқайыңалтын» АҚ – 6 млн 739 мың теңге;

«Майкубен Вест» АҚ – 46 млн 314 мың теңге;

«Керегетас» кеніші – 8 млн 329 мың теңге;

«Пневмосокқыш бұрғылау» ЖШС – 1 млн 531 мың теңге;

«Гравелит» ЖШС – 192 мың теңге.

Соңғы аталған екі кәсіпорын жергілікті кәсіпкер Тимур Қабуловке тиесілі. Ол – «Майқайыңалтын» АҚ Бас директорының кеңесшісі Орынжан Қабуловтың ұлы.

Алтынды аймақтың дамуына үлес қосқан азаматтар аз емес. Бұл тізімде ел арасында «Майқайыңның Мұхтары»

атанған Мұхтар Әбеновтің есімі алғаш болып аталары анық. Мұхтар аға да биыл 92 жасқа толғалы отыр. Кен байыту комбинатының барлық жұмыс сатысынан өткен еңбек ардагері – құрмет демалысында да қарап қалмаған жан. Елді жұмылдырып, кенттегі игі жұмыстарға бастамашы болды. Сонау 1958 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов осы өңірге арнайы келгенде бірге еріп жүріп, кейін сол сапар туралы естеліктер жазды. Әлем таныған алып қаламгердің есімі Майқайың №1 қазақ орта мектебінің берілуіне бір өзі түрткі болды. Белсенді қария көп жылдар кенттегі ардагерлер кеңесін басқарып, ұрпақ тәрбиесінің дамуына мол еңбек сіңірді. Ол кісінің бастамасымен кентте үлкен музей ашылды.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті

БӘРЕКЕЛДІ!

Жаңа жедел жәрдем көліктері

Жуырда Солтүстік Қазақстанның дәрігерлік мекемелері 19 жаңа жедел жәрдем көлігімен толықты. Бұл көліктер республикалық бюджеттің көмегімен облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа алынған. Әрқайсының бағасы – 24 млн теңгеден.

Жақсыбай САМРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Көліктер ресейлік «Газел» автокөлігінің негізінде жасалған. Жүрісі аса жайлы болмаса да, қар мен сазға бата қоймайтын екі белдеммен жаратқандырылған. Іші науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсететін құралдармен жабдықталған. «Оның ішінде өкпені қолдан тазарту мүмкіндігі бар, жүрекке қолдан массаж жасай аламыз. Осы көліктердің арқасында біз тұрғындарға жедел медициналық көмектерді толық жасай алатынымызға сенімдіміз», дейді облыстық жедел жәрдем орталығы директорының міндетін атқарушы Юрий Белоног.

Сатып алынған 19 көліктің 10-ы қалада қалдырылып, қалғандары аудан орталықтарындағы ауруханалардың техникалық мүмкіншіліктерін арттыратын болады. Осылайша, біздің облыс жедел жәрдем көліктерімен қамтамасыз етілу жоспарын 68 пайызға жеткізіп отыр. Облыстың медициналық мекемелерін жедел жәрдем көлігімен толық қамтамасыз ету үшін әлі 52 автокөлік алынуы керек.

Медициналық автокөліктерді тапсыру салтанатына қатысқан облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов алдағы уақытта да бюджет есебінен облыстың ауруханаларына қажетті машиналардың алынып отыратынын айтты.

Айта кететін жайт, мемлекет тарапынан облыстың денсаулық сақтау

саласына жыл сайын қомақты қаражат бөлінуде. Мәселен, бытыр 11,7 млрд теңге бөлінді. Облыста барлығы 19 аурухана, 63 амбулаториялық емхана бар. Соның 4-і – облыстық, 2-і – қалалық. Сондай-ақ облыстың елді мекендерінде 397 медициналық бекет пен 41 ФАП жұмыс істейді.

Өкінішке қарай, денсаулық сақтау саласының техникалық инфрақұрылымындағы 77,4 пайызға ескірген. 480 адамға есептелген көпбейінді аурухананың құрылысы да белгіленген жедел көп кешігіп, әлі күнге аяқталмай жатыр. Алайда жоғарыда айтылғандай жақсы қадамдар да жасалуда. Соның ішінде медициналық мекемелердің өз ішіндегі тәртіп мәселесі де бұрынғыға қарағанда жақсарып отыр.

Бытыр бұрынғы облыс әкімі Айдарбек Сапаров арыз-шағым көп түсетін бірінші емханаға ешкімге ескертпей, таңғы мезгілде өзі барып тексеріп, халықтың кезекте сарғайып тұрғанын, науқастарға отыратын орындар да жетпейтінін, есік алдының да ауру жандарға қолайсыздығын, көптеген мамандар негізгі қызметімен қоса, ақылы құрылымдарда жұмыс істегендіктен, мұндағы халықтың қолы оларға жете алмайтындығын әшкерелеп, үлкен дүмпу тудырған. Содан бері ауруханалар мен емханалардың ішкі тәртібі біршама жақсарған болатын. Осындай оқыс тексерістердің жиірек болып тұрғаны керек-ақ.

Солтүстік Қазақстан облысы

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Қарғын суға сақадай-сай

Шығыстың кейбір аудандарында қар қалың. Күн күрт жылынса, қарғын су қауіп 71 елді мекенге төнгелі тұр. Сондықтан мамандар көктем мезгіліне дайындықты бүгіннен бастап кетті.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің өкімімен 1 ақпаннан бастап болуы ықтимал су тасқыны кезеңіне жоғары дайындық режимі енгізілді. Әуелі, су айдындарына мониторинг жүргізіледі. Елді мекендердегі қар мүмкіндігінше сыртқа шығарылады. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар 54 000 текше метрден астам қарды далалы жерге апарып төккен. Су тасқыны қауіп төне қалса, облыста жедел ден қою үшін құтқарушылар мен жергілікті атқарушы органдардың жеке құрамының 2 334 адамы, 223 мотопомпа, 61 жүзу құралы, сондай-ақ, 735-тен астам өзге де техника топтастырылған. 34 285 дана қап, 5 974 тонна инертті материал және 328 тоннадан астам ЖЖМ дайындалды. Төтенше жағдай бола қалса, эвакуацияланатын халықты орналастыру үшін қалалар мен аудандардың әкімдері жалпы сыйымдылығы 17 600 адамға арналған 153 уақытша орналастыру пунктін дайындады.

Мамандар болжағандай, Шығыс Қазақстанда су тасқыны қауіп бар 71 елді мекен нақтыланған. Құтқарушылар үйлерді аралап, су басу қауіп төнген халыққа нұсқау жұмыстарын жүргізді.

Мәселен, алдымен аула аумағын қардан тазарту қажет. Әсіресе, ойда тұрған үйлердің тұрғындары арықтың бойын ашып тастағаны жөн. Мүмкіндіктеріне қарай, инертті материалдарды қапқа толтырып, сақадай-сай отырғандары абзал. Су басу қауіп төніп тұрған үй болса, жергілікті әзіркештендігіне аздық-түліксіз құрғақ жерге сақтау керек деседі мамандар.

– Біз өз тарапымыздан су тасқыны қауіпін алдын алу үшін барлық шараларды жасап жатырмыз. Тұрғындар да жауапкершілік танытса екен. Қалай десек те, тілсіз жаудың болу-болмауын дөп басып айта алмайсыз. Мамандар болжайды. Сондықтан дайын болуымыз керек, – деп атап өтті ШҚО ТЖД ТЖ алдын алу басқармасы бастығының міндетін атқарушы Дина Бексұлтанова.

Кеше Төтенше жағдайлар департаменті мамандары Бутакова ауылының тұсында Үлбі өзенінің мұзын жарды. Себебі, дәл осы тұста мұз қалыңдығы 20-30 сантиметрге жеткен. Күн жылына өзен бетінде мұз кептелсе, арнасынан асқан суға бөгесу қою қиынға соғады. Сол үшін де алдын алу жұмыстарына ерте кіріскен.

Шығыс Қазақстан облысы



После смерти Уразбаевой Каримы Ахметжановны (06.12.2023 г.), открылось наследство. Всех заинтересованных лиц просим обратиться к нотариусу г.Астаны Смаиловой Жанат Калижаровне в срок до 06.06.2024 г. по адресу: г.Астана, пр.Б.Момышулы, 19. Тел.: 8 777 849 01 66.

Геология комитеті мен «Ұлттық геологиялық қызмет» АҚ ұжымы геология саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер, Қазақстан Республикасы Минералдық ресурстар академиясының академигі **Болат Түсіпханұлы НҮГМАНОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақындарының қайтыларына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болып, сонында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін.



ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Ақжардағы Мәдениет үйі

Алакөл ауданының Ақжар ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Заман талабына сай материалдық-техникалық базаларымен жабдықталған ғимарат қос қабатты, аумағы 8 мың шаршы метрді құрайды.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Енді мұнда ауыл жастары мен жасөспірімдерінің бос уақыттарын тиімді өткізуіне мүмкіндік бар, түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға жағдай жасалған. Мұнда 20-ға жуық үйірме, атап айтқанда, хореография, домбыра, вокал, көркемөз, сурет, т.б. жұмыс істеп, 12 штаттық бірлікке сәйкес тұрақты жұмыс орны ашылған болады. Оқырмандарға арналған ауыл кітапханасы да Мәдениет үйінің ішінде орналасқан.

Нысанның салтанатты ашылу рәсіміне барған аудан әкімі Алмас Абдиновтің айтуынша, Алакөл ауданында 16 мәдениет үйі, 23 кітапхана, 2 музей және 1 архив халыққа

үздіксіз қызмет етіп келеді. Солардың қатарына енді 150 орынды тағы бір жаңа мәдениет үйі қосылып отыр.

«Ауданымызда мәдениет саласының дамуына бағытталған көптеген игі шара жүзеге асырылуда. Мұның өзі болашаққа салынған сенімді инвестиция деуге болады. Алдағы уақытта Жағатай, Жайпақ ауылдарына блокті-модульдік мәдениет үйі орнатуға бюджеттен қаражат бөлінді», делі аудан әкімі А.Абдинов.

Аудан тұрғындары атынан ризашылығын білдірген ардагерлер кеңесінің мүшесі Тұрсынхан Ахметов «Бүгін – біз үшін көптен күткен қуанышты күн. Ұзақ жылдан бері жаңа Мәдениет үйі ашылса деп жүргенбіз. Бұрын балаларымыздың бос уақытын



өткізіп, өздерін дамытуға арналған арнайы орын болмап еді. Енді міне, балаларымыз

түрлі үйірмелерге қатысып, өнерін шыңдайтын болады. Жаңа Мәдениет үйі халық

игіліне қызмет ете берсін», деп құттықтау тілегін жеткізді.

Өңір әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Ақжар ауылы – аудан орталығы Үшарал қаласынан 70 шақырым қашықтықта орналасқан. Ақжар округіне 3 елді мекен – Ақжар, Қоңыр, Майлышат ауылдары қарайды. Жалпы халық саны – 2 170 адам, соның ішінде 540-ы – жастар.

Жетісу облысы

Суреттерді түсірген – Руслан ҚАДЫРОВ

СЕМСЕРЛЕСУ

Базельде күміспен күптелді

Швейцарияның Базель қаласында жасөспірімдер арасында өткен шамамен семсерлесуден Әлем кубогінің кезендік сайысы аяқталды.

Бұл жарыста еліміздің жас өрендері өздерін жақсы қырынан көрсетті. Құрамында Богдан Лукин, Алексей Касаткин және Кирилл Проходов сынды тастулықтары бар жерлеріміз бастапқы бәсекелерде Польша мен Швейцарияны ұтса, жартылай финалда АҚШ спортшыларына сан соқтырды. Бірақ ақтық сында Мажарстанға есе жібердік. Сөйтіп, Базельдегі бәсекеде Қазақстанның семсерлесушілері күміс медальді иеленді.

Алдағы уақытта отандастарымызды көптеген ірі халықаралық жарыс күтіп тұр. Олардың арасындағы ең ірілері – Әлем кубогінің кезендік бәсекелері, әлем және Азия біріншіліктері. Сол дүбірлі додаларда да біздің ұл-қыздар жеңіс тұғырына көтеріледі деп үміттенеміз.

ХОККЕЙ

Сәтсіздік сегіз ойынға жетті



Құрлықтық хоккей лигасында (КХЛ) күш сынасып жүрген «Барыс» соңғы екі кездесуін өз мұз айдынында Хабаровскінің «Амурына» қарсы өткізді.

Алғашқы бәсеке біздің команда үшін сәтті басталды. Матчтың 5-минутында Роман Старченко есеп ашты. Үзілістен кейін Алекс Бродхёрст таразы басын теңестірді. Үшінші кезеңде хабаровскілік Ян Дрозг пен астаналық Аркадий Шестаков бір-бір голдан соқты. Негізгі уақыт 2:2 есебімен аяқталды. Овертайм басталған бетте Владислав Барулин нысананы дәл көздеп, Қиыр шығыстан келген командаға жеңіс сыйлады – 2:3.

Екінші ойында «Барыс» дәрменсіздік танытты. Алғашқы екі кезеңде қос ұжым бір-бірінің осал тұсын таба алмады. Соңғы 20 минутта «Амурдың» беткеуестері Владислав Барулин мен Дмитрий Шевченко екі рет шайбаны қақпаға тоғытты – 0:2. Сөйтіп, елордалық хоккейшілер қатарынан сегізінші ойында ұтылып, жарыс кестесіндегі жағдайын одан әрі қиындата түсті.

ФУТБОЛ

Армениямен айқасамыз

Қазақстан мен Армения ұлттық құрамалары 7 маусымда Еревандағы Вагген Саркисян атындағы стадионда жолдас-тық кездесу өткізуді жоспарлап отыр.

Бұл ақпаратты еліміздің футбол федерациясы таратты. Армения құрамасы ФИФА рейтингінде жерлерімізден жеті саты жоғары тұр. Яғни олар – 93-орында. Қазақстан – 100-орында. Олардың бағындырған пәлендей бестері жок. Десек те аталған команданың сапында Еуропа мен Азияның ортаңқол клубтарында өнер көрсетіп жүрген бірнеше жақсы ойыншы бар. Бұл елдің басты жұлдызы кезінде Донецкінің «Шахтер», Дортмундтың «Боруссия», Англияның «Манчестер Юнайтед» пен «Арсенал» және Италияның «Ромасында» шеберлігін шыңдап, бұл күндері Миланның «Интер» клубының намысын қорғап жүрген Генрих Мхитарян осыдан екі жыл бұрын ұлттық құрамадағы карьерасын аяқтағанын ресми түрде жария етті.

Осы командалар өзара жеті мәрте кездесіп, соның төртеуінде армяниялықтардың асығы алышынан түсті. Қазақстан екі рет жеңіс тойын тойлады. Тағы бір матч тең аяқталды.

Дайындаған –
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

ЖӨН ЕКЕН...

Сырдың руханият жобасы

Өткен жыл Сыр мәдениеті мен өнері үшін нәтижелі болды. Биыл да бұл салада ел назарын аударар ақжолтай жаңалық көбеймек. Соның бастысы – алдағы наурыз айынан Сырда «Руханият жылы» бастау алады. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихат сессиясында айтты.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Өңір басшысы соңғы екі жылда аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті. Қызылордада меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1 млрд 700 млн теңге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылып, 1 млрд 500 млн теңгеге салынған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Археологтердің ұзақ жылғы еңбегі арқасында бұрыннан бүгінге жеткен Шірік-Рабаттағы сақ жауынгері мен Сығанақ ханшайымының алтындатқан

мүсіндері жасалып, облыстық музейдің құнды мұрасына айналды.

– Алда тарихшылардың ғылыми негіздемелері мен археологиялық қазба нәтижелеріне сүйеніп, алтын киімді «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары жасалады. Сонымен қатар, осы күнге дейін шетелдерде сақталған біздің өңірге қатысты жәдігерлердің көшірмелері ел назарына ұсынылатын болады. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, сапалы дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде «Руханият жылы» бастау алады. Жыл

аясында тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жұртшылық соңғы жылдары бұл салада үзіліп қалған үрдістердің қайта жалғасқанын да жақсылыққа балап отыр. Мысалы, былтыр он жыл бұрынғы бастама қайта жаңғырып, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне «Тұран» сыйлығы табысталды. Облыс тарихында тұңғыш рет 50-ден аса кәсіби музыканттан жасақталған симфония оркестрі құрылды. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған инклюзивті театр үйірмесі жұмысын бастады. Өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылған қалалық «Жастар театры» Сырда сахна өнерін өрістетуде жаңа леп егеді.

Өткен жыл түйінделер тұста елордада Қызылорда облысының мәдениет

және өнер күндері өтті. Астана жұрты Сыр өнерпаздарының шығармашылығына ерекше ықылас білдіріп, оң баға берді. Алда осындай мәдени шара Алматы қаласында ұйымдастырылады.

Жақын күндері 1000 орындық Өнер орталығы қызметін бастайды, Жыраулар үйі ашылады. Барлық ауданда неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орын тебетін «Руханият» орталықтары салынады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» бой көтереді.

Соңғы жылдары халық жиі қоныстана бастаған сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі салынатыны да Сыр руханиятындағы серпінді жаңалық болып отыр.

ҚЫЗЫЛОРДА

МІНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Біртүрлі көрме

Кез келген елде дәстүрлі сурет галереялары мен сәулет ескерткіштерінен бөлек көрген адамды таң-тамаша қылатын ерекше көрмелер бар. Ерекшелері ғана ұмытылмас экспонатқа айналып жатады. Соның бірегейі – «Телефон қойлар» көрмесі.

Елігімай ТӨНКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Немістің өнер теоретигі Фридрих Шеллинг «мүсін – таста қатып қалған әуен» дейді. Көрмені де затқа қонған үн немесе ой десек болады. Суретші Жан Люк Корне ескі қалалық телефондарға ұлы өнердің қасиетін қондыра білді. Ол «Телефон қойлар» деген көрме ұйымдастырып, көрген жанға ерекше сезім сыйлады. Суретші өзгеше «қойларды» телефон кәбілдерінен және ескі телефондардан жасап шығарған.

Көрме жансыз затқа тіл бітіре алуымен ерекшеленеді. Қарапайым дүниеден көрермен көзайымына айналған мүсін технологияның қаншалықты жылдам дамып келе жатқанын және ескі заттарды қалай тиімді пайдалануға болатынын көрсетеді.

Қазір сымы бар стационарлық телефондар қолданыстан шықты. Олардың барлығы дерлік Қытайға қайта өңдеуге кетті, бірақ кейбірі ерекше француз суретшісі Жан Люк Корненің қолына түсті. Франкфурттағы байланыс мұражайындағы көрме өнертанушылар тарапынан «біртүрлі көрме» деген баға алған. 32 басы бар түрлі-түсті қойлар көрмесі үнемі жанарып



тұрады. Олардың аяқтары телефон тұтқаларынан, бастары аппараттардың өзнен, ал қалың қой терісі бұралған сымдардан жасалған. Автор цифрлық дәуірде үдерістің қаншалықты жылдам жүретінін көрсеткісі келген.

Жаһан жылдам жаңарады, бір орында тұрмайды. Сәт сайын жаңа технологиялар пайда болып, ескілік есік табалдырығында қалып жатыр. Бірақ осы көрмедегі «қойлар» секілді, дүние өзгерсе де бір қалыпта тұра беретін өшпес, өлмес дүниелер тағы бар. Суретшінің айтқысы келгені де – осы.

ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген – Ермак ОМАР, «ЕФ»

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС		
Бас редактор Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ	Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҒҰЛЫ	Бөлім меңгерушілері
Бас редактордың бірінші орынбасары Владимир КУРЯТОВ	Бас редактордың орынбасарлары Талғат БАТЫРХАН, Баян ОДІПЖАН	Саясат және құқық Жомарт ОСПАН
Бас редактордың орынбасары Қымыр АХМЕТ	Жауапты хатшы Самат МҰСА	Экономика және өндіріс Қымбат ТОҚТАМПАТ
Бас редактордың орынбасары – Алматы баслымдарының жетекшісі Думан АНАШ	Шеф-редактор Амангелді ҚҰЯС	Өлеумет және спорт Орынбек ӨТЕМПАТ
Бас редактордың орынбасары Ерболат ҚАМЕН	Интернет-редакция жетекшісі Қуат ӨБЕССБАЙ	

МЕМШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Абай облысы – Сәтжан Қызылқанды Алматы облысы – Инфосы Исмаев Ақмола облысы – Байғали Байғали Атырау облысы – Жолдасбек Кішібайұлы Ақтөбе облысы – Баян Қуандыққызы Батыс Қазақстан облысы – Қабек Құттығалиұлы Жамбыл облысы – Тағай Мұрынтаев Жезқазған облысы – Мұхтар Күмбішев Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым Қостанай облысы – Нұржанат Құлбай Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай Маңғыстау облысы – Гулнәзім Дәуітбай Павлодар облысы – Мұрат Қалғалы Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самрат Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы Шымкент қаласы – Әнуар Жұмайбай Ұлытау облысы – Абдолла Дастан	тел.: 8 7005180379 тел.: 8 7471835704 тел.: 8 7755649883 тел.: 8 7760088003 тел.: 8 7014890223 тел.: 8 7475011901 тел.: 8 7755342282 тел.: 8 7753010129 тел.: 8 7785829696 тел.: 8 7475000024 тел.: 8 7016598089 тел.: 8 7020071776 тел.: 8 7051528557 тел.: 8 7026398400 тел.: 8 7026989198 тел.: 8 7056238817 тел.: 8 7763269888 тел.: 8 7773024679
---	--

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а	АНЫҚТАМА ҮШІН: Астана. АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87; Электронды пошта: info@egemen.kz Интернет-редакция: portal@egemen.kz Алматы: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87; Электронды пошта: almaty@egemen.kz МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ: Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, egemen_adv@mail.ru Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz
---	---

Индекс **65392**. Аптасына 6 рет шығады.
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің санына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесі көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта өсілме қою туралы №КЗ21VP00062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
КР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне талпырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 80 080 дана

Нөмірдің кезекші редакторы
Жадра МҰСІЛІМ

